Изучали влияние на процесс кислотно-сычужного свертывания молока частичной или полной замены в нем молочного жира растительным жиром.

Доза вносимого растительного жира составляла от 0 до 100 % от исходного молочного жира. Варианты опытных образцов с различным содержанием растительного (кукурузного масла) и молочного жира приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Варианты опытных образцов

Варианты опыта	Соотношение молочного и растительного жира, %	
	Молочный жир	Растительный жир (кукурузное масло)
Вариант 1 (контроль)	100	0
Вариант 2	80	20
Вариант 3	60	40
Вариант 4	40	60
Вариант 5	0	100

Во всех вариантах опыта количество молокосвертывающего фермента и бактериальной закваски было одинаковым: сычужный препарат 1,0 г на 100 кг смеси,

бактериальная закваска 3,0 %. Влияние жировой фазы молока на продолжительность кислотно-сычужного свертывания показано в таблице 2.

Таблица 2 – Продолжительность кислотно-сычужного свертывания молока с различным составом жировой фазы

Вариант опыта	Количество растительного жира в жировой фракции молока, %	Продолжительность кислотно-сычужного свертывания, мин.	Увеличение продолжительности кислотно-сычужного свертывания, %
Вариант 1 (контроль)	0	90	0,0
Вариант 2	20	93	3,3
Вариант 3	40	102	13,3
Вариант 4	60	112	24,4
Вариант 5	100	125	38,9

Замена в молоке молочного жира на растительный жир повлияла на продолжительность кислотно-сычужного свертывания. В варианте со 100 % молочного жира оно длилось 90 минут, а при полной его замене на растительный жир – 125 минут, то есть процесс свертывания продолжался дольше на 38,9 %. Скорость замедления в вариантах с частичной заменой молочного жира составляла следующие величины: при замене 20 % молочного жира – 3,3 %, при замене 40 % молочного жира – 13,3 %, а при замене 60 % молочного жира – 24,4 %.

Визуальная характеристика состояния получаемых сгустков и сыворотки приведены в таблице 3.

Таблица 3 – Характеристика кислотно-сычужных сгустков и сыворотки в зависимости от количества растительного жира (кукурузное масло) в молоке

Вариант опыта	Характеристика	
	Сгусток	Сыворотка
Вариант 1	Плотный	Зеленовато-желтая, прозрачная
Вариант 2	Плотный	Зеленовато-желтая, прозрачная
Вариант 3	Слегка слабый	Зеленовато-желтая, слегка мутная
Вариант 4	Слабый	Зеленовато-желтая, мутная
Вариант 5	Слабый	Зеленовато-желтая, мутная

Как показали результаты опыта замена молочного жира молока на растительный жир полностью (сравнение первого и пятого вариантов) привела к получению кислотно-сычужного сгустка с более слабой структурой.

Далее изучали способы внесения концентрата сывороточного белка, в виде натуральной пищевой добавки Simplex (микрочастицы правильной сферической формы размером 0,1-2 мкм), представляющей собой натуральный молочный ингредиент, образующийся в результате тепловой обработки концентрата сывороточных белков, и их влияние на выделение сыворотки из сгустка.

Концентрат сывороточного белка в виде натуральной пищевой добавки Simplex вводили в молочную смесь с растительным маслом в количестве 0,5; 1,0; 1,5%. Смесь подвергали тепловой обработке (пастеризация при температуре  $75 \pm 1^\circ\text{C}$ , выдержкой 20-25 с), охлаждали, вносили закваску, сычужный фермент сквашивали 6-8 часов при температуре 30-35°C. Полученный сгусток разрезали на кубики, подогревали до температуры 49-54°C и выдерживали 60 минут. В течение этого времени наблюдали за характером образования сгустка и скоростью отделения сыворотки.

Визуальное наблюдение за характером формирования сгустка, в зависимости от содержания белка, показало, что по мере повышения дозы вносимого концентрата сывороточного белка от 0,5 до 1% происходит уплотнение сгустка и лучшее отделение сыворотки. При внесении 0,2 и 0,3% концентрата сгусток был хлопьевидный, сыворотка плохо отделялась. При введении 1,5% концентрата сывороточного белка в виде натуральной пищевой добавки Simplex сгусток не формировался.

При этом изучали совместное влияние двух факторов (содержание заменителя молочного жира в жировой фракции молока и дозу используемого концентрата сывороточных белков Simplex вносимой в молочную смесь) на продолжительность кислотно-сычужного свертывания, количество выделившейся сыворотки и плотность сгустка.

Количество заменителя молочного жира в жировой фракции молока равнялось 20, 40 и 60 %, доза концентрата сывороточных белков Simplex составляла 0,5, 1,0 и 1,5 г на 100 кг перерабатываемой смеси. Полученные результаты приведены в таблице 4.

Таблица 4 – Результаты двухфакторного эксперимента по изучению кислотно-сычужного свертывания

Изучаемые факторы		Результаты	
Заменитель молочного жира (кукурузное масло), %	Доза концентрата сывороточных белков, %	Продолжительность, минут	Количество выделившейся сыворотки, %
20	0,5	95	55
20	1,0	110	65
20	1,5	120	58
40	0,5	105	45
40	1,0	120	52
40	1,5	135	55
60	0,5	130	45
60	1,0	145	56
60	1,5	160	65

При использовании 20% растительного жира продолжительность свертывания составляла 110 минут. Увеличение вносимого растительного жира до 60% привело к удлинению этого процесса на 35 минут и составило 145 минут.

Влияние изучаемых факторов на изменение максимальной величины продолжительности свертывания смеси имело следующую направленность: доза концентрата сывороточных белков – 1,5%, концентрация растительного жира – 60%.

Для минимальной величины продолжительности свертывания эти показатели составляли – 0,5 и 20% соответственно.

Анализ полученных данных показывает, что уровень максимальной плотности сгустка и активного выделения сыворотки зависел от количества растительного жира в жировой фракции молока на 20%, от дозы концентрата сывороточных белков на 1,0%.

Более активно синерезис происходил в сгустках, полученных из смеси, содержащей 20% растительного жира в жировой фракции смеси и 1,0% концентрата сывороточных белков. В данном варианте количество выделившейся сыворотки в среднем составляло 65%. При увеличении количества растительного жира синерезис замедлялся и средний показатель количества выделившейся сыворотки составлял 52% (для варианта с 40% растительного жира и 1,0% концентрата сывороточных белков) и 56% (для варианта с 60% растительного жира и 1,0% концентрата сывороточных белков).

Продолжительность кислотно-сычужного свертывания смеси возрастала с увеличением количества растительного жира в жировой фракции. Также увеличение

содержания растительного жира в жировой фракции от 0 до 100% привело к удлинению процесса обработки сырного зерна на 37,5%.

Из приведенных данных видно, что присутствие растительного жира в жировой фракции молока влияет на продолжительность кислотно-сычужного свертывания смеси и обработки сырного зерна, а именно, оба процесса замедляются с увеличением количества растительного жира.

#### Список литературы

1. Ковалева И.В., Сурай Н.М. Основные направления развития ассортимента отечественных сыров и сырных продуктов / И.В. Ковалева, Н.М. Сурай // Экономические науки. – 2015. – С. 102-106. DOI: 10.14258/izvasu(2015)2.1-20.
2. Свириденко Ю.Я., Мордвинова В.А. Инновационные импортозамещающие технологии натуральных сыров / Ю.Я. Свириденко, В.А. Мордвинова // Сыроделие и маслоделие. – 2014. – №6. – С. 10-12.
3. Романова Н.В., Иванова Е.В., Терентьев С.Е. Подбор закваски прямого внесения для твердых сыров / Н.В. Романова, Е.В. Иванова, С.Е. Терентьев // Вестник ВГУИТ. – 2020. – № 82(1). – С. 187-193. DOI:10.20914/2310-1202-2020-1-187-19.

FTAХР: 65.63.33

**А.К. Мустафаева, Р.Б. Салыкова**

«С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ., salykova.r.b@gmail.com

#### **ӨСІМДІК ТЕКТЕС ШИКІЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ОТЫРЫП, СҮТҚЫШҚЫЛДЫ ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі халық денсаулығының негізгі кепілі болып табылады, сондықтан азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты кез-келген мәселе әрқашан өзекті болып табылады. Ағзаның ақуызға, майларға, көмірсуларға, микро- және макроэлементтерге, дәрумендерге деген қажеттілігін белгілі бір тағам өнімдерінің жиынтығын күнделікті тұтынуы арқылы қанағаттандырылады. Сүтқышқылды өнімдер – ағзаның қажетті қоректік заттарға күнделікті қажеттілігінің барлығын дерлік қамтамасыз ететін әмбебап өнім. Оның құрамында жақсы сіңетін және сүйек тініне пайдалы кальций және басқа да макро және микроэлементтер бар. Сондай-ақ амин қышқылдарының барлық жиынтығы бар ақуыздарға және көптеген маңызды дәрумендер бай болып келеді. Сүтқышқылының әсерінен сүт казеиндері ұсақ үлпек түрінде ұйып, сүтқышқылды өнімдердің сіңімділігі артады. Сонымен, сүтқышқылды өнімдер адам ағзасына бір сағатта 90%, ал сүт 32% ғана сіңеді [1]

Қазіргі кезде қышқыл сүт өнімдерінің ассортименті алуан түрлі. Олар пайдаланатылатын таза бактериялық ұйытқылар түрлеріне және дайындау технологияларына баланысты ерекшеленеді. Қышқыл сүт өнімдері зат алмасу процесін жақсартады, асқазан сөлін бөледі және тәбетті жақсартатын болғандықтан балалардың, қарт адамдардың тамақтануында өте маңызды орын алады. Дұрыс тамақтанудың маңызды бөлігі – өсімдік шикізаты және сүтқышқылды өнімдерін күнделікті тұтыну болып табылады. Бұл тізімде ерекше орынды ең құнды қоректік, диеталық, емдік және профилактикалық қасиеттері бар өсімдіктер алады. Сүтқышқылды өнімдерге әртүрлі байытқыштар қосқан кезде қосылатын өнімдердің микроқұрылымдық, реологиялық сипаттамалары және байытқыш компоненттері мен сүт негізінің биологиялық үйлесімділігі ескерілуі тиіс [2, 3].

Қышқыл сүт өнімдердің негізгі ассортиментіне – айран, ряженка, простокваша, йогурт, варенец, ацидофильді сусындар, сүзбе, т.с.с. жатады.

Йогурт – жоғары сапалы сүт қышқылды өнім. Ол өте пайдалы, себебі оның құрамында басқа сүт қышқылды өнімдерге қарағанда ақуызы көп. Йогуртты жүйелі түрде қолдану ас қорыту жолын қалыпқа келтіруге, иммунитетті нығайтуға және жалпы әл-ауқатты жақсартуға көмектеседі.

Ол өз кезегінде салмақ жоғалтуға ықпал етеді, ас қорытуды қалыпқа келтіреді және терінің күйін жақсартады.

Йогурттың құрамында ағзаның толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті минералдар, белсенді тірі бактериялар, дәрумендер мен май қышқылдарының көп мөлшері бар. 1-ші кестеде йогурттың тағамдық құндылығы, 2-ші кестеде йогурттың химиялық құрамы көрсетілген.

Кесте 1 – Йогурттың тағамдық құндылығы

Тағамдық құндылығы	Құрамы (100 граммға)
Калория	68 ккал
Ақуыз	5 г
Майлар	3.2 г
Көмірсулар	3.5 г
Су	86.3 арт
Холестерин	9 мг
Органикалық қышқылдар	1.3 г

Кесте 2 – Йогурттың химиялық құрамы

Дәрумендер	Химиялық атауы	Құрамы (100 граммға)	Күнделікті қажеттіліктің пайызы
А дәрумені	ретинол эквиваленті	22 мкг	2%
Vitamin B1	Тиамин	0.04 мг	3%
Vitamin B2	рибофлавин	0.2 мг	11%
С дәрумені	аскорбин қышқылы	0.6 мг	1%
Е дәрумені	токоферол	0 мг	0%
В3 дәрумені (PP)	Ниацин	1.4 мг	7%
Vitamin B4	Холин	40 мг	8%
Vitamin B5	пантотен қышқылы	0.31 мг	6%
Vitamin B6	пиридоксин	0.05 мг	3%

Йогурт үшін шикізат ретінде табиғи сүт, құрғақ сүт және кілегей, тәттілендіргіш, хошистандіргіштер, джем, тосап, жеміс-жидектік шәрбаттар, қант және жеміс кесектері, болгар таяқшасы және термофильді стрептококк ұйытқылары пайдаланылады [4].

Бұл жұмыста сүтқышқылды өнімді өсімдік тектес шикізат, яғни жидемен байыту қарастырылды.

Өсімдік шикізатын пайдалану сүт өнімдерінің ассортиментін ғана кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды күнделікті тұтынған кезде денсаулықты сақтауға және жақсартуға көмектесетін функционалды өнімге айналады. Өнім асқазан-ішек жолдарына оң әсер ету арқылы ағзаның жалпы жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді және барлық жастағы адамдарға тұтынуға ұсынылады.

Жиде ағашының жидектерінің құрамында С дәрумені, глюкоза, фруктоза, кальций, тритерперн гликозидтері, РР витаминдері, тритерпендер, кемпфенол, жүйке жүйесін тыныштандыратын магний, стеролдар мен кумариндер бар.

Жиде жидектерінің тағамдық құндылығы және химиялық құрамы 3-ші кестеде көрсетілген

Кесте 3 – Жиде жидектерінің химиялық құрамы

Қоректік заттар	100 г жемістегі мөлшері
С дәрумені	105 мг
А дәрумені	1144 МЕ
Е дәрумені	6 мг
В1 дәрумені	0,02 мг
В2 дәрумені	0,04 мг
В5 дәрумені	0,9 мг
Белсенді бетакаротин	30-40 мг
Темір	1,2 мг
Калий	305 мг
Кальций	55 мг
Магний	40 мг

Жиде-бұл дәмді жидек қана емес, сонымен қатар көптеген пайдалы қасиеттері бар құнды өнім. Ол бактерияға қарсы, қабынуға қарсы және диуретикалық қасиеттерге ие, иммундық жүйені нығайтуға және денені тазартуға көмектеседі. Сонымен қатар тамақ дайындауда және оны дәмді тағамдар мен сусындар жасау үшін қолдануға болады. Жиде жемістерінің қолдануға қарсы көрсетілімдер әлі күнге дейін анықталған жоқ. Олар асқазанның қышқылдығына да, қандағы қант деңгейіне де әсер етпейді. Жиденің жемістері гипотониялық адамдарға да зиян тигізбейді. Пайдалы қасиеттерінің арқасында жиде тағамның тағамдық құндылығын жақсартып, оны дәрумендер мен антиоксиданттармен байыта алады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Захаренко М.А. Исследование и разработка технологии функциональных кисломолочных продуктов: диссертация кандидата технических наук: 05.18.04. – Кемерово, 2010. – 143 с.: ил. РГБ ОД, 61 10-5/3235.
2. Мусина О.Н. Новые молочные продукты для здорового питания // Переработка молока. – 2016. – №1. – С. 12-14.
3. Шойнуу А.М. О полезных свойствах некоторых продуктов питания функционального назначения с использованием таежных дикоросов // Экология Южной Сибири и сопредельных территорий. – 2014. – Том 2. – 122 с.
4. Твой Питомец // Журнал о домашних животных <https://tvojpitomec.ru/faq/dzida-yagody-cto-eto-takoe>
5. Джида: таинственная ягода с уникальными свойствами и применением <https://yagodafruit.ru/stati/dzhida-tainstvennaya-yagoda-s-unikalnymi-svoystvami-i-primeneniem>

ҒТАХР: 65.59.29

**Л.М. Наматулла, К.К. Мамангали**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Астана қ., [lnamatullaeva01@mail.ru](mailto:lnamatullaeva01@mail.ru)

### **БАЛАЛАР ТАМАҒЫНА АРНАЛҒАН ЕШКІ ЖӘНЕ ТҮЙЕ ЕТІНЕН СОСИСКА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ**

Қазіргі уақытта барлық әлеуметтік-демографиялық халықтық топтардың ішінде балалар – ең маңызды және негізгі мемлекеттің назарын өзіне талап ететін топ болып табылады. Себебі, ұлттың, елдің дамуының негізгі көрсеткіші, әрине, балалардың дендерінің сау болуы, сондай ақ оларды сапалы, пайдалы әрі қауіпсіз тамақ өнімдермен қамтамасыз ету әрбір елдің басты міндеті болып табылады.

Жалпы Қазақстанның әлем елдері бойынша жер шарында орналасуы мен климаттық жағдайлардың ауылшаруашылығына тигізетін қолайлы әсеріне байланысты, біздің елімізде мал шаруашылығы, соның ішінде, ет өнімдері отандық азық-түліктің басты бөлігін құрайды.



Ет және еттен жасалған ет өнімдері – адам ағзасы үшін ақуыздардың басты құнды негізі болып табылады. Жеңіл сіңетін ақуыздардың негізгі бөлігі бұлшықет ұлпасында жинақталған. Ет ақуыздары толық құнды ақуыздар болып табылады, себебі оның құрамында 14-23% ақуыздар кездеседі. Ал балалар тамағында ол ең негізгі әрі маңызды тамақ ассортименті. Ет өнімдеріндегі маңызды аминқышқылдары менен ақуыздың көптеп кездесуі балалар ағзасының қарқынды өсуі мен дамуына зор үлесін қосады. Нутрициолог мамандардың айтуы бойынша және де мемлекеттік стандарттық талапқа сәйкес, балалар ағзасында ет өнімдерін 6-7 айлықтан бастап аз мөлшерде тұтынуға болады. Ал сосиска өнімдері мен пісірілген шұжықтарды 3 жастан бастап (МЕМСТ 32887-2014) ағзаға қажетті, жеткілікті мөлшерде қолдануға болатындығы айтылған. Біздегі диссертация тақырыбы бойынша, балалар тамағына арналған ешкі және түйе етінен жасалған сосиска – жалпы ет өнімдері бойынша салыстырмалы түрде қарасақ, ешкі және түйе еті басқа еттерге қарағанда, ақуыздарға бай, тез әрі жеңіл сіңімділігі бойынша ерекшеленеді [1].

Ешкі еті – диеталық ет, өйткені оның құрамында май көрсеткіштері аз мөлшерде кездеседі, сол себептенде балалар тамағында қолдануға бірден-бір тиімді. Ешкі еті басқа қызыл еттердің түрлеріне қарағанда бірқатар маңызды артықшылықтарымен ерекшеленеді, мысалы: бай аминқышқылдары, минералды құрамы, қанықпаған майлардың көп мөлшерде кездесуі. Сондай ақ ешкі еті оңай сіңімді және гипоаллергенді, сол себептенде ешкі етін тамақ өндірісінде функционалды тамақтану үшін қолданылады.

Түйе еті – басқа еттерге қарағанда тәттірек әрі жеңілірек болып келеді, оның себебі түйе етінің құрамындағы гликогеннің көптеп кездесуі. Түйе еті түсі, консистенциясы және сыртқы түрі бойынша сиыр етіне ұқсас. Түйе етіндегі бұлшықет аралық май етке мәрмәр және жылтыр тәрізді көрініс береді.

Кесте 1 – Ешкі және түйе етінің 100 грамм өнімдегі физико-химиялық көрсеткіштері.

Еттің түрі	Ақуыздар, гр	Майлар, гр	Күлділігі, гр	Су, гр	Калориясы, гр
Ешкі еті	23	2,6	1,1	68,2	122
Түйе еті	18,9	9,4	1	70,7	160,2

1 кестеде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, ешкі және түйе етінің шикізат құрамын толық бағалау үшін ең маңызды минералдар мен дәрумендердің концентрациясы 2 кестеде көрсетіледі.

Кесте 2 – Ешкі және түйе етінің 100 грамм өнімдегі дәрумендер мен минералдардың концентрациясы, мг/100 г

Көрсеткіштері	Мөлшері, мг/100 г	
	Ешкі еті	Түйе еті
Калий	405	238
Натрий	82	84
Кальций	201	12,4
Мыс	0,3	0,04
Мырыш	4	2,2
Темір	3,73	1,5
Дәрумендер		
B <sub>1</sub>	0,09	0,11
B <sub>2</sub>	0,61	0,18
PP	3,95	2,3

Қазіргі уақытта ет өнеркәсібінде өнімнің тек органолептикалық көрсеткіштерін жақсартып қана қоймай, сонымен қатар олардың өнімділігін де арттыруда. Ал балалар тағамында дайындалатын өнімді тек дәмді етіп қана қоймай, оны кішкентай тұтынушыға пайдалы етіп ұсыну [2].

МЕМСТ 31498-2012«Балалар тамағына арналған қайнатылған шұжық өнімдері. Техникалық шарттар»бойынша, балалар тамағына арналған сосиска өнімдері органолептикалық көрсеткіштерге (сыртқы түрі, консистенциясы, кесілген жері, пішіні мен өлшемі, балаларға сосисканың ұзындығы 5-тен 11 см-ге дейін және диаметрі 14-тен 32 мм-ге дейін болуы керек), тағамдық құндылығы (ақуыз,май), тұз құрамына натрий нитриті, ылғалдылығы, фосфор, минералды және дәрумендер, сондай-ақ микробиологиялық және гигиеналық көрсеткіштер кіреді [3].

Балалар тамағына арналған ешкі және түйе етінен сосиска дайындауда қолданылатын ет – дені сау малдан алынуы керек және сапасы жоғары жас малдың еті болуы тиіс. Еттің сапасы ветеринарлық-санитариялық тексеруден өтіп, жоғары сұрыпты еттен жасалады. Балалар тамағына арналғансосиска өнімін дайындауда негізгі шикізат: ешкі және түйе еті болса, қосымша шикізаттарға тұздық заттар мен су қосылады. Сосисканы фаршараластырғышта біртекті нормаға келгенше араластырып, шприцтеу процесі арқылы арнайы батон формада жасанды қабықтарға салынады. Термиялық өңдеу процесі 70-85°С температурада 40-140 минут ұсталады. Термиялық өңдеуден кейін 10-15°С температурада15 минут ішінде салқындатылады. Дайындалған сосискаларды тоңазытылған арнайы камераларда 8°С температурада және 60-75% ылғалдылықта аспалы күйде 48-72 сағат сақтайды. Сонымен қатар сосисканы қаптайтын қабық – өнімді ластанудан, артық кебуден және сақтау мезгілінде еттің сапасын төмендемеуін қамтамасыз етеді.

Балалар тамағына арналған ешкі және түйе етінен жасалған сосиска өнімдері – тағамдық құндылығы жоғары және майдың массалық үлесі төмен мөлшерде, жоғары ылғалдың массалық үлесіне тән, диеталық мақсатта гипоаллергенді шикізат ретінде сипатталады. Жоғары сапада дайындалатынсосиска өнімі – біздің кішкентай тұтынушыларымыздың денсаулығы мен әл-ауқатының деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қажығалиева Н.Ж., Шекенов Е.Ш. Ет және ет өнімдерін өңдеу технологиясы. – 2012. – 303 с.
2. Таева А.М., Узаков Я.М. Исследование пищевой ценности верблюжьего мяса как сырья для производства функциональных продуктов / А.М. Таева, Я.М. Узаков // Международный научно-исследовательский журнал. – 2016. – №9-2(51).
3. Мясной эксперт (онлайн сайт) 24.04.2016 <https://meat-expert.ru/forums/profile/9221-redaktor>.

ҒТАХР: 65.33.29

**А.Е. Сабыр, С.А. Карденов, С.Д. Токаев, А.К. Игенбаев**

«С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ., aizhan.sabyr00@mail.ru, serik.69@mail.ru,  
tokaev\_sd@mail.ru., aidyn\_mamut@mail.ru.

#### **АҚҚАЙЫННЫҢ ҚАБЫҒЫНАН БЕЛСЕНДІ ТРИТЕРПЕНОИДТАРДЫ АЛУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Қайың – әртүрлі өнеркәсіп салаларына қажетті бағалы шикізат, оның барлық бөліктері бүршіктері, бұтақтары, жапырақтары, шырыны, әсіресе қабы-ғы дәрі-дәрмек және тамақ өндірісінде кеңінен қолданылады.

Қайың тұқымдасына көптеген ғылыми зерттеулер жасалған, бірақ бұл өсімдіктер мен олардың өңделген өнімдерінің көптеген ашылмаған немесе толық зерттелмеген қасиеттері бар. Отандық шикізаттың орасан зор қоры мен оның биологиялық қасиеттерін зерттеу бойынша жүйелі жұмыстардың аз санының үйлесімі экстрактивті заттар кешенінің қасиеттерін, олардың физикахимиялық сипаттамаларын зерттеуді жалғастыруға мүмкіндік береді.

Қайың қабығы бір-бірінен химиялық құрамы жағынан айтарлықтай ерекшеленетін және атқаратын қызметі мен құрылысы әртүрлі екі бөліктен: сыртқы қабаттан және ішкі қабаттан тұрады. Қабықтың ішкі бөлігінде целлюлоза мөлшері 19,3-тен 25,2%-ға дейін, лигнин 24,7-ден 37,9%-ға дейін, жеңіл гидролизденетін полисахаридтер 18,1-ден 26,9%-ға дейін, гидролизденуі қиын полисахаридтер 17,1-ден 22,8%-ға дейін өзгереді. Қайыңның сыртқы қабатында 9-дан 12%-ға дейін танин және 6,5%-ға дейін қант бар [1]. Қайың қабығы ағашты зақымданудан сақтайтын тығын ұлпасымен қапталған. Тығын жасушаларының қабырғалары жұқа және ол үш қабаттан құралады: ішкі қабаты негізінен лигниннен, сыртқы қабаты лигниден тұрады ал ортаңғы қабаты қайың қабығына ақ түс беретін бетулин тектес тритерпендерден құралған. Қайың қабығында бетулинмен қатар оның әртүрлі туындылары кездеседі, атап айтқанда бетулонды қышқылдар, бетулинді қышқылдар, бетулин альдегиді т.б.бар.

Бетулин лупан тобына жататын тритерпен спирт (тұтқұр дәмі бар иіссіз ақ түсті).

Қайың қабығындағы бетулиннің мөлшері қайың түріне, өсу аймағына және қабықты жинау маусымына байланысты 10-нан 40%-ға дейін өзгереді қабықтың жалпы сығындысында бетулиннің үлесі шамамен 70% құрайды.

Бетулиннің негізгі ілеспе компоненті лупеол, оның жалпы сығындыдағы мөлшері шамамен 3%.

Қайың қабығының негізгі химиялық құрамдастары – нақты экстрактивті заттар (органикалық еріткіштермен алынатын заттар), суберин (тұрақты емес құрылымды полиестерид), лигнин және полисахаридтер. Сонымен қатар ақ қайыңның қабығында бетулин, бетулол, эфир майы, флавоноидтар және таниндер сияқты әртүрлі химиялық қосылыстар бар.

Бетулиннің тұрақты серігі – лупеол. Оның белсенді цитостатикалық агент екені анықталды. Лупеолдың адам лейкоцитарлық эластазасына күшті тежегіш әсері сипатталған. Сондай-ақ лупеол адамның лейкоз жасушаларында өсуді басатын қасиеттерге ие екендігі дәлелденді. Лупеол бүйректегі тіннің зақымдануын болдырмау арқылы бүйрек тастарының пайда болу қаупін азайтады.

Суберин (латын тілінен *suber* – тығын ағашы) – бұл атауды 1836 жылы Бусигнол *Quercus suber* тығынынан алкогольдік сілтімен алынған заттарға берген. Бұл сөз әлі күнге дейін тығында немесе қайың қабығында кездесетін затты да, олардан алынған қышқылдарды да сипаттау үшін қолданылады [2].

Бетулин алудың белгілі әдістерін екіге бөлуге болады: Бірінші әдіс қайың қабығын әртүрлі спирттермен экстрактілеуге негізделген Бетулин алудың екінші әдісіне сілтілі қайың қабығының гидролизі және одан кейін спирттермен экстракциялау жатады. Максималды бетулиннің шығуына тек процесс толық сілтілі ортада болған кезде қол жеткізіледі. Ұнтақталған қайың қабығының гидролизі (1-3 мм), гидролиздің ұзақтығы 6-8 сағатқа дейін созылады.

### **Ақ қайың қабығынан лупан тобына жататын тритерпеноидтары бар экстрактіні бөліп алудың технологиясы**

Ақ қайың қабығынан сығындыны бөліп алу үшін зертханада экстракция хромотография және бағаналы хромотография жұмыстары жүргізілді.

Этанолды экстракция тәсілі

Экстракция үшін 20 г қайың қабығы және 70% этил спирті өлшенді, экстракция 3 сағат бойы экстрактордың көмегімен жүргізілді. Осыдан кейін алынған этанол сығындысының қоспасы сүзіліп, сарғыш сұр түсті тұнба алынды.

Бағаналы хромотография әдісі

Бұл тәжірибе үшін биіктігі 70 см және диаметрі 2,5 см баған пайдаланылды. Сорбент ретінде түйіршік мөлшері 100/50 кремний гелі қолданылды. Силикагельді алдымен хлороформмен араластырды, біртекті суспензияларды алғаннан кейін колонканы осы ерітіндімен толтырды. Осы бағананы дайындағаннан кейін 1:3 қатынасында бұрын алынған сығындыны бөлек араластырып, хлороформ қостық. 1-7 элюент алынды. Метанол мөлшерін

біртіндеп арттыру арқылы еріткіштің полярлығы өзгерді. Қосымша 8-27 элюент алды. Хроматография арқылы сығындының құрамы анықталды.

Аталған қосылыстар биологиялық белсенді заттар қатарына жатады. Осы-ған сәйкес бұл қосылыстарды экстрактивті субстанция (тағамдыққоспа) ретінде тамақ өнеркәсібінде қолдануға болады. Ең алғаш аққайын сығындысын нан-тоқаш өндірісінде пайдаланған. Диабеттің жеңіл түріне шалдыққан адамдар ақ қайын сығындысы бар нан тоқаш өнімдерін тұрақты пайдаланудың нәтижесінде сырқатынан жазылған [3].

Ресей ауыл шаруашылығы академиясының нан пісіру өнеркәсібі мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтында бидай ұнынан нан өнімдерін дайындауда «Бетулин бар қайың қабығы сығындысының» (БЭБ) технологиялық қасиеттерін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында ұнның сапалық көрсеткіштеріне, технологиялық процесс параметрлеріне, әртүрлі технологияларды қолдану арқылы дайындалған нан, нан-тоқаш және кондитер өнімдерінің сапасына, сақтау кезінде нанның балғындығын сақтау дәрежесіне және т.б., БЭБ әртүрлі мөлшерлерінің әсері анықталды.

Ағзаның мүшелері мен функционалдық жүйелеріне және қасиеттеріне оң (функционалдық) әсер ететін арнайы іріктеліп алынған табиғи заттарды тағам құрамына енгізу идеясы функционалды тамақ өнімдерін дамыту үшін теориялық негіз болды. Бұл өсімдік заттары бастапқы зат алмасуға қатыспайды және адам ағзасына қоректік әсер етпейді. Дегенмен, олар организмнің жұмысын қамтамасыз ететін өмірлік маңызды биохимиялық процестерге қатысады.

Ресейдегі Вилар зертханасында биотест жүйелерін қолданатын басқа тәжірибелер қайың қабығы сығындысының бауырдың функционалдық жұмысына оң әсер ететінін растады. Құрамында бетулин бар сығынды бауыр жасушаларының (гепатоциттер) улы заттармен зақымданған мембранасының терең қабаттарына еніп, оның өткізгіштігін қалпына келтіреді, ферменттер жүйесін белсендіреді және осылайша бауыр жасушаларының өмір сүруіне және интоксикацияны жеңуге көмектеседі. Бетулин бар сығындының ең маңызды қасиеттерінің бірі оның антимутагендік белсенділігі болып табылады. Қоршаған ортада тұқым қуалайтын аппараттың өзгерістерін тудыратын химиялық заттар – мутагендер саны орасан зор қарқынмен өсуде. Олар шикізатты термиялық өңдеу кезінде және тікелей организмде бірқатар аурулардың (қант диабеті, гепатит, аутоиммундық аурулар және т.б.), эмоционалды күйзеліспен, қартаюмен және зиянды әдеттердің болуымен (темекі шегу) түзіледі. Тұқым қуалаушылыққа кері әсерін антимутаген-дер, адам жасушаларының мутагендік әсерлерге төзімділігін арттыратын заттардың көмегімен жоюға болады. Антимутагендік профилактика әсіресе ластанған және экологиялық қолайсыз аймақтарда, техногендік апат аймақтарында тұратын халық үшін, сондай-ақ ықтимал қауіпті объектілерде жұмыс істейтін адамдардың арнайы контингенттері үшін маңызды. Осындай функционалды азық-түлік өнімдерін жасау кезінде жапондық тәжірибе нұсқаулық бола алады. Бұл елде өмір сүру ұзақтығы мен халықтың белсенді белсенділігінің ұзақтығы бойынша көшбасшы, антимутагендер негізіндегі функционалды тамақ өнімдерін пайдалану бұрыннан қалыптасқан тәжірибе болып табылады.

Сығынды қолданудың қауіпсіздігі В.В. Закусов атындағы Ресей медицина ғылымдары академиясының Фармакология ғылыми-зерттеу институтының дәрілік токсикология зертханасында жаңа фармакологиялық заттарға қойылатын талаптарға сәйкес дәлелденді. Экстракт жалпы токсикалық әсер етпейді, иммуноуытты емес, мутагенді емес, репродуктивті уыттылық пен аллергиялық қасиетке ие емес. Сол зертханада қабынуға қарсы қасиеттері мен ашық антиаллергиялық әсерлері расталды.

В.В. Закусов атындағы фармакология институтында жүргізілген зерттеу-лер қайың қабығының сығындысының жоғары антимутагендік белсенділігін көрсетті, ол хромосомалар мен гендердегі мутациялардың санын, организмдегі тұқым қуалайтын өзгерістердің жиілігін азайта алады. Тәжірибеде химиялық мутагендерге қарсы антимутагендік қорғаныс 60%-дан жоғары болды.

2004 жылы Бетулинді тұтынудың барабар нормалары биологиялық белсенді заттар бойынша Ресей Федерациясының бас санитарлық дәрігері бекіткен Әдістемелік ұсыныстарға енгізілген. Бетулин үшін адекватты тұтыну нормасы тәулігіне 40 мг-ден 80 мг-ға дейін [4].

Азық-түлік өнімдеріне «Құрамында бетулин бар қайың қабығы сығындысын» енгізу функционалды тамақ өнімдерін жасауға және оларды аурулардың алдын алу немесе азайту, физикалық және психикалық денсаулықты жақсарту үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Бетулин қоспасы бар функционалды тағамдар асқазан-ішек жолдарының аурулары мен атеросклероз белгілері бар орта жастағы және егде жастағы адамдарға өте пайдалы. Құрамында бетулин қоспасы бар тағамды күнделікті пайдалану адам ағзасына емдік және профилактикалық әсер етеді, семіздіктен, асқазан, бауыр және өт қабы, ұйқы безі ауруларынан қорғайды, қандағы және тіндердегі холестеринді төмендетеді, қатерлі ісік ауыруларының алдың алады. АҚШ пен Жапония ғалымдары бетулиннің өзі мен оның туындыларының меланомаға қарсы белсенділігін дәлелдеді. Қазіргі таңда бетулиннің антисептикалығы және жараларды емдейтін қасиеттері, ісік ауыруларына қарсы қасиеттері дәлелденген. Бетулин туберкулез бактерияларының дамуын тежеуге қабілетті. Сонымен қатар тағамға бетулин қоспасын енгізу өнімнің сапасын жақсартады, кейбір өнімдердің қышқылдылығын төмендетіп өнімнің сақтау мерзімін ұзартады [5].

Ғылыми мақаланы қортындылай келе өсімдік шикізатынан алынатын дәрілік препараттар мен тағамдық қоспалардың синтетикалық аналогтарға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие екенін байқауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Абышев А.З., Агаев Э.М., Гусейнов А.Б. Исследование химического состава экстракта коры березы Cortex Betula сем. Betulaceae / А.З. Абышев, Э.М. Агаев, А.Б. Гусейнов // Химико-фармацевтический журнал. – 2007. – Т. 41. – № 8. – С. 22-26.
2. Научный журнал Angewandte Chemie – International Edition. – 2020. – 548 p.
3. John Wiley & Sons <https://scopus.com/sourceid/22687>.
4. Толстикова Г.А., Флехтер О.Б., Шульц Е.Е. Бетулин и его производные / Г.А. Толстикова, О.Б. Флехтер, Е.Е. Шульц и др. // Химия в интересах устойчивого развития. – 2005. – № 13. – С. 1-30.
5. Бетулинсодержащий экстракт бересты в составе биологически активных добавок и пищевых продуктов (kaspiko.com)
6. Кузнецова С.А., Титова Н.М., Калачева Г.С. Изучение состава и антиоксидантных свойств гексанового и этанольного экстрактов бересты / С.А. Кузнецова, Н.М. Титова, Г.С. Калачева и др. // Вестник Красноярского государственного университета, Естественные науки. – 2005. – № 2. – С. 113-118.

ГТАХР: 65.59.31

**Д.А. Салықова, А.К. Игенбаев, Ж.С. Ажгереева**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ., [d\\_salykova@mail.ru](mailto:d_salykova@mail.ru)

#### **ПОЛИҚАНЫҚПАҒАН МАЙ ҚЫШҚЫЛДАРЫ ЖОҒАРЫЛАТЫЛҒАН ЖАРТЫЛАЙ ЫСТАЛҒАН ШҰЖЫҚ ӨНІМІНІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ**

Қазіргі отандық және шетелдік зерттеулер диета денсаулық пен өмір сапасын айтарлықтай жақсарта алатынын дәлелдейді. Шикізат пен өңдеу технологиясының ерекшелігі етті ең маңызды азық-түлік өнімдерінің біріне айналдырды [1]. Ал табиғатта бізге бірінші кезекте қажет заттардың бірі полиқанықпаған май қышқылдары еттің құрамында көптеп кездеседі. Адам ағзасы бұл заттарды өздігінен шығара алмайды. Сондықтан сарапшылар олардың ағзадағы жеткілікті мөлшеріне ерекше назар аударуды ұсынады.

Жалпы полиқанықпаған май қышқылдары – көміртегі атомдары арасында бірнеше коваленттік байланысы бар қанықпаған май қышқылдарының тобы болып табылады. Олар қандағы холестерин деңгейін төмендетуге, қан қысымын қалыпқа келтіруге, ағзадағы қабыну процестерін бейтараптандыруға, тромбоздың алдын алуға, кейбір тері ауруларын емдеуге, (мысалы, безеу), организмде толыққанды жасушалық мембраналардың құрылысына, денеде қаныққан майларды ыдырата отырып салмақ тастауға көмектеседі.

Жартылай ысталған шұжықтар құрамында май құрамдас бөлігі мен натрийдің жоғары мөлшері бар ет өнімдері екені белгілі. Дегенмен, олар тұтынушылар арасында өте танымал. Нәтижесінде отандық ет өнеркәсібі оларды көп мөлшерде және асортиментте өндіреді [2]. Жартылай ысталған шұжықтар қуырылған, пісірілген және ысталған ұсақталған ет шикізатынан дайындалады. Қарапайым өндіріс технологиясы, сондай-ақ олардың сыртқы түрі мен сенсорлық көрсеткіштері жартылай ысталған шұжықтарды тағамдық және биологиялық құндылықты қалыптастыруға жарамды етеді.

Алайда, заманауи ысталған шұжықтың пайдасы даулы мәселе болып табылады. Осы құрамындағы заттар қант диабетінің, қатерлі ісіктің, семіздіктің, жүрек, бүйрек, бауыр ауруларының дамуына, холестериннің артуына себеп болуы мүмкін. Бұл өнім өт шығару жолдары мен асқазан-ішек жолдарының аурулары кезінде аса қауіпті.

Сапасы және тағамдық құндылығы жақсартылған жартылай ысталған шұжықтардың жаңа технологиясын жасау кезінде майлы компонентті таңдау және негіздеу өте маңызды. Май құрамдас бөлігі, оның түрі мен мөлшері майдың биологиялық құндылығы мен сіңімділігін төмендетуі мүмкін, ал қанықпаған қышқылдардың көп мөлшері термиялық өңдеу және сақтау кезінде тотығу қаупін арттырады.

Жартылай ысталған шұжықтардағы май құрамдас бөлігін отандық және шетелдік зерттеулер майдың массалық үлесін азайтудың және май қышқылдарының құрамын жақсартудың әртүрлі әдістерін көрсетеді. Әдетте, ғалымдар екі шешім ұсынады. Бірінші шешім – төмен калориялы ингредиенттерді пайдалану. Екінші шешім – жануар майын жоғары қанықпаған өсімдік майларымен немесе өсімдік тектес майлы шикізатпен алмастыру. Екінші тәсіл тиімдірек, өйткені май ет өнімдерінің пластикалық консистенциясын және хош иісті қасиеттерін қалыптастыруға қатысады.

Біз жүргізетін жұмыстың мақсаты – полиқанықпаған май қышқылдары құрамы жоғарылатылған жартылай ысталған шұжық өнімінің технологиясын жетілдіру.

Жұмыс барысында өнім құрамында болатын полиқанықпаған май қышқылын жоғарылату үшін «олеогельді» қолдануды ұсынамыз. Себебі, «олеогель» тамақ өнімдеріндегі қаныққан және транс май қышқылдарының үлесін азайтуға үлес қосады.

Олеогель құрылымдық заттардың тағамдық майларда өздігінен реттелу қабілетінің нәтижесінде түзіледі. Соның арқасында қаныққан және транс изомерлі қышқылдары бар триглицеридтер болып табылатын қатты майларды қоспай-ақ қанықпаған сұйық майлар бөлме температурасында консистенциясы жартылай қатты күйде қалу мүмкіндігіне ие [3].

Ет өнімдерінің технологиясында әртүрлі өсімдік майлары мен құрылым түзуші агенттердің негізіндегі олеогельдерді рецептураға енгізу органолептикалық және реологиялық көрсеткіштерін, сонымен қатар тотығуға төзімділігін өзгерте отырып, дайын өнімнің май қышқылдарын өзгертуге мүмкіндік береді. Бақылау өніміндегі шұжықтағы майдың жалпы мөлшерінің 10%-ға дейін олеогельге ауыстыру май қышқылдарының құрамын жақсартады және дәстүрлі өніммен салыстырғанда текстурасы мен органолептикалық көрсеткіштерінің өзгеруіне әкелмейді [4].

Соңғы уақытта омега-3 полиқанықпаған майқышқылын қолдану бойынша зерттеулер жүргізіліп, мақалалар жариялануда [5-7]. Ол жасуша мембраналарының сұйықтығын арттырады, осылайша тіндердің инсулинге сезімталдығын арттырады. Осыған байланысты 1 және 2 типті қант диабетінің алдын алу және емдеуде қолданылады. Сондай-ақ омега-3 майқышқылы: май алмасуды қоса алғанда, метаболикалық процестерді қалыпқа келтіреді; иммунитетті арттырады; аллергиялық реакциялардың пайда болуын төмендетеді; буын қабынуларымен күреседі; жасушалардың онкологиялық мутациясына кедергі келтіреді;

терінің, шашының, тырнағының жақсы күйін сақтауға көмектеседі; қан тамырлары қабырғаларының икемділігін қалпына келтіреді; жүрек қызметіндегі ақаулар болудың алдын алады; көру өткірлігін қолдайды; мерзімінен бұрын қартаюдың алдын алады; қысымды реттейді; жараның (оның ішінде асқазандағы немесе он екі жақ ішектегі жара өзгерістері кезінде) қалпына келуін жеделдетеді [8].

Осы орайда зерттеу жұмысын ары қарай дамыту мақсатында әзірленген технология бойынша жасалған өнім үлгілері ЖШС «Нутритест» сынақ зертханасына тексеріске жіберіліп, төмендегідей қорытындылар алынды.

Кесте 1 – ЖШС «Нутритест» сынақ зертханасына тексеріске жіберілген шұжық үлгісінің нәтижелері

Көрсеткіштер атауы, өлшем бірліктері	Іс жүзінде алынды (7%)	Іс жүзінде алынды (5%)	Іс жүзінде алынды (бақылау үлгісі)
<b>Май қышқылының құрамы, г/100 г:</b>			
<b>Қаныққан май қышқылдары:</b>			
C <sub>14:0</sub> миристин қышқылы	1,16	0,86	0,45
C <sub>16:0</sub> пальмитин қышқылы	5,10	2,05	1,74
C <sub>18:0</sub> стеарин қышқылы	3,37	1,85	0,63
<b>Моноқанықпаған май қышқылдары:</b>			
C <sub>16:1</sub> пальмитолеин қышқылы	1,09	0,78	0,79
C <sub>18:1</sub> олеин қышқылы	0,32	0,06	0,06
C <sub>20:1</sub> эйкозен қышқылы	1,19	-	-
<b>Полиқанықпаған май қышқылдары:</b>			
(Omega-6) C <sub>18:2</sub> линол қышқылы	2,85	0,33	0,69
(Omega-3) C <sub>18:3</sub> линолен қышқылы	1,15	0,29	1,74
C <sub>20:2</sub> эйкозодиен қышқылы	1,48	-	-
<b>Май қышқылдарының трансизомерлері:</b>			
C <sub>18:1</sub> (Trans-9) олеин қышқылы	3,30	1,20	0,91
C <sub>16:1</sub> (Trans-9) Пальмитолеин қышқылы	0,17	0,42	0,26
<b>МҚ трансизомерлерінің қосындысы</b>	<b>3,47</b>	<b>1,62</b>	<b>1,17</b>

Жоғарыда келтірілген бақылау үлгісі мен 5%, 7% олеогель қосылаған шұжық үлгілерін зерттеу нәтижелері МВИ.МН 1364-2000 әдісі арқылы алынды. Бұл әдіс ақпаратты тіркеу, өңдеу және сақтаудың компьютерлік жүйесін қолдана отырып, жоғары тиімді сұйық хроматография арқылы тағамдағы аминқышқылдарының концентрациясын анықтауға арналған. Зерттеу қорытындысы бақылау және басқа да үлгілерге қарағанда олеогельдің 5 және 7% қосылған үлгілерінің полиқанықпаған май қышқылдық құрамы сәйкесінше 3,30 және 1,20 жоғарлағанын көруге болады. Бұл дегенміз, жартылай ысталған шұжық құрамындағы линол, линолен және эйкозодиен полиқанықпаған майқышқылдарын жоғарылату өнімнің адам ағзасына зиянын тежеп, едәуір оң нәтижелер беретіндігін көрсетеді.

Жалпылай алғанда жартылай ысталған шұжық өнімінің пайдасын арттыру мақсатында, әрі адам ағзасына полиқанықпаған май қышқылдарының жеткілікті мөлшерін сіңіру үшін ғалымдар ұсынған жануартектес майлардың тиімді екеніне көз жеткіздік.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Kozyrev I.V., Mittelshtein T.M., Pchelkina V.A. Marbled beef quality grades under various ageing conditions / I.V. Kozyrev, T.M. Mittelshtein, V.A. Pchelkina et al. // Foods and Raw Materials. – 2018. – № 2.
2. Магазин исследований – BusinesStat. Анализ рынка колбасных изделий и мясных деликатесов в России в 2014-2018 гг., прогноз на 2019-2023 гг. в условиях санкций

[Электрондық ресурс] – URL: <https://marketing.rbc.ru/research/38824/> (қаралған уақыты – 02.03.2023).

3. Rogers M.A. Hansen solubility parameters as a tool in the quest for new edible oleogels / M.A. Rogers // J.Am. Oil Chem. Soc. – 2018. – № 95(4). – pp. 393-405.
4. Da Silva S.L., Amaral J.T., Ribeiro M. Fat replacement by oleogel rich in oleic acid and its impact on the technological, nutritional, oxidative, and sensory properties of Bologna-type sausages / S.L. Da Silva, J.T. Amaral, M. Ribeiro // Meat Sci. – 2019. – № 149. – pp.141-148.
5. Rodrigues Y., Christophe A.B. Long-chain  $\omega$ -6 polyunsaturated fatty acids in erythrocyte phospholipids are associated with insulin resistance in non-obese type 2 diabetics / Y. Rodrigues, A.B. Christophe // Clin. Chim. Acta. – 2005. – 195-199.
6. Decsi T., Szabo E., Kozari A. Polyunsaturated fatty acids in plasma lipids of diabetic children during and after diabetic ketoacidosis / T. Decsi, E. Szabo, A. Kozari // Acta Paediatr. – 2005. № 94(7). – 850855.
7. Stene L.C., Joner G. Norwegian Childhood Diabetes Study Group. Use of cod liver oil during the first year of life is associated with lower risk of childhood-onset type 1 diabetes: a large, population-based, case-control study / L.C. Stene Joner G. // Am. J. Clin. Nutr. – 2003. – № 78(6). – pp. 1128-1134.
8. Центр общественного здоровья и медицинской профилактики – Полезные жиры и жирные кислоты, польза Омега 3,6,9 [Электрондық ресурс] – URL: <https://profilaktika.ru/for-population/profilaktika-zabolevaniy/vse-o-pravilnom-pitanii/polza-omega-3-6-9/> (қаралған уақыты – 02.11.2023).

МРНТИ: 65.33.29

**А.И. Соловьева, Г.Е. Рысмухамбетова**

ФГБОУ ВО «Саратовский государственный университет генетики, биотехнологии и инженерии имени Н.И. Вавилова»,  
Российская Федерация, г. Саратов, profptp@mail.ru, aleksandra1351@gmail.com

## **К ВОПРОСУ О НУТРИЦИОЛОГИЧЕСКОМ СОСТАВЕ БЕЗГЛЮТЕНОВОГО ФОРМОВОГО ХЛЕБА**

Хлеб и продукты из зерновых исторически имеют особую ценность для многих народов, так как являются одним из древнейших источников энергии и пищевых веществ. Он не приедается и практически для каждого человека является базовым продуктом питания, который употребляется ежедневно в течение всей жизни. В связи с этим, учитывая национальные традиции, потребительские характеристики, хлеб можно отнести к одним из наиболее перспективных продуктов для обогащения и улучшения качества дневных рационов питания и соответственно здоровья населения [4].

Однако в современном мире с каждым годом все больше растет число людей, страдающих различными пищевыми непереносимостями и аллергиями, в том числе и непереносимостью глютена.

Глютен – белковый компонент клейковины злаков (пшеница, рожь, ячмень, полба, овес и их гибриды) – нерастворимый в воде комплекс белков с малым содержанием липидов, сахаров и минералов. Он вызывает в организме человека различные патологии.

Наиболее изученным заболеванием, связанным с непереносимостью глютена, является целиакия – это генетическая предрасположенность к специфической реакции иммунной системы на глютен и глиадины пшеницы, ржи, ячменя – аутоиммунная реакция с повреждением, развитием атрофии слизистой оболочки кишечника с последующим нарушением усвоения макро- и микронутриентов [1].



Поэтому создание обогащенных безглютеновых продуктов является актуальной задачей для людей, страдающих целиакией.

Целью данной работы является разработка обогащенного безглютенового формового хлеба.

Методы исследования:

Органолептические исследования опытных образцов безглютенового формового хлеба проводили по ГОСТ 5667-65 [3].

Пищевую и энергетическую ценности определяли с помощью данных химического состава российских пищевых продуктов [7].

Ранее нами был разработан безглютеновый хлеб из смеси рисовой и льняной муки (70 : 30) (патент RU 2 806 576 С1, МПК А21D 13/04 А21D 13/045 А21D 13/047 А21D 13/066, опубл. 01.11.2023 Бюл. № 31).

В рецептуру хлеба из рисовой и льняной муки было решено внести смесь из семян подсолнечника (25%), тыквы (25%), льна (25%) и кунжута (25%), для обогащения витаминно-минерального комплекса готового продукта.

Известно, что семена льна имеют в своем составе минеральные вещества такие как железо, натрий, магний, цинк, кальций, фосфор, калий и витамины группы В, А, Е и аскорбиновую кислоту [6]. Согласно литературным данным, семена тыквы богаты различными витаминами (группы В, А, Е) и минеральными веществами (цинк, железо, медь, марганец, калий, магний, фосфор), полиненасыщенными жирными кислотами, а также они содержат аминокислоты: аргинин, лизин, гистидин, тирозин, пролин, триптофан, глутаминовая кислота, аспаргиновая кислота [5]. Что касается семян подсолнечника и кунжута, то они улучшают пищеварение, работу сердечно-сосудистой системы, уплотняют стенки сосудов и нормализуют давление, нормализуют сон и гормональный баланс [2].

В ходе эксперимента в технологию безглютенового хлеба из рисовой и льняной муки (70 : 30) было использовано в качестве посыпки смесь семян в разных соотношениях от массы теста, %: 0,5; 1,0; 1,5; 2,0; 2,5; 3,0 (рис. 1).




Рисунок 1 – Образцы формового безглютенового хлеба с семенами в разной дозировки (%)

На основании органолептических исследований из шести образцов был выбран образец с дозировкой смеси семян 2,5% от массы теста, так как отличался более выраженным приятным и интенсивным ореховым вкусом и запахом, свойственным входящим в состав семенам, а также семена были лучше и плотно прикреплены к поверхности.

Кроме того, полученное изделие полностью отвечало современным потребительским требованиям к хлебобулочным изделиям. Изделие обладало формоустойчивостью, имело

ровную корку светло-коричневого цвета без трещин и разрывов с семенами на поверхности. Мякиш изделия светло-серого цвета, пропеченный, слегка влажный, без комков и следов непромеса, с равномерной пористостью. Запах хлеба интенсивный с ореховыми нотками, без постороннего запаха. Вкус, ярко выраженный со слегка ореховым свойственным входящим в состав компонентам.

В результате внесения смеси семян позволило обогатить витаминно–минеральный комплекс формового безглютенового хлеба. Отмечено, что увеличилось содержание витаминов Е, В<sub>1</sub>, В<sub>6</sub>, В<sub>9</sub> и РР в среднем в 1,34 раза, а В<sub>2</sub> в 2,67 раза по сравнению с контролем соответственно. Также было выявлено, что повысилось содержание минеральных веществ: К, Fe, Na в среднем в 1,23 раза, а Mg, Ca и P в среднем в 1,59 раза по сравнению с контролем соответственно.

Таблица 1 – Пищевая и энергетическая ценность разработанного хлеба

Наименование показателей	Безглютеновый хлеб из композитной смеси рисовой и льняной муки	
	контроль	со смесью семян 2,5 %
Белки, г	2,90	3,76
Жиры, г	4,00	5,83
Углеводы, г	22,90	23,20
Пищевые волокна, г	1,30	1,47
ЭЦ, ккал	149,40	170,50
Витамины:		
Е, мг	1,36	1,70
РР, мг	0,68	1,00
В <sub>1</sub> , мг	0,13	0,16
В <sub>2</sub> , мг	0,03	0,08
В <sub>6</sub> , мг	0,04	0,06
В <sub>9</sub> , мг	13,93	17,57
Минеральные вещества:		
К, мг	72,20	93,59
Mg, мг	27,70	43,57
Ca, мг	24,20	42,47
P, мг	54,30	78,25
Na, мг	288,00	290,30
Fe, мг	0,70	0,97

Таким образом, разработанное изделие позволяет расширить линейку безглютенового хлеба и восполнить дефицит необходимых витаминов и минеральных веществ людям, страдающим непереносимостью глютена.

Работа выполнена при поддержке гранта Фонда содействия инновациям, предоставленного в рамках программы «Студенческий стартап» федерального проекта «Платформа университетского технологического предпринимательства».

#### Список литературы

1. Бейлина Н.И. Клиническое наблюдение пациентки с аллергией на глютен / Н.И. Бейлина, А.О. Поздняк // University Therapeutic Journal. – 2020. – Т. 2, № 4. – С. 98-103. – EDN СЈЕЕП.
2. Березина Н.А. Моделирование поликомпонентных мучных смесей для хлебобулочных изделий с заданными показателями пищевой адекватности / Н.А. Березина, А.В. Артемов,

- И.А. Никитин // Известия высших учебных заведений. Пищевая технология. – 2020. – № 2-3(374-375). – С. 92-95. – DOI 10.26297/0579-3009.2020.2-3.24. – EDN HTRPAE.
3. ГОСТ – 5667-65 Хлеб и хлебобулочные изделия. Правила приемки, методы отбора образцов, методы определения органолептических показателей и массы изделий. – Введ. 1966-01-01. – М.: Госстандарт СССР, 1966 – 5 с.
  4. Лебеденко Т.Е. Современные представления о пищевой ценности хлебобулочных изделий. Основные направления для их коррекции / Т.Е. Лебеденко, Н.Ю. Соколова, В.О. Кожевникова // Зерновые продукты и комбикорма. – 2015. – Т. 1, № 2(58). – С. 19-25. – DOI 10.15673/2313-478x.58/2015.46011. – EDN VLJNHD.
  5. Скиданова М.А. Тыквенные семечки – источник незаменимых витаминов для организма человека / М.А. Скиданова, О.В. Биньковская // Новое слово в науке: перспективы развития. – 2016. – № 3(9). – С. 58-59. – EDN WICCGJ.
  6. Резвицкий Т.Х. Льняное семя, его польза и вред / Т.Х. Резвицкий, Р.А. Тикиджан, А.В. Митлаш и др. // The Scientific Heritage. – 2019. – № 42-2(42). – С. 25-27. – EDN WOSAIT.
  7. Тутельян В.А. Химический состав и калорийность российских продуктов питания. Справочник / В.А. Тутельян. – М.: ДеЛи плюс, 2012. – С. 284.

МРНТИ: 65.09.03

**С.Е. Султангазиева, Б.Б. Қалыбай, Г.О. Мирашева**  
 НАО «Университет имени Шакарима города Семей»,  
 Республика Казахстан, г. Семей, itokhtarbekova@bk.ru

## **ИССЛЕДОВАНИЯ ХИМИЧЕСКОГО СОСТАВА ПРОРОЩЕННОЙ ЧЕЧЕВИЦЫ**

В настоящее время проблема полноценного питания является одной из главных социально-экономических проблем. Для поддержания нормальной работоспособности организма и сохранения здоровья необходимо качественное питание, поскольку только такое питание способно оказывать благотворное влияние на общее самочувствие и настроение [1, 2]. Нехватка полноценных белков, минеральных и других питательных веществ не позволяет человеческому организму гармонично развиваться и провоцирует развитие факторов риска возникновения алиментарно-зависимых заболеваний, количество которых в последние годы возросло. Благодаря высокому содержанию белков в растениях и их хорошей усвояемости появляется возможность корректировать продукты животного происхождения растительными компонентами, которые обогащают их недостающими питательными веществами.

Животное и растительное сырье должны дополнять друг друга в готовом продукте и обогащать его минеральными веществами и витаминами [3].

Поэтому направление данного научного исследования – разработка и оценка растительного белка, полученного на основе чечевицы, представляется актуальным.

Таблица 1 – Питательная ценность чечевицы

Пищевая ценность	Содержание
Калорийность	295 ккал
Белки	24 г
Жиры	1,5 г
Углеводы	46,3 г
Вода	14 г
Клетчатка	11,5 г
Гликемический индекс	27

Цель исследования состоит в изучении изменений химического состава семян чечевицы в процессе проращивания.

Объектом исследования была избрана чечевица ввиду ее очевидных преимуществ среди всех бобовых-рекордсменов по содержанию белка, имеет хорошие ботанические и технологические свойства. Чечевица содержит большой перечень полезных для человека веществ в своем составе, отличается сбалансированным аминокислотным составом и минимальными ингибирующими свойствами при действии на ферменты пищеварительной системы животных (лишь один ингибитор, действующий на трипсин). Она содержит значительное количество селена (19 мкг), характеризуется малым содержанием липидов и олигосахаридов, вызывающих кишечный метеоризм.

Целебные свойства пророщенных семян были известны нашим предкам, что доказано рядом примеров, связанных с производством продуктов питания или прямым приемом в пищу семян в пророщенной форме. Аналитическими методами позднее было установлено, что при проращивании не только происходит биосинтез витамина С, но и увеличивается содержание витаминов группы В (особенно В<sub>2</sub>, В<sub>5</sub> и В<sub>6</sub>), резко увеличивается содержание каротина, распадаются олигосахариды, относящиеся к антипитательным факторам и вызывающие кишечный метеоризм. Формируется множество ферментов, положительно влияющих на процессы пищеварения. Данные факты подтверждают многие исследователи. Ростки – источники витаминов А, Е, С и В-комплекса, которые служат катализаторами биохимических реакций в процессах метаболизма и незаменимы для биосинтеза клеточных структур. Содержание некоторых витаминов после проращивания может увеличиваться до 20 раз от исходного количества [4, 5].

Семена неочищенной чечевицы проращивали при температуре 21-23°C в течение 3-4 сут., не допуская их высыхания.

Отмечено изменение морфологии семени в ходе проращивания: наблюдается набухание (визуальное увеличение размера) семян чечевицы (рис. 1, а – 5,8 мм; б – 6,1 мм; в – 6,8 мм; г – 6,5 мм) и развитие ростка: стебля и корешка.




Рисунок 1 – Изменение морфологии зерна в ходе проращивания

*а – зерно после 12 ч замачивания; б – зерно после 24 ч проращивания;  
в – зерно после 48 ч проращивания; г – зерно после 72 ч проращивания*

По результатам микроскопирования было отмечено постепенное набухание клеток, растяжение их оболочек и значительное увеличение размера крахмальных зерен, начиная с этапа замачивания. Очевидно, это связано со структурой и физико-химическими свойствами крахмальных зерен при взаимодействии с водой.

Далее будут проведены исследования по изменению химического состава семян чечевицы после проращивания.

### Список литературы

1. Орлова Г.Г. Роль здорового и сбалансированного питания в профилактике наиболее распространенных и социально-значимых заболеваний / Г.Г. Орлова // Рациональное питание, пищевые добавки и биостимуляторы. – 2016. – №1. – С. 83-85.
2. Прянишников В.В. Современные технологии производства ферментированных мясных продуктов / В.В. Прянишников // Рациональное питание, пищевые добавки и биостимуляторы. – 2016. – №5. – С. 30-37.

3. Алексеев А.Л. Использование растительных компонентов при изготовлении полноценных продуктов питания / А.Л. Алексеев // Инновационные технологии пищевых производств: материалы международной научно-практич. конф., пос. Персиановский. – пос. Персиановский, 2013. – С. 96-98.
4. Казымов С.А. Влияние проращивания на аминокислотный состав бобов маша / С.А. Казымов // Известия ВУЗов. Пищевая технология. – 2012. – № 5-6. – С. 32-39.
5. Доценко С.М. Кинетика биохимического процесса проращивания семян сои / С.М. Доценко // Вестник КрасГАУ. – 2016. – № 1.

ГТАХР: 65.63.33

**И.Е. Тохтарбекова, М.Д. Шиянов, Г.О. Мирашева**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ., itokhtarbekova@bk.ru

### **ЕШКІ СҮТІНЕН АҚУЫЗ СҮТ ӨНІМНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ**

Бүгінгі таңда әлем индустриясының, төмен каллориялы өнімдер өрдірісінің маңызды тенденциясы белгіленеді, бұл аурулардың алдын алуға арналған және төтенше жағдайларда жұмыс істеу үшін қажет болатын сүт өнімдері. Қазіргі таңда өте маңызды химиялық кинетика-бұл қалыптасқан немесе туындайтын қолайсыз экологиялық жағдайға байланысты ағзада пайда болатын патологиялық өзгерістерді түзете алатын мақсатты емдік және профилактикалық іс-шараларды жаппай өндіріс өнімдерін құру және енгізу проблемасы [1].

Қазіргі уақытта халық тағамының жай-күйі ұлттық денсаулыққа жағдайын айқындайтын басты белгілердің бірі ретінде айрықша маңызға ие. Адам денсаулығын қамтамасыз етудің басты бағыты-тағам рационалда ақуыздың және аминқышқылдарының құрамын жаңартуға мүмкіндік беретін биологиялық құндылығы жоғары арнайы емдік-сауықтыру қасиетіне ие тамақ өнімдерін, соның ішінде, сүтақуызды тағамдарды көп пайдалану [2]. Бұл мәселенің шешімі ретінде – сүт өнімдеріне арналған ұлттық технологияны жандардыру.

Халқымыз ешкі сүтін ежелден шикізат және тағам ретінде пайдаланып келді. Қазіргі кезде сол дәстүрімізді еске түсіріп, ешкі сүтінің физика-химиялық, технологиялық және органолептикалық қасиеттерін зерттеп, одан заманның талабына сай өнім жасау технологиясын қарастыру өзекті мәселенің бірі болып отыр. Себебі нарықтық экономикаға өткелі бері, елімізде ешкі өсіретін шаруашылықтар пайда бола бастады. Олардың негізгі өнімі-сүт. Сүт сақтауға келмейтін шикізат болғандықтан, одан өнім дайындап, сауда орталығына сату арқыла экономикалық тиімділікке жетуге болады [3].

2023 жылға Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтері бойынша елімізде 1 398 111 ешкі болса, оның ішінде Абай аймағында ешкі саны 42 116 бас. Ешкі сүтінің биохимиялық құрамының әртүрлілігі, ешкінің тамақтану рационының әр түрлі болуында. Ешкі сүті казеинді топқа жатады. Бірақта ешкі сүтінде альфа-1s- казеин мөлшері нөлге тең. Атап айтқанда альфа-1s-казеин сиыр сүтінде аллергиялық реакциялардың негізгі көзі болып табылады. Ал ешкі сүтінде бета-казеин мөлшері ана сүтінікімен тепе тең. Ешкі сүтінде альбуминнің көп мөлшерінің арқасында, ақуыздар тез сіңгіш ұсақ үлпектүрге айналады. Құрамында макро және микроэлементтерді зерттеу нәтижесінде, ешкі сүтінде селеннің – 0,13 мг/кг сиыр сүтінен әлде қайда көп мөлшерде екені белгілі болды. Ешкі сүтінің орташа дәрежедегі майлылығы 4,4%-ға жуық болса, сіңімділігі 100%-ға тең. Бұл ешкі сүті майының бірнеше қасиетімен анықталады. Біріншіден, жоғары атап кеткендей, ешкі сүті майының көлемі сиырдікімен салыстырғанда 15 есе кіші. Екіншіден, сиыр сүтінде бар жоғы 51% қанықпаған май қышқылдары болса, ешкі сүтінде 70%-ды құрайды. Әсіресе, бұл қышқылдың

түрі ағзада холестериннің жиналуына бөге болатын, метаболитикалық қасиетке ие. Ешкі сүтінде А дәрумендерінің мөлшері, сиырдыкімен салыстырғанда әлде қайда жоғары екені айтылған. Ешкі сүтіндегі В дәруменінің мөлшері сиырдыкіндей, тыртықтағы ішек микрофлорасының метабализімінің нәтижесін болып табылады және жемге бағынышты емес. Ешкі сүтінде рибофлавин (В2) дәрумені көп, бірақ В дәрумені сиырдыкінен аз. Ниацин (РР) дәрумені ешкі сүтінен жоғары. С және Д дәрумені екі жануар сүтінде бірдей мөлшерде. Ешкі сүтінде кальций, калий, магний, фосфор, хлор, маргенец мөлшері жоғары, ал натрий, темір, қорғасын, күкірт, молибден аз, сүт те әлсіз қышқылдану реакциясына ие (рН 6,4-6,7).

Кесте 1 – Өртүрлі сүттегі ақуыз фракцияларының салыстырмалы көрсеткіштері

Компоненттер, (%)	Сүт түрлері		
	Ана сүті	Ешкі сүті	Сиыр сүті
Ақуыз	1,32	3,80	3,21
Казеин (жалпы ақуызға)	33	75	85
Казеин қосындысы	0,46	2,84	2,52
$\alpha$ 1-казеин	0,04	0,4	0,84
$\alpha$ 2-казеин	-	0,13	0,26
$\beta$ -казеин	0,30	2,17	0,93
к-казеин	0,12	0,14	0,37
$\gamma$ -казеин	-	-	0,12

1 кестеде көрсетілгендей, биохимиялық құрамы бойынша ешкі сүті сиыр сүтіне қарағанда ана сүтіне жақын екені көрсетілген. Сол себептен балалар тамақтануында кең қолданысқа ие. Ешкі сүтінде лизоцим секілді төменгі молекулярлы пептид табылды және ол ана сүтімен теңестіріледі [18].

Жұмыстың мақсаты – ешкі сүтің және пробиотикалық микроағзаларды қолдану арқылы ақуызды өнімнің технологиясын әзірлеу.

Мақсатқа жету үшін Семей қаласы Шақаман ауылының ешкі сүті зерттелді. Ешкі сүтінің құрамы жөніндегі нәтиже 2 кестеде көрсетілген. Ешкі сүтіне орташа химиялық құрама бойынша зерттеулер жүргізілді.

Кесте 2 – Ешкі сүтінің орташа химиялық құрамы

Құрамдас бөлігі	100 г сүттегі құрама, %
Құрғақ зат	13,4
Май	4,4
Ақуыз	3,6
Лактоза	4,9
Су	89

Жұмыстың барысында ешкі сүтінің физико-химиялық құрамы мен қасиеттері және биологиялық құндылығы зерттелінеді.

3-кестедегі мәліметтер бойынша физико-химиялық көрсеткіштері жағынан сиыр сүтіне жақын болып келеді, бірақ ешкі сүтінде құрғақ заттардың, ақуыздардың, майлардың мөлшері жоғары.

Ешкі сүтінен сүзбе өндіру үшін термокальций коагуляция әдісі қолданылды. Зерттеудің бірінші кезеңінде сүт протеиндерін пайдалану дәрежесіне коагуляцияның әртүрлі режимдерінің әсері зерттелді.

Кальций хлоридінің дозасын жоғарылату казеинді қолдану дәрежесін жоғарылататыны, ал сарысу ақуыздарын пайдалану дәрежесі коагуляция температурасының жоғарылауымен жоғарылайтыны анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 95°C температурада термиялық өңдеу және коагулянттың 1,00, 1,25 және 1,50 г/л дозалары қосылған жоғары технологиялық сипаттамалары бар ақуыз ұйытындының түзілуін қамтамасыз етеді.

Кесте 3 – Ешкі сүтінің физико-химиялық құрамы

Көрсеткіштері	Ешкі сүті,г
Массалық үлесі, сонын ішінде судың	86,5±0,5
Құрғақ заттар	13,3±0,5
Майдың	4,6±0,1
Ақуыздың	3,6±0,15
Лактозаның	4,9±0,2
Минералды заттардың	0,2±0,02
Тығыздығы кг/м	1031,5±0,0005
Органолептикалық көрсеткіштері	Ешкі сүтіне тән
Түсі	Ақ түсті,сарғыш реңі бар

Тәжірибелердің келесі кезеңінде алынған ақуыз ұйытындыны бифидобактериялардың таза дақылдарының белсенді культурасымен ферменттелді. Алынған ақуыз ұйытындыны (40±2)°С температураға дейін салқындатып, сарысуды бөліп алып, әр түрлі мөлшердегі ашытқы культурасын – 3, 5 және 7% қосылды. Зерттеу барысында еңгізілген бифидобактериялардың таза дақылдарының белсенді культурасының мөлшері анықталды – 7%.

Зерттеу нәтижесінде бифидобактериялармен байытылған сүзбе өндірудің оңтайлы технологиялық параметрлері таңдалды. Ақуыз ұйытындыны ферменттеу кезінде бифидобактериялардың белсенді өсуі байқалатыны анықталды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Забодалова Л.А. Кисломолочные напитки с улучшенными свойствами / Л.А. Забодалова // Пищевая промышленность. – 2012. – № 1. – С. 43-46.
2. Национальный проект по развитию агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2025 годы.
3. Ермилова Н. Козье молоко, козий сыр и козья шерсть. М.: Издательство: –АСТ. Серия: Академия здоровья и удачи, 2010. – 250 с.
4. <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/publications/>

ҒТАХР: 65.01.11

**А.І. Ізбасарова, Ш.Ж. Жасқайрат, Ж.С. Ажгереева, А.К. Игенбаев**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Астана қ., aidana\_izbassarova@mail.ru, shynarai\_92@mail.ru, zhuldyz\_09.11@mail.ru, aidyn\_mamyt@mail.ru,

#### ПОЛИКОМПОНЕНТТІ ОЛЕОГЕЛЬДЕРДІ ПІСІРІЛГЕН ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІКТЕРІ

Ет өнеркәсібі – Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенінің маңызды құрамдас бөлігі және азық-түлік нарығының ең ірі сегменттерінің бірі. Ет өңдеу кәсіпорындарында өндірілетін өнімнің 27%-ға жуығы пісірілген шұжықтар болып табылады, яғни ассортимент тобындағы пісірілген шұжықтар өндірісі біздің елімізде және шетелде перспективалық даму бағдарламасы бар ірі мамандандырылған сала деген сөз. Сондықтан олардың рецептурасына функционалдық ингредиенттерді қосу функционалдық өнімдердің ассортиментін кеңейтудің перспективалы әдістерінің бірі.

Мұндай өнімдерді өндіру үшін пайдаланылатын шикізаттың биологиялық және тағамдық құндылығы жоғары сапалы және балғын болуы, сонымен қатар патогенді микроорганизмдер мен улы заттар болмауы қажет. Экологиялық таза азық-түлік өнімдері әлемдік нарықта кең сұранысқа ие.

Қазіргі уақытта олеогель бірқатар тағамдарда балама май ретінде қолданыс тауып келе жатқан жаңа технологияның шешімі. Олеогельдерді тағамдық қолдану өңделген тағамдарды құрылымдау үшін транс-қанықпаған және қаныққан май қышқылдарының қажеттілігін алмастырды. Бұл инновациялар денсаулыққа зиянды қауіптермен және тұтынушылардың теріс қабылдауымен байланысты қатты тағамдарды тез дайындау қаупін азайтады. Соңғы онжылдықта олеогельдер майдың пайдалы тағамдық профилін сақтай отырып, қажетті дәм беру үшін айтарлықтай жетістіктерге жетті. Соңғы онжылдықта қарқынды дамуға байланысты ең перспективалы технологиялар қаралатын болады [1].

Бізге белгілі болғанда, тағамдағы май дәмге, құрылымға және ауыздың сезіміне жауап береді және адам ағзасын ең жоғары энергиямен қамтамасыз етеді (9 Ккал/г). Алайда, майды тұтынудағы теңгерімсіздік денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін [2, 3].

Әдетте, ет және онымен байланысты тағамдар 10-40% қаныққан майға бай жануарлар майынан тұрады [4]. Ет өнімін өндіру үшін шошқа майы немесе сиыр майы сияқты түпнұсқа жануар майы қажет болса да, тағамдық қасиеттері бойынша өнімнің соңғы сапасын ескеру қажет.

МЕМСТ 23670-2019 бойынша пісірілген шұжықтардағы майдың массалық үлесі шұжық түрлері мен категориясына байланысты 15-тен 32%-ға дейін өзгереді. Май шұжық өнімдерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ол өнімге түс, дәм, шырындылық береді және тартылған еттің (ет эмульсиясының) де, дайын шұжық өнімдерінің де құрылымдық, механикалық және физика-химиялық сипаттамаларын қалыптастыруға қатысады. Майдың қасиеттері (мысалы, балқу температурасы) триглицерид молекуласының құрылымдық ерекшеліктерімен және оның құрамындағы қаныққан және қанықпаған май қышқылдарының қатынасымен анықталады, бұл қажетті технологиялық параметрлерді қамтамасыз етеді. Шұжық құрамындағы май олардың органолептикалық қасиеттерін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Мысалы, пісірілген шұжықтардың майлылығын 5-8%-дан төмен төмендету судың мөлшері жоғары болса да құрғақ, ұнтақ консистенцияға әкелуі мүмкін [5].

Дегенмен, транс май қышқылдарын тұтыну адам ағзасына теріс әсер етуі мүмкін, атап айтқанда, жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуына әкелуі мүмкін. Бұл көптеген елдерде қаныққан және транс май қышқылдарының тағамдық көздеріназайту немесе тамақ өнімдерінде толығымен алмастыру арқылы тұтынуғабағытталған стратегияларды әзірлеуге жол ашты.

Майдың баламаларын таңдағанда, мұны ескеру керек. Қазіргі уақытта пісірілген шұжық рецептурасындағы майды ауыстырудың осы балама әдістерінің бірі олеогельдерді пайдалану болып табылады. Адам рационында қаныққан және транс май қышқылдары бар майлардың үлесін азайту мақсатында шұжық технологиясында олеогельдерді қолдану тәжірибесіне шолу жасалған.

Бірақ майды олеогельдермен ішінара немесе толық ауыстыру тек органолептикалық көрсеткіштердің ғана емес, сонымен қатар құрылымдық-механикалық сипаттамаларының, тотығуға төзімділігінің өзгеруіне, сонымен қатар дайын шұжық өнімдерінің май қышқылдарының профилінің өзгеруіне әкеледі. Шұжық өнімдеріне олеогельді рецептураға енгізу бойынша зерттеулер жүргізілген болатын. Майды ішінара алмастыру мақсатында шұжық өнімдерін рецептураға енгізу бойынша үлкен зерттеу  $\gamma$ -оризанол және  $\beta$ -ситостерол қоспасымен (60:40) қатынаста майды құрылымдау арқылы алынған зерттеуде келтірілген [6].

Олеогельдерді дайындау алмастырылған майлардың физикалық қасиеттерін және дайын тағам өнімдерінің қажетті қасиеттерін имитациялауды қамтамасыз ететін құрылымдық агенттердің кең спектрін қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін [7].



Олеогельдерді алу үшін әртүрлі өсімдік майларын (күнбағыс, зәйтүн, зығыр, рапс майы және т.б.) пайдалану дайын шұжық өнімдерінің май қышқылдарының профилін өзгертуге (жақсартуға) мүмкіндік береді. Сондықтан oleogelдерді пісірілген шұжықтардың құрамындағы қаныққан және транс май қышқылдарының көздерін азайту мақсатында шұжық өнімдеріндегі майды ішінара ауыстырудың потенциалды шешімдерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Shao L. және басқаларының зерттеулері бойынша жержаңғақ, өсімдік майы, жүгері майы, зығыр майының әр түрлі концентрацияларында жасалған oleogelдердің физика-химиялық қасиеттерін әр түрлі көрсеткіштер көрсеткен.

Сонымен қатар олардың дайын өнімнің құрамына қосылғандағы қасиеттері де әр түрлі болған [8].

Поликомпонентті oleogelді пісірілген шұжықтың технологиясына қосқан кезде төмендегідей талаптарға сай болуы керек:

- органолептикалық көрсеткіштерін бағалау нәтижесінде үлгі кесіндісінде тартымды көрініс көрсету;
- oleogelдің біркелкі таралуы және құрылымы біркелкі болуы;
- жобаланған май қышқылдық құрамы бойынша құрамындағы қаныққан және май қышқылдарының транс изомерлері талаптарға сай болуы;

Қорытындылай келе, тағамдық ингредиент ретінде oleogelдердің маңызы зор болғанымен, қазіргі уақытта олардың тағам өнімдерінде практикалық қолданылуы өте шектеулі екенін атап өтуіміз керек, қосылған мөлшеріне, ингредиенттеріне, физика-химиялық қасиеттеріне байланысты ет өнімдерінің құрамына қосу мөлшерін негіздеу өзекті мәселеленің бірі болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Singh A., Auzanneau F.I., Rogers M.A. Advances in edible oleogel technologies—A decade in review / A. Singh, F.I. Auzanneau, M.A. Rogers // *Food Research International*. – 2017. – Т. 97. – pp. 307-317.
2. Issara U. Health functionality of dietary oleogel in rats fed high-fat diet: A possibility for fat replacement in foods / U. Issara et al. // *Journal of Functional Foods*. – 2020. – № 70. – 103979.
3. Silva R.C. Oleogels as a fat substitute in food: A current review / R.C. Silva et al. // *Gels*. – 2023. – № 9(3). – p. 180.
4. Serdaroğlu M., Nacak B., Karabıyıkoglu M. Effects of beef fat replacement with gelled emulsion prepared with olive oil on quality parameters of chicken patties / M. Serdaroğlu, B. Nacak, M. Karabıyıkoglu // *Korean journal for food science of animal resources*. – 2017. – № 37(3). – p. 376.
5. Кочеткова А.А. Пищевые oleogели: свойства и перспективы использования / А.А.Кочеткова, В.А. Саркисян, В.М. Коденцова, Ю.В. и др. // *Пищевая промышленность* – 2019. – № 8. – С. 30-35.
6. Puşcaş A., Mureşan V., Socaciu C. Oleogels in Food: aReview of Current and Potential Applications / A. Puşcaş, V. Mureşan, C. Socaciu // *Foods*. – 2020. – Vol. 9. – № 1. – p. 70.
7. Panagiotopoulou E., Moschakis T., Katsanidis E. Sunflower Oil Organogels and Organogel-in-Water Emulsions: Implementation in Frankfurter Sausages / E. Panagiotopoulou, T. Moschakis, E. Katsanidis // *LWT*. – 2016. – Vol. 73. – pp. 351-356.
8. Shao L. Effects of vegetable oil and ethylcellulose on the oleogel properties and its application in Harbin red sausage / L. Shao et al. // *International Journal of Biological Macromolecules*. – 2023. – Т. 239. – 124299.

**С. Әлтайұлы, Т.Б. Сансызбай**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ., sagimbek@mail.ru, taylan.sansyzbai@bk.ru

## **ТАҒАМДЫҚ ӨНІМДЕРДІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ БАҒЫТТА БАЙЫТУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Қазіргі уақытта тағамдық өнімдердің құрамына кіретін кейбір компоненттер өмір сүру салтына, тұқым қуалайтын бейімділігіне, қоршаған ортаның жағымсыз жағдайларына байланысты белгілі бір халық топтарының денсаулығы үшін қауіп тудыруы мүмкін. Мысалы, жүрек-қантамыр ауруларының пайда болу қауіпін холестерин, онкологиялық аурулардың нитрозамин және полициклді көмірсулар, диабеттің глюкоза, инсульттің ас тұзы және қаныққан май қышқылдары және т.б. арттырады.

Қауіп тудыратын компоненттермен қатар аурулардың алдын алуға көмектесетін және емдік мақсатта пайдаланылатын қоспалар да бар. Мысалы, жүрек-қантамыр ауруларының алдын алу үшін антиоксидант болып табылатын С және Е дәрумендері, каротиноидтар мен флаваноидтар, тағамдық талшықтар жақсы шешім болып табылады. С дәрумен ағзаны асқазан қатерлі ісігінің, ал β-каротин өкпе қатерлі ісігінің пайда болуынан қорғайды. Остеопорозды тамақтану рационна кальций, К, В<sub>6</sub>, С, D дәрумендеріне бай азық-түлік өнімдерін қосу арқылы алдын алуға болады [1].

Тағамдық өнімдерді микронутриенттермен байыту келесі мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылады:

– технологиялық өңдеудің нәтижесінде ыдыраған нутриенттердің орнын толтыру (шырындардағы С дәруменінің, ұнның құрамындағы В тобындағы дәрумендердің және темірдің мөлшерін көтеру);

– мезгілдік ерекшелігіне немесе сорттың түріне байланысты нутриенттердің мөлшерін стандартты дәрежеге дейін жеткізу (шырындардағы С дәрумені, сары майдағы β-каротин);

– әртүрлі өңдеу жолымен алынған бір тауарлық топқа кіретін нутриенттердің қажетті дәрежесін қамтамасыз ету (майсыздандырылған сүттегі немесе маргариндегі А және D дәрумені);

– тамақтануда дефицитті болып табылатын нутриенттердің мөлшерін олардың дәстүрлі көзі болып табылатын өнімдерде немесе өзге де тағам өнімдерінде көбейту (сары майдағы D дәрумені, сүт өнімдеріндегі А және D дәрумені, кальций, тұздағы йод).

Биологиялық белсенді заттармен азық-түлік өнімдерін байытудың принциптері әлем бойынша әртүрлі ғалымдармен әзірленген. Тағам өнімдерін байытудың принциптері адамзаттың денсаулығын қолдауға, ағзаның қандай да бір тағамдық заттарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге арналған мәселелер бойынша соңғы зерттеулердің мәліметтеріне сүйенеді. Аталған мәселелерге байланысты келесі принциптерді атап өтуге болады:

1) байыту үшін тағам өнімдерін байыту үшін дефицит болып табылатын және жетіспеушілік мәселесі айтарлықтай кеңінен таралған нутриенттерді пайдаланған жөн. Мысалы, Қазақстанда темір, А, С, D дәрумендері және В тобының дәрумендері, мырыш, йод жетіспеушілігі таралған;

2) халық арасында кеңінен тұтынылатын, барлық халық топтары үшін қолжетімді өнімдерді байыту мәселесі өзекті болып табылады. Мұндай өнімдерге ұн және нан-тоқаш өнімдері, сүт және сүт қышқылды өнімдер, балаларға арналған тағам өнімдері, сусындар жатады;

3) өнімді байыту өнімнің тұтынушылық қасиеттеріне кері әсерін тигізбеуі тиіс: өнімнің құрамына кіретін өзге тағамдық заттардың сіңімділігін төмендетпеу және мөлшерін азайтпау, өнімнің дәмін, иісін толықтай өзгертпеу, сақтау мерзіміне кері әсерін тигізбеу;

4) өнімге қосымша қосылатын биологиялық белсенді заттардың мөлшері өнімдегі бастапқы мөлшерін немесе оны жасау үшін қолданылатын шикізаттағы мөлшерін, сонымен қатар, технологиялық операцияларды орындау және сақтау кезінде болатын жоғалтуларды еске ала отырып есептелуі керек [1-3].

Құрғақ өнімдерді байыту үшін қолданылатын ең қарапайым әдіс (ұн және астық өнімдері, құрғақ сүт, сусындарға және балалардың тамақтануына арналған ұнтақталған қоспалар) құрғақ араластыру болып табылады. Бұл әдіс жоғарғы және бірінші сортты бидай ұнын дәрумендермен байыту үшін кеңінен қолданылады.

Ас тұзын, қантты, экструдирленген астық үлпектерін байыту өнімге нутриенттердің ерітіндісін бүркіп себу арқылы жүзеге асырылады (қант және астық өнімдері үшін – дәрумендер, ас тұзы үшін – йод). Бұл әдіс ас тұзын йодпен байыту мақсатында кеңінен қолданылады және ол үшін ерітілген байытқыш (калий йодидінің ерітіндісі) тұздың үздіксіз ағынына себіледі.

Ішуге арналған сүтті, сусындарды, жеміс шырындарын байытуда, нан-тоқаш өнімдерін, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіруде байытуға арналған компоненттерді сұйық ортада диспергирлеу (немесе еріту) әдісі орындалады. Маргариндер мен өсімдік майларын дәрумендермен байыту үшін алдын ала майда ерітуді қажет ететін майда еритін дәрумендерді қолданады.

Жармаларды байыту үшін байытуға арналған қоспаларды жармалардың бетіне жағуға арналған қоспалардың құрамына қосу әдісі кеңінен таралған. Мысалы крахмал мен жасұнықтың полимерлі формасының негізіндегі қоспаға қосып, өнімнің бетіне жағу (глазурлеу) әдісі орындалады. Ал жармаларды ұнтақталған дәрумендердің қоспасымен байыту үшін адгезия әдісі (жабыстыру) қолданылады [4-6].

Байытуға арналған қоспалардың дайын өнімге жоғарғы мөлшерде өтуін қамтамасыз ету технологиялық процестің орындалу барысындағы байытуға арналған қоспаны қосу кезеңінің дұрыс таңдалуына байланысты. Негізінен функционалдық қоспаларды тағамдық массаға қатаң технологиялық процестен кейін қосқан жөн (жоғарғы температурада пастерлеу, экструзиялау және т.б.). Консервіленген өнімдердің өндірісінде өндірістік стерилділік ережесін ұстану үшін байытуға арналған қоспаны керісінше соңғы термиялық өңдеу процесінің алдында қосады. Осылайша, функционалдық қоспаны қосу кезеңі соңғы өнімнің және дайындалатын өнімнің физика-химиялық қасиеттерін, байытуға арналған шикізаттың ерекшеліктерін, өндірістік циклді толығымен зерттегеннен кейін таңдалуы керек.

Байытуға арналған қоспаны қосу кезеңін анықтайтын негізгі факторларының біріне олардың тұрақтылығы жатады. Дәрумендердің сақталуы және олардың биологиялық белсенділігі нутриенттердің өздерінің қасиеттеріне және технологиялық әсер етуге байланысты екені белгілі. Мысалы, А, D,  $B_2$  дәрумендері күн сәулесінің мен оттегінің әсерінен белсенділігін жоғалтады,  $B_1$  дәрумені жоғарғы температурада оңай ыдырайды, ал С дәрумені мүлдем тұрақсыз болып табылады.

Осылайша, тағамдық өнімдерді байыту барысында келесі мәселелерді қамтамасыз ететін технологиялық кезеңді таңдаған жөн:

- қоспаның байытылатын өнімнің көлемінде біркелкі таралуы;
- қоспаны қосудың қарапайымдылығы;
- технологиялық процестердің тұрақсыз және тұрақтылығы төмен компоненттерге әсер ету дәрежесін азайту;
- нутриенттердің қажетті мөлшерінің болуын қамтамасыз ету.

Тағамдық өнімдерді байытуға арналған компоненттер белгілі бір халық топтарының арасындағы нутриенттердің жетіспеушілігіне байланысты таңдалынады және өндірушілер байытуға арналған компоненттердің өнімге өтуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үшін өнімді байытудың оңтайлы әдісі мен технологиялық кезең таңдалынады. Қазіргі уақытта өнімдерді

функционалдық бағытта байыту үшін өнімге қоспаны қосудың диспергирлеу, бұркеп себу адгезия, араластыру әдістері кеңінен таралған. Бұл әдістер байытуға арналған өнімнің технологиялық процестерінің ерекшеліктеріне байланысты таңдалынады [4].

#### Әдебиеттер тізімі

1. Дроздова, Т.М. Физиология питания: учебник / Т.М. Дроздова, П.Е. Влощинский, В.М. Позняковский. – Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2007. – 352 с.
2. Самойлов В.А. Разработка продуктов лечебно-профилактического питания, биологических активных добавок и лекарственных препаратов на основе компонентов молока / В.А. Самойлов / Вестник СевКавГТУ. – № 1(7). – 2004. –С. 1-11.
3. Компоненты детского здоровья [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://test.pharmnews.kz/ru/article/komponenty-detskogo-zdorovya\\_18788](https://test.pharmnews.kz/ru/article/komponenty-detskogo-zdorovya_18788) Дата обращения: 09.11.2023.
4. Скриплева, Е.А., Разработка состава и технологии кисломолочного напитка, обогащенного биологическими активными веществами: дис. ... канд. тех. наук: 05.18.04 / Скриплева Елена Александровна. – Санкт-Петербург, 2017. – 110 с.
5. Спиричев, В.Б. Обогащение продуктов витаминами и минеральными веществами. Наука и технология / В.Б. Спиричев, Л.Н. Шатнюк, В.М. Позняковский; под общ. ред. В.Б. Спиричева. – Новосибирск, 2004. – 548 с.
6. Тымырова Т.А. Функциональные продукты питания: эффективность использования / Т.А. Тымырова // Молочная промышленность. – 2007. – №2. – С. 46-47.

ҒТАХР: 65.63.03

#### П.Г. Жарматова, С.Д. Токаев

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ., Jarmatova01@mail.ru, tokaev\_sd@mail.ru

#### ҰЗАҚ УАҚЫТ САҚТАЛАТЫН, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ БАР ПАСТЕРЛЕНГЕН СҮТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Пастерленген сүт – пастерлеу процесі арқылы зиянды бактериялары жойылған сүт. Пастерлеу процесі арнайы аппаратта жүргізіледі. Өнім алдымен қызады, содан кейін күрт салқындатылады. Мұндай өңдеуден кейін сүт өзінің витаминдерін, микроэлементтерін, дәмін, тағамдық қасиеттерін сақтайды. Ең қызықтысы, сүт өз құрамында кальций мен жануар ақуызының мөлшерін сақтайды. Әрине, қосымша өңдеусіз үй сүті әлдеқайда пайдалы екенін мойындауымыз керек, бірақ мұндай сүт сауылғаннан кейін 2 сағаттан кейін ғана стерильді болып қала алады. Әрі қарай, сусында зиянды бактериялар пайда болады, бұл ауыр ауруларға әкелуі мүмкін. Пастерленген және ультрапастерленген сүтті тоңазытқышта кем дегенде +4°C температурада сақтау ұсынылады.

Сүтті пастерлеу – микрофлораның вегетативті және патогенді түрлерін жою үшін сүтті термиялық өңдеу процесі. Пастерлеу процесі дайын өнімнің қажетті қасиеттерін, атап айтқанда органолептикалық сипаттамаларын алуды қамтамасыз етуі керек. Пастерлеу режимдері мен әдістерін таңдауға патогендік микрофлораның жойылу дәрежесімен анықталатын пастерлеудің әсері маңызды. Термиялық өңдеудің температурасы мен ұзақтығы пастерлеудің әсерін анықтайды [1].

Термизация – бұл сүтті термиялық өңдеу процесі. Термизация процесі сүттің сақтау мерзімін ұзарту үшін жүргізіледі. Төмен температурада қысқа мерзімді термиялық өңдеу ретінде шикі сүттің сақтау кезінде тұрақтылығын арттыру үшін термизациялауды жүргізу ұсынылады. Ірімшік жасауда термизациялау бактериялық ластануы жоғарылаған және

ашытуға арналған сүтті өңдеу үшін, ал сүт консервілерін өндіруде – сүттің ыстыққа төзімділігін арттыру үшін қолданылады.

Дұрыс салқындатумен қатар термиялық өңдеу сүтті өңдеудің маңызды процестерінің бірі болып табылады. Бұл процестер дұрыс орындалса, сүттің сақтау мерзімін ұзартады.

Пастерлеу температурасы мен уақыты сүттің сапасына және оның сақтау мерзіміне қойылатын талаптарға байланысты нақты көрсетілуі керек өте маңызды факторлар болып табылады. Гомогенизацияланған пастерленген сүттің пастерлеу температурасы әдетте 15-20 секунд ішінде 72-75°C құрайды.

Пастерлеу процесі ұлттық ережелерге байланысты әр елде әртүрлі болуы мүмкін. Барлық елдерде ортақ талап – термиялық өңдеу бұзылған микроорганизмдердің санын айтарлықтай азайтуды және өнімге зақым келтірмей барлық патогенді бактериялардың жойылуын қамтамасыз етуі керек [2].

Жабық орамасы бар пастерленген сүтті өндіргеннен кейін алты айдан кейін тұтынуға болады, бірақ ашық орамды 10 күн ішінде пайдалану керек. Адамдар пастерленген сүттің зиянды екенін жиі айтады. Дегенмен, пастерленген сүттің болашақта көбірек қолданылатынын түсінген жөн, өйткені ол біздің денсаулығымызға қауіп төндірмейді.

Сүт шикізатына байланысты ауыз сүтін: табиғи сүттен; нормаланған; қалпына келтірілген; қайта біріктірілген; олардың қоспаларынан жасауға болады. Өнім термиялық өңдеу режиміне байланысты бөлінеді: пастерленген; балқытылған; зарарсыздандырылған; УНТ өңделген; УНТ өңделген зарарсыздандырылған.

Өнеркәсіптік сүтті өңдеу – тұтынушылардың әлеуметтік-технологиялық тұрғыда қажеттіліктерін қанағаттандыруға және экологиялық таза, емдік және профилактикалық әсерлері бар жоғары сапалы өнімдерді өндіруге бағытталған өзара байланысты химиялық, физикалық-химиялық, микробиологиялық, биотехнологиялық және басқа да нақты процестердің кешенді жиынтығы.

Сүт өнеркәсібінің негізгі міндеті – сүт өнімдерінің өндірісін жыл сайын ұлғайту, сүтті оның барлық құрамдас бөліктерін пайдалана отырып кешенді өңдеу, халықтың сұранысы жоғары және сараптамалық мүмкіндіктерге жауап беретін бәсекеге қабілетті өнім шығаруды ұлғайту. Сүтті тұтынушылар үшін ең маңызды сипат оның органолептикалық және функционалдық қасиеттері болып табылады.

Ауыз сүт өндірісін дамытудың ең маңызды бағыты өнімнің биологиялық құндылығын айтарлықтай өзгертпей оның сақтау мерзімін арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта бұл мәселе негізінен зарарсыздандырылған сүт өндірісінің көлемін ұлғайту есебінен шешілуде.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта пастерленген сүттің сақтау мерзімін ұзартуға және оның функционалдық қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік беретін биотехнологиялық әдістерді қолдану үлкен қызығушылық тудыруда, бұл әдістер толық ақуыздың көзі бола отырып, құрамы жағынан көпкомпонентті, функционалдық және технологиялық қасиеттері бойынша биологиялық белсенді болып табылады және сыртқы факторлардың әсерінен қасиеттерін өзгертеді [3].

Дегенмен, зарарсыздандырылған сүт өнімдерін өндіруде қолданылатын қолданыстағы технологиялық шешімдер витаминдердің, алмастырылмайтын аминқышқылдарының және термиялық өңдеудің әдістері мен режимдерін өзгерту арқылы сақталуы мүмкін басқа да көрсеткіштердің төмендеуіне байланысты елеулі кемшіліктерге ие. Сонымен бірге пастерленген сүтті өндіру кезінде өнімнің қайта ластануын азайту әдістері туралы деректер жеткіліксіз, бұл оның сақтау мерзімін шектейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Жеткілікті жоғары сапалы және жақсы техникалық және гигиеналық жағдайларда шикі сүттен өндірілген кезде, қарапайым пастерленген сүт жабық қаптамада 5-7°C температурада сақтау мерзімі 8-10 күн болуы керек.

Дегенмен, шикі сүт ыстыққа төзімді ферменттік жүйелерді (липазалар мен протеазалар) түзетін микроорганизмдермен немесе пастерлеуден споралы күйде аман қалатын ыстыққа төзімді таяқшалармен ластанса, сақтау мерзімі айтарлықтай қысқаруы мүмкін [4].

Біз жоғары температуралық пастерлеу әдісін қолданамыз, ол алдын ала, әдеттегі пастерлеуді, одан кейін өте жылдам қыздыруды және жылдам салқындатуды қарастырады.

Ұзартылған сақтау мерзімінің бірыңғай анықтамасы жоқ, өйткені бұл тұжырымдама көптеген факторларды қамтиды. Негізінде бұл негізгі қайта ластану көздерін азайту және сүт өндірушіден тұтынушыға дейін өнім сапасын сақтау арқылы өнімнің жарамдылық мерзімін оның дәстүрлі сақтау мерзімінен тыс ұзарту мүмкіндігін білдіреді.

Осылайша, қазіргі уақытта сақтау мерзімін ұзарту үшін функционалды қасиеті бар пастерленген сүттің технологиясын жетілдіру өзекті болып отыр.

### Әдебиеттер тізімі

1. Барбашина М.А. Питьевое пастеризованное молоко с увеличенным сроком хранения / М.А. Барбашина, А.Н. Пономарёв // Молочная промышленность. – 2005. – № 5. – С. 25-26.
2. Зобкова З.С. Влияние температуры на характеристики напитков со стабилизаторами / З.С. Зобкова, Т.П. Фурсова // Молочная промышленность. – 2004. – №6. – С. 59-60.
3. Алексеева, Н.Ю. Состав молока как сырья для молочной промышленности / Н.Ю. Алексеева и др. М.: Агропромиздат, 1986. – 239 с.
4. Барабанщиков, Н.В. Качество молока и молочных продуктов. / Н.В. Барабанщиков. М.: Колос, 1980. – 255 с.

ҒТАХР: 65.33.29

**А.Қ. Жұмаева, Т.А. Байбатыров, Б.Б. Болат, А.Е. Өкшебаев**

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Орал қ., araikon\_90@mail.ru

### ҚҰЛМАҚ ШИКІЗАТЫН НАН ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Құлмақ – белгілі тағамдық және дәрілік өсімдік. Емдік құрал ретінде құлмақ ежелгі заманнан бері қолданылып келеді. Құлмақ өнімдерін өңдеу мынадай қасиеттерге ие болып табылады. Құрамында азотты, азотсыз экстрактивті, минералды және фенолды заттар, дайын өнімнің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін амин қышқылдар, сондай-ақ құлмақ құрамында микрофлораның дамуын тежейтін мирцен және мирценол, кариофиллен, гераниол, линалол, борнеол, гумулен эфир майлары мен ащы қышқыл ацилфлороглюцидтер (лупулон, гулупон, гумулон) бар .

Дерканосованың, Опиничеваның айтуынша көптеген аурулар, соның ішінде метаболикалық бұзылулар, дұрыс тамақтанбаудың салдары ретінде пайда болады. Кәдімгі құлмақ жапырақтарын нан рецептіне енгізу адамда тапшылығы бар өмірлік маңызды дәрумендермен, минералдармен және диеталық талшықтармен байытылған өнімді алуға мүмкіндік береді. Жаңа өнімде майдың мөлшерін 1,19-дан 1,10 г-ға дейін, көмірсуларды 68,95-тен 62,74 г-ға дейін төмендете алғандығы туралы мәлімет береді .Құлмақ жапырақтары қосылған нанның калория мөлшері дәстүрлі технология бойынша өндірілген нанға қарағанда 8,9%-ға төмен. Кәдімгі құлмақ жапырақтары қосылған нан ақуыздарының аминқышқылдарының жылдамдығын есептеу валин, изолейцин, фенилаланин және триптофанның жылдамдығы стандарт нәтижелерімен салыстырғанда сәйкесінше 4,8; 5,6; 2,4; 7,7% жоғары екенін көрсетті. Нанның екі түрінің антиоксиданттық белсенділігін зерттеу жаңа рецепт бойынша өндірілген нанның антиоксиданттық құрамы әдеттегіден екі есе дерлік жоғары екенін көрсетті.

Кәдімгі құлмақ жапырақтары қосылған нанның құрамында 5,205 г диеталық талшық бар, бұл адамның күнделікті диетасының 26% құрайды. Өзірленген нан-бұл химиялық қоспаларсыз тек пайдалы ингредиенттері бар функционалды өнім. Бұл нанды тұтыну адамдарға салауатты өмір салтын ұстануға, сондай-ақ арзан бағамен пайдалы және дәмді

өнімдердің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені инновациялық нан өндірісінде құлмақ өндірісінің қалдықтары қолданылады [1].

Коляданың, Толчикованың зерттеуі бойынша бұл мақала құлмақтың химиялық құрамына, оның жіктелуіне арналған. Диетада құлмақ тұтынудың емдік қасиеттері және наубайхана өндірісінде қолдану мүмкіндігі көрсетілген. Құлмақ тыныштандыратын, диуретикалық, спазмолитикалық әсерге, эстрогендік белсенділікке ие. Құлмақ конустары парфюмерияда, косметикада, нан пісіруде және басқа салаларда қолданылады. Беларусь Республикасында наубайхана өндірісінде құлмақ қоспалары шектеулі қолданылады. Бірақ соңғы уақытта құлмаққа деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Ғалымдардың бұрын жүргізген зерттеулері құлмақ қоспасы қосылған нан ішек моторикасын жақсартатын ферменттердің бөлінуін арттыру арқылы ұйқы безінің, бауырдың, өт қабының жұмысын жақсартатынын көрсетті. Мұндай нанды тұтыну тыныс алу органдарының ауруларын айтарлықтай төмендетеді, әл-ауқатты жақсартады, иммунитетті арттырады. Құлмақ сығындысы қосылған нанның құрамында барлық маңызды аминқышқылдары, көмірсулар, талшықтар, В дәрумендері, минералдар және микроэлементтер: тыныс алу ферменттерінің түзілуіне қатысатын кобальт, мыс кездеседі [2].

Ю.О. Клиндухованың зерттеуінде тәжірибелік өнеркәсіптік жағдайларда жоғары сапалы және қауіпсіз нан-тоқаш өнімдерін өндіру технологиясында құлмақ өңдеу өнімдерін пайдаланудың орындылығы мен тиімділігі теориялық тұрғыдан негізделген және расталған. Түйіршіктелген Құлмақты қолданудың теориялық және қолданбалы аспектілері алғаш рет зерттелді. Құлмақ өңдеу өнімдерінің биотехнологиялық қасиеттеріне (генеративті және ферментативті белсенділігі) және наубайхана ашытқысының көтерілуіне оң әсері анықталды. Құлмақты қайта өңдеу өнімдерінің түрі мен мөлшеріне байланысты бидай ұнының нан пісіру қасиеттеріне, қамырдың реологиялық қасиеттеріне және нан-тоқаш өнімдерінің сапасына әсері анықталды. Құлмақ өнімдерін қолдана отырып, нан-тоқаш өнімдерін өндірудің оңтайлы технологиялық параметрлері анықталды [3].

Печенкинаның, Гилязованың айтулары бойынша:

- құлмақ наны картоп ауруына төзімді;
- құлмақ нанында бөгде (ашытуға қатыспайтын) микроорганизмдер аз болады;
- наны жақсы дәм мен жағымды хош иіске ие;
- құлмақ наны жақсы сақталады;
- құлмақ нанында құлмақ отварында болатын кейбір дәрілік компоненттер бар.

Сонымен, құлмақ наны бұл ашытқы ашытудың қалыпты өнімі, дәмді, берік, пайдалы.

Құлмақтағы нан тек емдік әсерге ғана емес, сонымен қатар керемет дәмге ие, өте тойымды және жеңіл өнім. Өнімді тұтынған соң асқазанда ешқандай ауырлық сезімі болмайды. Ол ұзақ уақыт бүлінбейді және өзінің дәмін жоғалтпайды, ұзақ уақыт сақтаған кезде – тіпті 7-10 күннен кейін оны пышақпен кесуге болады [4].

Каратаеваның, Кукушкинаның, Алексеевтің мақаласында нарықтық қатынастар құлмақ шикізатының сапасына және кепілдендірілген жеткізілім көлеміне қатаң талаптар қояды. Әлемдік тәжірибе талданды, бұл құлмақ өнеркәсібінде инновациялық ресурстарды үнемдейтін технологияларға көшу тенденциялары бар екенін көрсетеді, бұл құлмақ өндірісінің тиімділігін ғана емес, сонымен қатар өндірілетін шикізаттың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Шикізаттың сапасы құлмақ өндірісінің технологиялық процесінің барлық кезеңдерінде құлмақ өндіру мен өңдеудің шешуші критерийі болып табылады. Мақалада сапалы құлмақ өнімдерін алуға бағытталған мәселелер қарастырылады. Құлмақ сапасының технологиялық, экономикалық және экологиялық көрсеткіштері, сондай-ақ оның сапасының критерийі-альфа қышқылының мөлшері анықталды. Альфа қышқылының жалпы жиналуын, оның бір центнерінің құнын, өнімнің өсуін, құлмақ шикізатының сапасын жақсарту нәтижесінде экономикалық тиімділікті анықтауға арналған есептеу формулалары ұсынылған. Инновациялық ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану құлмақ өнімдерінің сапасын арттыруға, құлмақ шаруашылығы саласының экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Құлмақ өндірушілеріне құлмақ нарығына үнемі маркетингтік зерттеулер

жүргізу, құлмақ өндіру мен өңдеудің заманауи инновациялық технологияларын енгізу; сапа критерийі мен сапа көрсеткіштерін ескере отырып, әртүрлі сатылымдағы құлмақ шикізатын жасау ұсынылады [5].

Алехина Н.Н., Пономарева Е.И., Урывская Н.В. зерттеулері бойынша құлмақ өңдеу өнімдерімен биоактивтендірілген бидай дәні негізінде қалың және құрғақ ашытқыларды дайындау тәсілдері әзірленді. Қамырдың қасиеттері мен биоактивтендірілген бидай дәнінің стартерлеріне негізделген өнімдердің сапасына құлмақ өңделген өнімдермен салыстырмалы бағалау жүргізілді. Қамыр 48% ылғалдылықпен иленді, оған 30% қалың ашытқы немесе 10% құрғақ ашытқы қосылды. Қамырды ашыту процесінде әр 30 минут сайын титрленетін қышқылдық, қамырдың көлемі және National (Manufacturing Lincoln, Nebraska) ризографында анықталған бөлінген көмірқышқыл газының көлемі анықталды. Пісіргеннен кейін 24 сағаттан кейін өнімдер органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштер бойынша талданды. Зерттеулер нәтижесінде биоактивтендірілген бидай дәнінен жасалған қоюландырылған ашытқымен дайындалған үлгілерде титрленетін қышқылдық, қамыр көлемі, ашыту процесінде бөлінген көмірқышқыл газының мөлшері және нанның меншікті көлемі жоғары екендігі анықталды. Органолептикалық көрсеткіштер бойынша өнімдер іс жүзінде ерекшеленбеді.

Нан-тоқаш өнімдерін дайындау кезінде Құлмақты қайта өңдеу өнімдерімен биоактивтендірілген бидай дәнінен қалың ашытқыларды қолдану сапа көрсеткіштері жақсартылған нан алуға мүмкіндік береді. Алайда, нан пісіру кәсіпорындарында құрғақ ашытқыларды қолдану қалың ашытқы дайындау процесін болдырмай, астық нанын дайындаудың технологиялық циклін күшейтуге, өндіріс алаңдарын қысқартуға, қосымша жабдықты пайдалануды болдырмауға мүмкіндік береді [6].

Құлмақ шикізаты қазіргі таңда көпке белгілі бауыр мен бүйрек проблемаларына, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары ауруларына ем болып келеді. Тыныс алуды реттейді және метаболизм процестерін белсенді етіп, әйел гормоны эстрогенді шығарады. Асқазан проблемалары бар адамдарға тағайындалады. Витамин тапшылығының алдын алады және ас қорыту жақсартады.

Бұл бізге өз кезегінде дұрыс тамақтануға септігін тигізеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Дерканосова А.А., Опиничева А.А. Изучение показателей качества хлеба с содержанием хмелепродуктов / А.А. Дерканосова, А.А. Опиничева // Вестник Мах. – 2017. – № 1. – С. 31-33.
2. Коляда Е.В., Толчикова А.И. Хлеб на хмелевой закваске / Е.В. Коляда, А.И. Толчикова // Пищевая технология. – 2017.
3. Клиндухова Ю.О. Совершенствование технологии хлебобулочных изделий с использованием продуктов переработки хмеля / Ю.О. Клиндухова // Известия вузов. Пищевая технология. – 2012. – № 2. – С. 33.
4. Печенкина О.Н., Печенкина М.Е. Забытые старые традиции выпечки хлеба на основе шишек хмеля / Печенкина О.Н., Печенкина М.Е. // Научно-методический центр Южно-Уральского государственного технического колледжа, 2019. – № 3, С. 3.
5. Каратаева О.Г., Кукушкина Т.С., Алексеев Ю.М. Показатели оценки качества хмелесырья / О.Г. Каратаева, Т.С. Кукушкина, Ю.М. Алексеев // VESTNIK FGOU VPO «MOSCOW STATE AGROENGINEERING UNIVERSITY NAMED AFTER V.P. GORYACHKIN. – 2019. – № 4. – С. 92.
6. Алехина Н.Н., Пономарева Е.И. Зерновой хлеб с продуктами переработки хмеля / Н.Н. Алехина, Е.И. Пономарева // Хранение и переработка сельхозсырья. – 2016. – № 12. – С. 31-33.



**А.Қ. Жұмаева, Т.А. Байбатыров, Г.Қ. Ғаділбекова, А.Е. Өкшебаев**  
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Орал қ., [gulnazgadilbekova@mail.ru](mailto:gulnazgadilbekova@mail.ru)

## **МАКАРОН ӨНДІРІСІНДЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ШИКІЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Дайын өнімнің сапасын жоғарылату – тамақ өнеркәсібі алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі. Бұл сұрақтың шешімін табу дайын өнімнің сапасын жоғарлату үшін тұтас кешенді шараларды жасаумен байланысты. Макарон өнімінің сапасын жоғарылатуда оның ассортиментін кеңейтуге, өнімнің шығымын жоғарылатуға, буып-түюге көп көңіл бөлу керек [1].

Қазіргі кезде макарон өндірісінде қолданылатын қоспалардың түрлері біршама ұлғайтылған. Макарон өндірісіндегі дәстүрлі емес шикізаттар ретінде әр түрлі дәнді өсімдіктердің (бидайдан өзге) дәндері мен тұқымын өңдеу барысында алынған өнім түрлері, түйнекті жемістер, сондай-ақ оларды өңдеу барысында алынған жанама өнімдері алынады. Жалпы шикізаттарды таңдаудағы маңызды мәселе: олардағы ақуыздың мөлшері мен құрамы, биологиялық құндылығы, құнарсыз заттарды шығарып алу мүмкіндігінің болуы, сақтауға қабілеттілігі, ауа-райының өзгерістеріне төзімділігі және өсімдіктің шығымдылығы болып табылады [2].

Яғни, өнімнің сапасы үшін шикізат пен технологиялық процесстердің әсері ерекше. Осыған байланысты, макарон өнімдерінің сапасын арттырудың әртүрлі жолдарын және макарон өндірісінде қолданған әртүрлі дәстүрлі емес шикізаттарды келесідей әдебиеттерге шолу жасау арқылы қарастыратын боламыз.

Калитка Д.А., Саидов А.М., Бугубаева А.У мақаласында өнімнің осы түрін жасау үшін қамырға аскорбин қышқылын қолдану арқылы макарон өнімдерінің сапасын арттыру мәселесі зерттелген. Зертханалық зерттеу арқылы аскорбин қышқылының макарон өнімдерінің сапасына әсері зерттелді. Аскорбин қышқылын 0,01% пайызбен енгізу ең оңтайлы және ұтымды болатыны анықталды, бұл макарон өнімдерінің сапасын едәуір жақсартады [3].

Малютина Т.Н., Туренко В.Ю мақаласында жүргізілген зерттеулер макарон өнімдерін олардың құрамына дәстүрлі емес ұн сияқты рецепт компонентін енгізген кезде сапалы өнім алу мүмкіндігін көрсетті. Макарон өнімдерінің сапасын талдау кезінде алынған нәтижелерге сүйене отырып, қолданыстағы нормативтік құжаттаманың талаптарына жауап беретін жақсартылған тағамдық құндылығы бар өнімді алу үшін дәстүрлі емес ұнның ұсынылатын дозасы 20% құрайды. Макарон өнімдерінің рецептурасына дәстүрлі емес ұнды енгізу өнімді толық ақуызбен, дәрумендермен және минералдармен байытады және технологиялық процесте айтарлықтай өзгерістер тудырмайды [4].

Бочкарева И.А., Попов В.П., Зинюхина А.Г мақаласында макарон өнімдерін өндіруде асқабақ целлюлозасын қосудың әсері қарастырылады, макарон қамырын дайындау үшін наубайхана ұны мен асқабақ целлюлозасының оңтайлы қатынасы белгіленеді. Кешенді сапа көрсеткіштері мен органолептикалық қасиеттерді сараптамалық бағалау негізінде осы рецепт бойынша макарон өнімдерін өндіру режимдері оңтайландырылады. Олардың ойынша, макарон ұнының массасына ылғалдылығы 33,5-34% құрайтын 7-8% асқабақ целлюлозасын қосу дұрыс деп қарастырылады.

Бұл ретте сапаның кешенді көрсеткіші кемінде 75 балл, органолептикалық қасиеттерінің сараптамалық бағасы кемінде 200 балл және процестің өту тиімділігін көрсететін кешенді көрсеткіші кемінде 70 балл болатын макарон өнімдерін тұрақты түрде алуға болады [5].

Искакова Г.К., Изтаев Б.А., Магомедов Г.О., Умирзакова Г.А мақаласында макарон өнімдері басқа ұн өнімдерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие деп көрсеткен

болатын. Олар: негізгі қоректік заттардың жоғары сіңімділігі, ұзақ сақтау мерзімі, төмен құны және халықтың кез келген тобына қол жетімділігі. Функционалды макарон өнімдерін құрудың ең ұтымды тәсілі-тағамдық құндылығын арттыруға, органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін жақсартуға, жаңа сорттар тобын құруға, өндірістің технологиялық процестерін күшейтуге, төмен макарон қасиеттері бар шикізатты өңдеу кезінде сапаны жақсартуға, негізгі және қосымша шикізатты үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өсімдік тектес табиғи ингредиенттерді рецептураға енгізу.

Бидай мен ұнның органолептикалық, физика-химиялық, биохимиялық көрсеткіштерін талдау нәтижелері бойынша бидай мен ұнның сапасы стандарттардың талаптарына сәйкес келеді деп айтуға болады. Полидисперсті жүгері, ноқат, амарант ұны және сәбіз ұнтағының химиялық құрамын зерттеу нәтижелері жоғары тағамдық құндылығын, оларды макарон өнімдерін ақуыздармен, минералдармен, органикалық қышқылдармен, дәрумендермен және табиғи бояғыштармен байыту үшін биологиялық белсенді қоспалар ретінде пайдалану мүмкіндігін көрсетеді [6].

Садыгова М.К., Богатырев Д.С., Паршикова Т.М мақаласында қоспалары бар макарон өнімдерінің рецептері зерттелді. Тағамдық құндылығын арттыру, минералдар мен дәрумендермен байыту мақсатында оларды қоспалармен байыту шешімін таңдау және іздеу қазіргі уақытта өзекті болып табылады. Зерттеулер Оңтүстік-Шығыс ғылыми-зерттеу институтының жаздық қатты бидайды өсіру және тұқым өсіру зертханасында, Саратов ГАУ «тамақ технологиясы» кафедрасының УНИЛ-де жүргізілді. Байытатын қоспалар ретінде амарант, зығыр, бидай, тары ұны таңдалған. Дайын макарон өнімінің сапасының органолептикалық көрсеткіштері зерттелді. Макарон технологиясында тары ұнын қолданудың орындылығы негізделген зерттеулер нәтижесінде келесі тұжырымдар жасауға болады: макарон рецептурасына тары ұнының 10%-н енгізген жөн, ал сапа көрсеткіштері қатты бидай дәнінен жасалған макароннан сәл төмен [7].

Байытылған және функционалды жаппай тұтынылатын тамақ өнімдерінің жаңа рецептері мен технологияларын, сонымен қатар өнім сапасын одан әрі арттыру мысалы, өсімдік қоспалары бар макарон өнімдерін жасау кезінде басқа авторлардың осы бағытта жүргізген ғылыми зерттеулері сөзсіз пайда әкеледі.

Көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстары калорияны төмендетуге, тағамдық құндылығын арттыруға, функционалды тағамдық ингредиенттермен байытуға, өнім сапасын арттыруға ықпал ететін макарон өндірісі үшін шикізат пен байытатын қоспалардың жаңа көздерін іздеуге бағытталған, бұл осы бағыттың өзектілігін көрсетеді.

Ұсынылған талдау макарон саласының жай-күйі мен даму бағыттарын бағалауға, жергілікті шикізат базасын неғұрлым толық пайдаланудың жаңа тәсілдерін табуға, шығарылатын өнімдердің сапасын жоғарылатуға, өнімдердің ассортимент желісін кеңейтуге көмектеседі.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Изтаев Ә., Жиенбаева С.Т., Байысбаева М.П. Өңдеу өндірістерінің технологиясы / Изтаев Ә., Жиенбаева С.Т., Байысбаева М.П. – Алматы: Оқулық, 2012 – 631 б.
2. Байысбаева, М. П., Исакова, Г. К. Макарон өндірісінің технологиясы: Оқу құралы [Текст] / М. П. Байысбаева, Г. К. Исакова – Алматы. – 2020 – 185 б.
3. Калитка Д.А., Саидов А.М., Бугубаева А.У. Повышение качества макаронных изделий внесением аскорбиновой кислоты в тесто / Д.А. Калитка, А.М. Саидов, А.У. Бугубаева // Аграрная наука: современные проблемы и перспективы развития. – 2018. – С. 79-83.
4. Малютина Т.Н., Туренко В.Ю. Исследование влияния нетрадиционного вида муки на качество макаронных изделий из мягкой пшеницы / Т.Н. Малютина, В.Ю. Туренко // Вестник ВГУИТ/Proceedings of VSUET. – 2016. – № 4. – С. 66-71.
5. Бочкарева И.А., Попов В.П., Зинюхина А.Г. Оптимизация процесса производства макаронных изделий специального назначения с использованием тыквенной мезги / И.А. Бочкарева, В.П. Попов, А.Г. Зинюхина // ВЕСТНИК ОГУ. – 2014. – № 9. – С. 266-230;

6. Искакова Г.К., Изтаев Б.А., Магомедов Г.О. Обоснование применения обогащающих добавок из растительного сырья в производстве макаронных изделий / Г.К. Искакова, Б.А. Изтаев, Г.О. Магомедов и др. // Вестник ВГУИТ/ Proceedings of VSUET. – 2019. – № 3. – С. 111-117;
7. Садыгова М.К., Богатырев Д.С., Паршикова Т.М. Исследование влияние обогащающих добавок на качество макаронных изделий / М.К. Садыгова, Д.С. Богатырев, Т.М. Паршикова // Научно-практический электронный журнал Аллея Науки. – 2018. – № 6. – С. 1-7.

ГТАХР: 65.59.29

**Р.Б. Шамакова, С. Әлтайұлы**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Астана қ., sagimbek@mail.ru, shamakova1012@mail.ru

### **АСҚАБАҚТЫ ҚОЛДАНЫП ЕТ ЖАРТЫЛАЙ ФАБРИКАТЫН ДАЙЫНДАУ**

Бұл тезисте өсімдік шикізаты ретінде асқабақты қосып және жұмыртқаны алмастырғыш ретінде сұлы жармасын қосып котлет жартылай фабрикатының дайындалу үлгісі және оның организмге тигізер пайдасы туралы жазылған. Негізгі шикізат ретінде жоғары сұрыпты жылқы және құс еттері таңдалды.

Бүгінгі таңда қоғамдағы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі адамның тамақтануы болып табылады. Ет өнімдеріне тұтынушылық сұраныстың жоғары болуы нәтижесінде, қазіргі таңда ет өнімдерін өндіру технологиясы және тиімді тамақтану бағытын жаңа қырынан қарастырып, халыққа бағасы жағынан тиімді, қол жетімді, сонымен қатар сапасы жағынан жоғары функционалды ет жартылай фабрикаттарының дайындау технологиясын жасау бағыты дамып келеді. Заманауи жағдайларда қоғамдық тамақтандыру өндірістерінің ет цехтары – аса кең ассортименттерден тұратын және жеке топшаларға жіктелген тағамдық өнімдер өндіруге қабілетті. Ол өнімдер өзіндік рецептуралық құрамы және жасау технологиясы, тұтынушылық қасиеттері бойынша бір-бірінен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасының тамақ өндірісінің басты дамушы бағыттарының бірі еттен жасалатын жартылай фабрикаттардың жаңа түрлерін шығару болып табылады. Сондықтан, қазіргі таңдағы ет өндірісінің преспективалы дамып жатқан бағыттарының бірі өсімдік шикізаттарын немесе дәнді-дақылдарды, майлы дақылдарды қоса отырып, құрамы жағынан ақуыз, май, көмірсу және минералды заттарға бай болып келетін жаңа өнімдердің рецептурасын және технологиясын жасап шығару. Бұл сала тұтынушыларға экологиялық таза өнім береді [1].

Зерттеудің өзектілігі, ет жартылай фабрикаттарын шығаратын өндіріс орындарының жыл сайын жаңа өнімдер шығаруымен, яғни ассортименттерін кеңейтуімен сипатталады. Жоғарыда айтыла кеткендей ет өндірісінде, құрамы бойынша дәрумендерге, көмірсуларға, макро, микро элементтерге және майларға, т.б. бай функционалды бағыттағы жаңа өнімдердің рецептурасын жасап шығару маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің негізгі мақсаты, өсімдік шикізаты ретінде асқабақты қолданып, ет жартылай фабрикатын дайындау болып табылады:

- өсімдік шикізатын қолданып ет жартылай фабрикатын дайындау тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізу;
- асқабақты ет жартылай фабрикаттарын дайындауда қолданудың артықшылықтары;
- сұлы жармасының пайдалылығын қарастыру.

Осы орайда, әдеби шолу бөлімі SCOPUS материалдары және патенттер негізінде жазылды. Әдеби шолу бөлімін жазған кезде алыс, жақын шет елдер және Қазақстан бойынша патенттік ізденістер жүргізілді.

Қарастарылған патенттер (Қазақстан бойынша):

15.04.2015 жылы шыққан № 29700 «Способ производства функционального мясного продукта для школьного питания». Авторлары: Петченко В.И, Таева А.М, Петченко А.А.

Бұл патент ет өнеркәсібінде және қоғамдық тамақтандыруда, атап айтқанда, мектеп тағамдарына арналған фарштан функционалды пішінделген өнімдерді өндіруге қатысты.

Әдістің артықшылығы – котлет жартылай фабрикаттарының құрамын дайындаған кезде, негізгі шикізаттың 20-25%-ын ұсақталған өсімдік шикізатымен – асқабақ және теңіз қырыққабатымен(ламинария) алмастырумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, өнертабыс тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары функционалды жартылай фабрикат өнімдерін ассортименттерін кеңейтумен сипатталады.

Әдістің кемшілігі – дайындалу процесінің ұзақтығы, көп сатылы процестер есебінен энергия шығынының жоғарылауы [2].

Жақын шет елдер бойынша:

21.09.2017 жылы шыққан RU 2 631 386 «Способ производства мясных рубленых полуфабрикатов». Авторлары: Хамищаева А.С, Будаев А.Р, Дзиова А.А, Дзагоева Р.Т, Зокоева С. Ф, Малиева И.О, Исригова Т.А.

Бұл патент ет өнеркәсібінде, атап айтқанда, тартылған жартылай фабрикаттарды өндіруге қатысты және оны қоғамдық тамақтандыруда қолдануға бағытталған. Өнертабыстың техникалық мақсаты – жабайы өсімдіктер қоспасынан(цикорий мен элекампан) инулин қосылған жаңа өнімдер – тартылған жартылай фабрикаттардың технологиясы мен рецептурасын әзірлеу. Цикорий мен элекампанның жабайы өсімдіктерінің қоспасынан алынған инулин негізіндегі жартылай фабрикаттар мыналарды қамтамасыз етеді:

- дайын өнім сапасының орнанолептикалық көрсеткіштерін жақсарту;
- ет туралған жартылай фабрикаттарының тағамдық құндылығын арттыру.

Әдістің артықшылығы – тағамдық құндылығы жоғары жартылай фабрикаттардың ассортименттерін кеңейту.

Әдістің кемшілігі – дайын котлет жартылай фабрикаттарының тағамдық құндылығының шектеулі болуы [3].

Бұл қарастырылған патенттердің кемшіліктерін ескере отырып, дәмі жағынан кезкелген жастағы тұтынушыларға ұнайтындай, тағамдық және биологиялық құндылығы жағына пайдалы ет жартылай фабрикаттарын дайындаймыз.

Асқабақты алу себебім, асқабақ қосылған ет жартылай фабрикаттары биологиялық және тағамдық құндылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, асқабақтың құрамында адам организмі үшін пайдалы болып табылатын көптеген дәрумендер бар, атап айтатын болсам А, С, Е және В дәрумендері, сондай-ақ қанның ұюына байланысты өте аз кездесетін К дәрумені бар. Сонымен қатар, асқабақтың құрамында Т дәрумені де кездеседі, ол адам ағзасындағы метаболикалық процестерді нығайтып, ауыр тағамның тез сіңуіне ықпал етеді және артық салмаққа жол бермейді. Сондықтан, денсаулығына қамқорлық жасайтын адамдардың барлығы асқабақ қосылған өнімдерді тұтынуы керек деп есептеймін [4].

Сонымен қатар, ет жартылай фабрикаттарының құрамына жұмыртқаны алмастырғыш ретінде қосылатын сұлы жармасының да пайдасы сан алуан, мысалы, сұлы жармасының құрамында А, Е, К, РР дәрумендері, кейбір В дәрумендері, сондай-ақ минералды заттар да кездеседі, сондай-ақ сұлы құрамында дәрумендер мен минералдардың сіңуіне ықпал ететін аминқышқылдары бар және асқазан-ішек жолдарының қалыпты жұмыс жасауына, қандағы холестерин деңгейін төмендеуіне, тырнақтарға, шашқа, теріге пайдалы әсер етеді. Сұлы жармасы, жұмыртқаны алмастырғыш ретінде қолданылатын таптырмас өнім.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында, асқабақ қосылған ет жартылай фабрикаттарының дайындалу жолын патенттер негізінде қарастырып әдеби шолу жүргізілді. Сонымен қатар, өсімдік шикізаты ретінде өнім құрамына қосылатын асқабақтың және жұмыртқаны алмастару мақсатында қосылатын сұлы жармасының адам организміне тигізер

пайдасы туралы жазылды. Нәтижесінде асқабақ қосылған ет жартылай фабрикаттары тағамдық және биологиялық құндылықтары жағынан жоғары болатындығы анықталды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Таева А.М., Курманбекова А.К. Совершенствование технологии мясных полуфабрикатов // Инновационное развитие пищевой, легкой промышленности и индустрии гостеприимства: материалы научно-практической конференции. – Алматы. – 2014. – С. 36-37.
2. Петченко В.И, Таева А.М, Петченко А.А. Патент № 29700 «Способ производства функционального мясного продукта для школьного питания». 2015, [Электрондық ресурс] – URL: <https://kzpatents.com/3-ip29700-sposob-proizvodstva-funkcionalnogo-myasnogo-produkta-dlya-shkolnogo-pitaniya.html> (қаралған уақыты – 06.03.2023).
3. Хамищаева А.С, Будаев А.Р, Дзиева А.А, Дзагоева Р.Т, Зокоева С. Ф, Малиева И.О, Исригова Т.А. Патент RU 2631386 «Способ производства мясных рубленых полуфабрикатов». 2017, [Электрондық ресурс] – URL: <https://patentimages.storage.googleapis.com/c4/4e/0e/3cbf261937f18d/RU2631386C1> (қаралған уақыты – 02.10.2023).
4. Даников Н.И., Константинов Ю. Целебная тыква. – Москва: «Э», 2017. – 288 с.

ҒТАХР: 65.59.03

<sup>1</sup>Б.М. Искаков, <sup>1</sup>М.М. Какимов, <sup>2</sup>О.А. Кузнецова, <sup>1</sup>Ж.И. Сатаева

<sup>1</sup>«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, Астана қ., [baissemeu@bk.ru](mailto:baissemeu@bk.ru)

<sup>2</sup>«В.М. Горбатов атындағы тамақ жүйелерінің Федералдық ғылыми орталығы» Федералдық мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесі, Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.

### МАҚСАРЫ МАЙЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕГІ МАТЕРИАЛМЕН ТАЗАРТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Қазақстанда майлы дақылдар азық-түлік және өнеркәсіп салалары үшін майлардың маңызды көзі болып табылатын аграрлық секторда шешуші рөл атқарады. Осы сектордың қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары майлы дақылдардың егіс алқаптарын ұлғайтуға және олардың өнімділігін арттыруға деген ұмтылысты көрсетеді [1, 2].


Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасы әлемде майлы дақылдарды экспорттау мен импорттаудан алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып табылады. Мысалы үшін, әлемдегі 63% өндірістің көлемі Қазақстан, Ресей мен Мексиканың еншісінде. 2022 жылы экспорт 6,5% өскен және әлемдегі 86% экспортты Қазақстан мен Ресей қамтамасыз етуде. 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында өсімдік майларын экспортқа шығару көлемі 50%-ға артып, 388,1 мың тоннаға жеткен. Негізгі өсімдік майын өндірушілер өңірлеріге Шығыс Қазақстан (181 мың тонна), Абай облыстары (61,7 мың тонна) мен Шымкент (41,5 мың тонна) қаласы болып табылады [3].

Климаттың өзгеруіне байланысты майлы дақылдарды өсіру бойынша тенденциялар өзгеріп, жерді талғамайтын және құрғақшылыққа төзімді майлы дақылдарға деген сұраныс өсуде. 2021 жылы «Аграрлық несиелік» компанияның мәлімдеуінше, мақсары дақылымен айналысатын 60-тан астам фермер жалпы сомасы 760,4 млн. теңгемен қаржыландырылған. Сол себепті Қазақстанда мақсарыны өсіру мен экспорттау жұмыстарын қарқындытып, 2022 жылы Қазақстан, Ресей мен Нидерланды елдерімен бірге әлемдік экспорттың 79% құрады. Алайда, Қазақстан мақсарыны экспортқа шикізат түрінде қалай шығарса, шамамен дәл сол көлемде импорт (өнім түрінде) түрінде қайта сатып алады [4].

Жоғарыдағы ақпараттарға сүйенетін болсақ, Қазақстан әлі де шикізатпен ғана қамтамасыз ететін мемлекеттер қатарында екенін көре аламыз, себебі шикізат

ресурстарының рациональды пайдаланылмауы, өнім сапасының жоғарғы стандартқа сай келмеуі, жоғары өнімдер өндiретiн техника мен технологияның жетiспеушiлiгi, мақсары майының танымалдылығының төмендiгi. Мақсарыны шикiзат ретiнде өсiруден басқа, оны өнiм ретiнде экспортқа шығару мен iшкi нарықтағы бәсекелестiктi арттыру мақсатында мақсары майын өндiру жұмыстарына назар аудару қажет. Ал сапалы өнiм алу үшін, мақсары майын өндiру технологиясын, оның iшiнде тазарту жұмыстарын жетiлдiру қажет. Престеуден кейiнгi мақсары майын механикалық қоспалардан тазарту негiзгi және маңызды процестердiң бiрi болып табылады. Себебi престен кейiнгi мақсары майдың құрамындағы iлеспе заттар мен қоспалар майдың сапасын және органолептикалық қасиеттерiн төмендетiп, сақтау мерзiмiн қысқартады [5-7].

Жоғарыдағы мәселелердi шешу мақсатында, мақсары майын механикалық қоспалардан тазарту үшін сүзгi материалы бар конусты роторлы центрифуганы пайдаланамыз. Ал сүзу материалы ретiн астық өндеу немесе май дақылдарын қайта өндеудың екiншiлiк өнiмдерi алғаш рет қолдану көзделуде, бұл сүзу материалдары мақсары майын тазартып ғана қоймай, адам денсаулығына пайдалы макро- және микроэлементтермен және т.б. пайдалы заттармен байыту мүмкiн [8].



Сурет 1 – Конусты роторлы центрифуга:

*а – конусты роторлы центрифуганың жалпы көрiнiсi: 1 – тиеу шаанағы; 2 – электроқозғалтқыш жетегi; 3 – сыртқы сүзу роторы; 4 – iшкi сүзу роторы; 5 – тұнба шығатын құбыр; б – тазартылған май шығу құбыры; б – сүзу роторының жұмыс iстеу сұлбасы*

Конусты роторлы центрифуганың негiзгi жұмысшы органы ретiнде сүзу роторы болып табылады. Жоғарыдағы суретке назар аударатын болсақ, мұнда сыртқы және iшкi сүзу роторлары орнатылған, ротораралық кеңiстiкте сүзу материалы орналасқан. Сүзу материалы мақсары майын механикалық қоспадан тазарту мен оның құрамындағы құнды заттарды сақтап, адам ағзасына пайдалы заттармен байыту үшін ортатылған.

Сүзу материалы ретiнде астық пен майлы дақылдардың қайта өндеудiң екiншiлiк өнiмдерiнiң iшiнде бидай, қарабидай, сұлы кебектерi және зығыр талшықтары пайдаланылды. 1-шi кестеге назар аударатын болсақ, бұл өнiмдер адам ағзасына пайдалы макро- және микроэлементтерге, дәрумендер мен минералдарға бай болып келедi.

1-шi кестеге қарасақ, бидай, қарабидай мен зығыр талшықтарының құрамында тағамдық талшықтар мен дәрумендердiң мөлшерi жоғары екенiн көреміз.

Сүзiлген мақсары майының шығымы мен кебектерде қалған майдың мөлшерi 2 кестеде көрсетiлген.

Жоғарыдағы зерттеу нәтижелерiн талдайтын болсақ, 4 түрлi сүзу материалдары арқылы мақсары майын сүзу нәтижесiнде майдың шығымы жоғары сұлы мен зығыр талшықтарында болғанын көреміз, ал ең төмен майдың шығымы бидай мен қарабидай кебектерiнде болған.

Кесте 1 – Астық пен майлы дақылдардың қайта өңдеудің екіншілік өнімдерінің химиялық құрамы

Астық пен майлы дақылдардың қайта өңдеудің екіншілік өнімдері	Ақуыздар, г	Майлар, г	Көмірсулар, г	Тағамдық талшықтар, г	B1, %	B6, %	E, %	Fe, %	Zn, %
Бидай кебегі	14,7	4,1	23,5	43,6	50	65	69	78	61
Қарабидай кебегі	15,5	3,8	17	43,6	36	21	10	56	36
Сұлы кебегі	17,3	7	50,8	15,4	78	8,3	6,7	30	26
Зығыр талшықтары	16	4,3	64,5	43,6	50	9	69	78	59

Кесте 2 – Кебектер арқылы сүзілген мақсары майының шығымы

Астық пен майлы дақылдардың қайта өңдеудің екіншілік өнімдері	Май шығымы, %			Сүзуден кейінгі кебектердегі май мөлшері, %		
	№1	№2	№3	№ 1	№ 2	№ 3
Бидай кебегі	84	87	83	16	13	17
Қарабидай кебегі	84	88	86	16	12	14
Сұлы кебегі	91	92	91	9	8	9
Зығыр талшығы	92	92	93	8	8	7

Алынған мәліметтердің нәтижесінде өңделмеген және престелмеген зығырдың екіншілік өнімдері арқылы сүзілгеннен кейін мақсары майының шығымы 92% құрайды және сәйкесінше шығындар 21% құрайды. Майдың ең көп шығымы зығыр талшығы (93%) арқылы сүзілгеннен кейін қол жеткізілді, сонымен қатар осы сүзгіден кейін тұнбаның мөлшері ең аз болғанын көрдік.

Органолептикалық қасиеттерін талдау нәтижесінде мақсарыға тән иісі, дәмі мен түсі бар. Сүзуден кейінгі мақсары майларының органолептикалық қасиеттері мен майдың шығымын зерттеу нәтижесінде сүзу материалы ретінде зығыр талшықтарын қолдану тиімді деген қорытындыға келдік.

Зығыр талшықтарын сүзу материалы ретінде таңдаудан кейін, аталмыш материал арқылы сүзілген мақсары майының майқышқылды, бейорганикалық құрамы мен токоферолдар саны анықталды.

Мақсары майының май қышқылды, бейорганикалық құрамы мен токоферолдары санын зерттеу нәтижесінде, құрамындағы қаныққан май қышқылдарының мөлшері төмендеп, моно- және полиқанықпаған қышқылдардың (олеин, беген, цис-10-гептадецен мен цис-линол қышқылдары) мөлшері артқанын көреміз, сонымен қатар бейорганикалық құрамы барлық нормаларға сай, ал токоферолдары (556,7±4,816) саны жоғарлағанын байқаймыз.

Қортындылай келе, конусты роторлы центрифугалау жабдығымен мақсары майын таразту нәтижесіне бірнеше сатылы тазарту жұмыстарының қажеттілігін жоямыз, оның ішінде органикалық еріткіштер мен химиялық заттарды пайдалану дәріжесін төмендетеді, ал сүзу материалы ретінде пайдаланылатын екіншілік шикізаттар майдың құрамын биологиялық құнды заттармен байытады.

Сонымен қатар, жергілікті ресурстарды рационалды пайдалануға, шикізат базасын өдірістің өзіндік есебінен шешу нәтижесінде өнімнің өзіндік құнын елеулі арзандатуға, қалдықсыз технологияны дамыту мен қоршаған ортаға айтарлықтай кері әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Мақсары майының майқышқылды, бейорганикалық құрамы мен токоферолдар саны

Көрсеткіштердің атауы	Сипаттамалары мен нормалары	Сүзуге дейінгі нәтижелер	Сүзуден кейінгі нәтижелер
<b>Қаныққан май қышқылдары</b>			
Каприл қышқылы C8:0	нормаланбайды	0,94±0,198	-
Миристин қышқылы C14:0	До 1,0	0,35±0,121	0,07±0,054
Пальмитин қышқылы C16:0	2,0-10,0	7,6±0,563	4,34±0,425
Стеарин қышқылы C18:0	1,0-10,0	2,56±0,327	1,81±0,275
<b>Моноқанықпаған май қышқылдары</b>			
Пальмитолеин қышқылы C16:1	До 0,5	0,08±0,058	0,05±0,046
Олеин қышқылы C18:1	7,0-12,2	12,13±0,711	18,31±0,874
Арахин қышқылы C20:0	До 2,5	0,33±0,117	0,30±0,112
Беген қышқылы C22:0	До 0,5	0,1±0,065	0,24±0,100
Цис-10-гептадецен қышқылы C17:1	нормаланбайды	0,1±0,065	0,23±0,098
Гадолеин қышқылы C20:1	нормаланбайды	0,06±0,050	0,11±0,068
<b>Полиқанықпаған май қышқылдары</b>			
Цис-линол қышқылы C18:2	55,0-81,0	74,82±1,766	82,52±1,854
А-линолен қышқылы 18:3	До 1,0	0,95±0,199	0,22±0,096
<b>Бейорганикалық құрамы: (мг/кг, аспауы тиіс)</b>			
Темір	5,0	0,024±0,032	0,045±0,043
Фосфор	нормаланбайды	0,067±0,053	0,346±0,120
Кремний	нормаланбайды	0,066±0,052	0,249±0,102
Күкірт	нормаланбайды	0,085±0,059	0,0
Хлор	нормаланбайды	0,091±0,062	0,466±0,139
Кальций	нормаланбайды	0,107±0,067	0,236±0,099
Токоферолдар (мг/кг)	230-660	508,26±4,602	556,7±4,816

### Әдебиеттер тізімі

1. Aidarkhanova G. Assessment of quality and food safety of vegetable oils produced in various regions of kazakhstan / G. Aidarkhanova et al. // Научный журнал «Доклады НАН РК». – 2021. – №. 3. – С. 5-11.
2. Toishimanov M. Comparative Analysis and Determination of the Fatty Acid Composition of Kazakhstan's Commercial Vegetable Oils by GC-FID / M. Toishimanov et al. // Applied Sciences. – 2023. – Т. 13. – № 13. – С. 7910.
3. Қазақстан үлестіреді өндірісін сафлороводық май: [<https://agroinfo.kz>]. URL: <https://agroinfo.kz/kazakhstan-uvlichivaet-proizvodstvo-saflorovogo-masla/>
4. Baltabayeva A. et al. Development of oil and fat industry in Kazakhstan / A. Baltabayeva et al. // Problems of AgriMarket. – 2019. – № 1. – С. 193-200.
5. Katkade M.B. Fatty acid profile and quality assessment of safflower (Carthamus tinctorius) oil at region / M.B. Katkade et al. // Journal of Pharmacognosy and Phytochemistry. – 2018. – Т. 7. – № 2. – С. 3581-3585.
6. Ebrahimian E. Seed yield and oil quality of sunflower, safflower, and sesame under different levels of irrigation water availability / E. Ebrahimian et al. // Agricultural Water Management. – 2019. – Т. 218. – С. 149-157.
7. Karimov M.R. et al. Safflower seed cleaning machine and determining the rotational speed of its supplying roller / M.R. Karimov et al. // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – 2021. – Т. 868. – №. 1. – С. 012050.
8. Mursalykova M. et al. Development of a small-size processing line for production of safflower oil / M. Mursalykova et al. // Journal of Food Process Engineering. – 2023. – Т. 46. – №. 9. – С. e14394.



**М.К. Канатова, А.Қ. Мұратова, Г.Қ. Советбекова, Е.Қ. Бахты, А.Б. Леонидова**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ, albinamuratova111@mail.ru, kanatova.mad@yandex.kz,  
sovetbekova\_gulnaz@mail.ru, bahtinova\_erkezhan@mail.ru

## **ТАМАҚ ӨНДІРІСІНІҢ ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Қазіргі уақытта азық түлік өндірісіндегі маңызды тенденциялардың бірі мыналарға байланысты функционалды немесе денсаулыққа пайдалы өнімдерге, яғни тұтынушылардың сұранысы жоқ өнімдерге олар зиян келтірмейді, сонымен қатар жүрек ауруы, остеопороз, қатерлі ісік сияқты ауруларды емдейді немесе алдын алады, қант диабеті және т. б. медицина институтының тамақ және тамақтану кеңесі функционалды тағамдарды анықтады «денсаулыққа пайдалы болуы мүмкін кез-келген тағам немесе тағамдық ингредиент сияқты құрамында дәстүрлі қоректік заттар бар». «Функционалды тамақ» термині Жапония 80-ші жылдардың ортасында алғаш рет енгізілді және ингредиенттерге бай қайта өңделген өнімдер жатады [1]. Сонымен қатар дененің белгілі бір функцияларына көмектеседі. Азық-түлікті өңдеудің әртүрлі мүмкіндіктерін ескере отырып, денсаулыққа пайдалы тағамдарды екі санатқа бөлінеді:

- ерекше функционалдық қасиеттері бар өнімдер;
- қажетті функционалдылықты қамтамасыз ете алатын табиғи ингредиенттермен байытылған өнімдер.

Азық-түліктің нақты функционалдығына әр түрлі функциялар арқылы қол жеткізуге болатын процестер. Олардың ішіндегі ең маңыздыларының кейбірі биотехнологияға негізделген. Гендік инженерия мүмкін болмаса да өңдеу әдісі ретінде анықталады, белгілі бір жетістіктерге жетудің ең тікелей жолы не екенін түсіну маңызды. Азық-түліктің функционалдық қасиеттері шикізаттың гендік инженериясы болып табылады. Бұл жаңа технологиялар мыналарға негізделген: белгілі бір жасушаларда кездесетін гендердің өзгеруі. Түпкі мақсат-жаңа өнімдерді алу жаңа және жақсы функционалдық қасиеттері немесе арнайы құрамы [2].

Әлеуетті салалардың бірі болып табылатын гендік инженерия сияқты жақсартылған органолептикалық қасиеттері бар тағамдық материалдар жақсы белгілі «ФлавТ-Саур» қызанақтары, олар да жақсартылған құрылымға ие. Мысалы, көтерілген өнімдер олеин қышқылы жоғары жүгері немесе қызанақ сияқты тағамдық құндылығы құрамында ликопен мөлшері жоғары [3], сондай-ақ резвератрол концентрациясы жоғарылаған ақ шараптар трансгенді шараптар мен ашытқы штамдарын және т. б. Осы мағынада тұтынушылардың белгілі бір топтары үшін тамақ өндіруге болады, мысалы гипоаллергенді тағамдар, онда белгілі бір ақуыз немесе пептид жойылды. Сондықтан, біз адам геномы және кейбір аурулардың генетикалық негізі туралы көбірек білеміз, болуы мүмкін қатерлі ісік қаупін азайтады.

Ферменттер тағамды өңдеу үшін де кеңінен қолданылады, бірақ бұл классикалық болып саналатын биотехнологиялық процесс. Бұл саладағы жаңа жетістіктер ферменттерді иммобилизациялау әдістері болып табылады және жасушалар, сондай-ақ үздіксіз азық-түлік өндірісіне арналған биореакторлар саласындағы жаңа әзірлемелер. Мысалы, осы тәсіл арқылы май қышқылдарының қажетті құрамы мен концентраты бар майларды өндіруге болатын лактозасы төмен сүт ақуызы. Азық-түлік құрамын өзгертуге қабілетті және оларға тән процестердің тағы бір маңызды тобы функционалдық мүмкіндіктері, мембраналық технологияларды қолдануға негізделген. Бұл процестер мыналарға негізделген бір немесе біреуін бөлу үшін селективті өткізгіш тосқауыл ретінде әрекет ететін мембрананы пайдалану сұйық ортада бірнеше еріген заттарды шығару.

Осылайша, мембраналық технология мыналарды қамтамасыз етеді азық-түлікті шоғырландыру, фракциялау және тазарту. Мембраналардың әртүрлі сипаттамалары молекулаларды мөлшеріне және зарядына қарай бөлуге мүмкіндік береді. Мембрананы бөлу әдістері сұйық тағамға және болатқа өте жақсы сәйкес келеді. Сүтті өңдеу үшін қолданылады. Ол өзінің пайдалылығын бөлісуге мүмкіндік беру арқылы және ақуыздардың немесе биоактивті заттардың денатурациясынсыз немесе дәмнің өзгеруінсіз сүт компоненттерін шоғырландыру болып келеді. Сүт өнеркәсібі үшін әртүрлі процестер жасалды, мысалы, ақуызды дайындау кезінде ультрафилтрация (УФ) арқылы лактозаның төмен концентраты. Оны келесі мақсаттарда да қолдануға болады нанофилтрация (NF) және электродиализ (ED) арқылы минералсыздандыру, сондай-ақ биоактивті заттарды алу үшін ультрафиолет көмегімен лактоферрин сияқты қосылыстар. Соңғы уақытта әртүрлі мембраналық процестер дамыды, олармен байланысты емес сүт өнеркәсібі, кейбір мысалдар кофеден кофеин алу, сыраның алкоголь мөлшері және шабдалы негізіндегі гипоаллергенді немесе аллергияға емес өнімдерді өндіру (мысалы, жойылғаннан кейін негізгі деп саналатын ақуыз үшін қолайлы кесіндісі бар мембраналар арқылы шырынның ультрафилтрациясы шабдалы аллергияға) [4].

Өнімдерді табиғи ингредиенттермен байыту-бұл ескі процесс, яғни А және D дәрумендерін қосу, әдетте жоғалған қоректік заттарды өтеу үшін орындалады азық-түлік өңдеу. Қазіргі уақытта байыту денсаулыққа пайдалы заттарды қосуға бағытталған қажетті функционалдылықты қамтамасыз ететін ингредиенттер (қоректік ингредиенттер). Азық-түлікті байыту үшін қосылған жаңа ингредиенттер табиғи болғаны жөн тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру үшін. Сондықтан, мұндай ингредиенттерді алу үшін қолданылатын процестер, сондай-ақ табиғи, яғни қауіпсіз және экологиялық таза болуы керек. Процестер табиғи анықтамаға сәйкес келеді және «табиғи ингредиенттерді» өндіру үшін қолданылады. Мыналарды қамтиды: Биотехнология, мембраналық технология және суперкритикалық сұйықтық экстракциясы.

Жаңа өнімдер мен процестерді зерттеудің маңызды бағыты-алынған ингредиенттерді пайдалану.

Ингредиенттерді өндіру үшін мембраналық технология да қолданылды. Электродиализ (ЭД) – тамақ өнеркәсібінде қызығушылықты арттыратын мембраналық бөлу технологиясы. Жақында соя ақуыздарын басқалардан бөлу үшін биполярлы мембраналық электродиализ (BMED) қолданылды ақуыздың денатурациясы жоқ компоненттер [5].

BMED технологиясы-элеуетті қолданудың кең ауқымы бар экологиялық таза технология. ЭД және BMED ультрафилтрация, кері осмос, нанофилтрация және т.б. сияқты басқа мембраналық бөлу процедураларынан ерекшеленеді, өйткені бөлу бөлшектердің мөлшеріне емес, олардың электр зарядтарына негізделген. Соя ақуыздарының бөлінуі BMED қолданған кезде тиісті изоэлектрлік нүктеде изоэлектрлік тұндыру арқылы жүреді, нәтижесінде электр өрісі болған кезде белоктардың селективті бөлінуі пайда болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Гречухина Г.В. Использование бактериофагов в пищевой промышленности / Г.В. Гречухина, С.Б. Волков // Хозяйство и право. – 2018. – № 7. – С. 67-71.
2. Карминский К.В. Особенности производства функциональных напитков / К.В. Карминский, Т.М. Спиридонова // Вестник науки и образования. – 2019. – № 2. – С. 25-30.
3. Кузнецова И.А. Использование новых ингредиентов в производстве кондитерских изделий / И.А. Кузнецова, Е.В. Рачкова, М.Е. Горбунова // Питание и качество продуктов жизнедеятельности. – 2018. – № 3. – С. 47-51.
4. Короленко В.В. Новые технологии в производстве молочных продуктов / В.В. Короленко, А.С. Малышева // Продукты питания и качество продуктов жизнедеятельности. – 2019. – Т. 2. – №1. – С. 56-60.
5. Алешкевич Ю.С. Установки для до- и сверхкритической CO<sub>2</sub> – экстракции ценных компонентов из животного и растительного сырья / Ю.С. Алешкевич, В.Н. Савин, Э.Ю. Мишкевич // Высшая школа: научные исследования. – М.: Инфинити, 2020. – Т. 2. – С. 120-125.

**А.Л. Касенов, Н.Е. Маралова**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ., maralova.nazgul@mail.ru

## **ЕТ-СҮЙЕКТІ ҚОСПА ҚОСЫЛҒАН ПІСІРІЛГЕН ШҰЖЫҚТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Қазақстанда жоғары сапалы сүйек майын, тағамдық және техникалық желатинді, сүйек желімін, сүйек ұнын алу үшін ірі қара малдың сүйек шикізаты тағамдық мақсатта пайдаланылады.

Тамақтану адам ағзасының оңтайлы өсуі мен дамуын, оның еңбекке қабілеттілігін, қоршаған ортаның әртүрлі әсеріне бейімделуін қамтамасыз етудің негізгі факторы екені белгілі, яғни ол адамның өмір сүру ұзақтығы мен белсенді қызметіне анықтаушы әсер етеді.

Кез-келген өнімнің тағамдық құндылығын оның химиялық құрамының адамның денсаулығын сақтау үшін негізгі қоректік заттар мен энергияға деген қажеттілігін анықтайтын тағамдық тепе-теңдік талаптарына сәйкестігі бойынша бағалауға болады. Тамақтанудың тепе-теңдік заңы диетодағы жеке тағамдық заттардың оңтайлы пропорцияларына сәйкес келеді. Бұл жағдайда басты назар тағамның маңызды компоненттеріне аударылады. Өнімнің тағамдық құндылығы неғұрлым жоғары болса, оның химиялық құрамы теңдестірілген тамақтану формуласына сәйкес келеді. Азық-түліктің тағамдық құндылығын арттыру үшін келесі жолдар мүмкін: кәдімгі, дәстүрлі өнімдерді, жетіспейтін маңызды компоненттерді байыту, жаңа жоғары құнды тамақ өнімдерін әзірлеу және өндіріске енгізу өнімдердегі қажетсіз компоненттердің құрамын реттеу. Тағамдық ақуыздарды аминқышқылдарының құрамы бойынша өнімнің негізгі ақуызын толықтыратын басқа ақуыздармен біріктіру арқылы олардың тиімділігін арттыру әдісі үлкен практикалық маңызға ие.

Агроөнеркәсіптік кешеннің отандық ет саласын дамытудың қазіргі деңгейі мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін кешенді пайдалану проблемасына түбегейлі жаңа көзқарасты талап етеді. Осыған байланысты малды сою кезінде алынатын жанама шикізатты толық және терең өңдеудің орнына кәдеге жарату-құнды азық-түлік пен жем ақуызының жоғалуы ғана емес, сонымен қатар негізгі өнімнің – өзіндік құнының өсуіне әкелетін орасан зор ақшалай шығындарды жою көзделіп отыр. Мал сою өнімдерін өңдеудің тиімді тәсілінің мәні шикізаттың барлық құнды компоненттерін барынша және жан - жақты алуға, оларды пайдалы өнімдерге айналдыруға мүмкіндік беретін аз және қалдықсыз технологияларды құру және енгізу болып табылады. Зерттеушілер Қазақстанның мал шаруашылығы кешенін ет-сүт өнімдерін жеткізуші позициясынан ғана емес, жеңіл, тоқыма, құрылыс, машина жасау және басқа да салаларды қайталама шикізатпен қамтамасыз ететін перспективалы кіші сала ретінде қарастыру керек деген қорытындыға келді. Мал сою өнімдерінің санаттары, оның орташа нормативтік шығу құрылымы және қалдықсыз өндірістің негізгі функциялары қарастырылған.

Қазіргі уақытта біздің елде және шетелде сүйек шикізатын өңдеудің көптеген технологиялық шешімдері бар, олар бір-бірінен технологиялық параметрлермен, аппараттық құралдармен, процестің ұзақтығымен және т. б. ерекшеленеді, олар үшін жалпы – шикізаттан тамақ компоненттерін, тағамдық және техникалық майларды, коллагенді, минералды заттарды (компоненттерді) механикалық пайдалану арқылы барынша бөлуге ұмтылу, сүйектерге физикалық, химиялық және жылу әсері болып табылатын мәселер ортақ болып келеді [1].

Сүйектен тағамдық қоспалар алу екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: ет өнімдерін өндіру үшін ақуыз-май-минералды компонент өндіру және сүйек; сүйек қалдықтарының минералды бөлігін тамақ өнімдеріндегі фосфор-кальций тұздарының көзі ретінде пайдалану.

Сүйек препараттары сорпалар, тұздықтар өндірісінде қолданылады; оларды тартылған және қайнатылған ет өнімдеріне, консервіленген ветчинаға және т.б. қосуға болады. Диетаға сүйек ұнын қосқанда қандағы иммунореактивті инсулиннің жоғарылауы байқалады, бұл осы өнімнің диабетке қарсы қасиеттерін көрсетеді.

Қазақстанда жоғары сапалы сүйек майын, тағамдық және техникалық желатинді, сүйек желімін, сүйек ұнын алу үшін ірі қара малдың сүйек шикізаты тағамдық мақсатта пайдаланылады. Дәнекер тінінің мөлшері жоғары шикізатты қолдануға тамақтану теориясының жаңа тәсілдерін ескере отырып, ғалымдар I және II санаттағы ет өнімдерін ұсынды: қан, ішек, тамыр, шошқа терісі және сүйек, онда ақуыз: май қатынасы 15-18% оңтайлы деңгейге жақын болды (1:1).

Кальций ең жетіспейтін минералдарға жатады. Бұл ағзаның тамақ алмасуына және сіңірілуіне әсер етеді, инфекцияларға төзімділікті арттырады, сүйектер мен тістерді нығайтады, қанның ұюы үшін қажет. Кальцийдің 99% сүйектерде шоғырланған. Зерттеулер көрсеткендей, адам ағзасы кальцийді жеткілікті мөлшерде алмайды, егер денеде кальций жеткіліксіз болса, онда бұл қаңқаның әлсіздігіне, остеопорозға, қызыл иектің ауырсынуына және қан кетуіне әкеледі, сонымен қатар гиперактивтілік, жүйке, тырнақтың сынғыштығы, ұйқысыздық, есту қабілетінің нашарлауы, гипертония, депрессияға әкеп соғады [2].

Фосфор адам ағзасындағы энергия алмасу механизмінің негізгі буыны болып табылады. Аденозинтрифосфор қышқылы (АТФ) – организмдегі барлық зат алмасу процестерін, жасушалардың бөлінуін және олардың өсуін энергиямен қамтамасыз етеді. Фосфор жүйке жүйесінің, жүрек бұлшықетінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет, қанның қышқыл-негіз тепе-теңдігін сақтайды. Калийдің жетіспеушілігі өт қабының жұмысында ақауларға, ағзадағы тұз бен сұйықтықтың сақталуына және т.б. Калий қанның қышқыл-негіз тепе-теңдігін реттейді, натрийдің артық болуымен қорғаныс қасиеттеріне ие және қан қысымын қалыпқа келтіреді.

Ірі қара малдың майсыз құрғақ сүйегінің минералды құрамы ол келесі мәліметтермен сипатталады, %: кальций – 26,7, магний – 0,436, натрий – 0,731, калий – 0,055, фосфор түріндегі  $RO_4$  – 12,4,  $CO_3$  – 3,48, лимон қышқыл – 0,863, кальций хлориді – 0,077, темір – 0,072. Сүйектің құрамында марганец (0,27-0,51) мг/кг, мыс – 48 мг/кг құрайды.

Сүйектің толық қолданылуы биологиялық тұрғыдан толыққанды тамақ өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді.

Кесте 1 – ІҚМ сүйектерінің химиялық құрамы

Сүйек	Массалық үлесі, %			
	Ылғалдылығы	Күлділігі	Майлылығы	Ақуызы
ІҚМ				
Иық сүйектері	18,0	37,6	27,7	16,7
Білек	26,0	38,0	16,3	19,7
Сан	20,5	34,4	29,5	15,6
Омыртқалар				
Мойын	42,1	25,2	12,5	20,2
Төс сүйектері	37,3	22,8	21,7	18,2
Қабырға	24,8	43,9	10,2	21,1
Төс сүйектері	48,8	17,0	15,8	18,4
Жамбас	24,8	32,8	23,8	18,6
Бас сүйектері	41,7	29,1	8,9	20,3

Сүйектің адамның тамақтануы үшін биологиялық маңызы мыналарға негізделген, сүйек адам ағзасының тірек бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлпа, метаболизм, өсу, гемопөз кезінде маңызды функцияларды орындайды. Жануарлардың сүйектерінен жасалған препараттар адам ағзасына оң әсер етеді [3].

Жоғары сапалы азық-түлік құрамында коллаген бар шикізат негізінде тамақ өнімдерін өндіру халықты қамтамасыз етуде барған сайын перспективалы бола түсуде. Бұл ет шикізатын ұтымды және кешенді пайдалану, әртүрлі қоспаларды енгізу тағамдық және биологиялық құндылығын арттыруға, дәмін, хош иісін жақсартуға ғана емес, сонымен қатар дайын өнімдердің құрылымын реттеуге мүмкіндік беретіндігіне байланысты. Сою және қайта өңдеу кезінде алынатын ілеспе шикізатты пайдалану мал мен құс өндірісінің көлемін, дайын өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Кудеринова Н.А. Разработка технологии получения и использования пищевого компонента из костного сырья: диссертация. 05.18.04. – Семипалатинск: СГУ им. Шакарима, 2004. – 231 с.
2. Малков В.А., Жаринов А.И., Митин В.В. Влияние пищевых гидроколлоидов на вязкость многокомпонентных рассолов / В.А. Малков, А.И. Жаринов, В.В. Митин // Мясная индустрия. – 2003. – № 11. – С. 40-43.
3. Уразбаев Ж.З., Уалиев С.Н., Какимов А.К., Кабулов Б.Б. Монография. Основы механической обработки сырья животного и растительного происхождения и технологии производства комбинированных мясных продуктов. – Семей, Семипалатинский государственный университет имени Шакарима, 2010. – 260 с.

ҒТАХР: 65.59.31

**А.Л. Касенов, М.Б. Серік**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ., s.m.b\_00@mail.ru

#### **ЖЫЛҚЫ ЕТІ НЕГІЗІНДЕ ІРІ КЕСЕКТІ ЕТ ӨНІМІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Қазақстан халқы үшін ет негізгі азық-түлік өнімдерінің бірі болып табылады, ал агроөнеркәсіптік кешен үшін ет өндірісі басым бағыт болып табылады.

Қазіргі уақытта жоғары сапа мен минималды шығындарды сақтай отырып, биологиялық құндылығы мен қауіпсіздігінің жоғарылауымен сипатталатын ет өнімдерін өндірудің жаңа технологияларын іздеу және дамыту үрдісі әлсіреген жоқ. Бұл ретте Ет өнеркәсібінің мамандары өндіріс тиімділігі мен технологиялардың қауіпсіздігін арттыру тұжырымдамасын басшылыққа алады, оның негізгі міндеттерінің бірі өнімдерде адам ағзасында токсикогендік, аллергендік немесе мутагендік реакциялар тудыруы мүмкін заттардың болуын азайту болып табылады [1].

Адам ағзасы теңдестірілген тамақтану принциптеріне сәйкес барлық қажетті қоректік заттардан тұратын тағамның оңтайлы мөлшерін алуы керек. Уақыт өте келе дәрумендер мен минералдардың жеткіліксіз тұтынылуы табиғи өлімге әкелуі мүмкін көптеген белгілі аурулардың дамуына әкеледі.

Ет өнімдерінің химиялық құрамын түзетудің бір әдісі – ет жүйелерін өндіруде өсімдік компоненттерін қолдану. Осы позициялардан жаңа ет өнімдерінің технологиясын әзірлеу және экспортқа бағдарланған ет өнімдерін жасау – бұл мәселені шешудің міндеті ғылыми, экологиялықана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызды [2].

Менің жұмысымның мақсаты-жылқы етіне негізделген ірі ет өнімдерін өндіру технологиясын жетілдіру, менің мақсатыма сәйкес жылқы етіне негізделген ірі ет өнімдерін өндірудің жай-күйі мен перспективаларын талдау және ет шикізатын қарқынды механикалық өңдеу режимдерінің әсерін зерттеу және бақылау. Математикалық модельдеу әдістерін қолдана отырып, жылқы етінен дайындалған ысталған ет өнімдерінің рецептурасын негізделген қарастыру. Жылқы етінен жасалған ет өнімдерінің озық технологияларын әзірлеу және жылқы етінен жаңа ет өнімдерін әзірлеу функционалдық және

технологиялық қасиеттерін, тағамдық және биологиялық құндылығын зерттеу және сақтау мерзімдерін мұқият талдау.

Ет өнімдерінің амин-қышқыл май қышқылдарының құрамын теңестіретін, олардың тағамдық құндылығын арттыратын, функционалдық және биокоррекциялық қасиеттері бар, құрамында табиғи биологиялық белсенді заттар бар, өмірлік маңызды қоректік заттар, антиоксиданттар бар жылқы етінен жасалған өнімдердің жаңа түрлерінің технологиясын әзірлеу. биологиялық құндылық, биологиялық құндылықты арттыру және дайын өнімнің өзіндік құнын төмендету ғалымдар мен ет өңдеу өнеркәсібінің шұғыл міндеттерінің бірі болып табылады [3].

Рогов И.А., Лисицын А.Б., Титов Е.И., Соколов А.А., Большаков А.С., Жаринов А.И., Журавская Н.К., Кудряшова Л.С., Липатова Н.Н., Мадагаева Ф.А., Тулеуова Е.Т., Чоманова У.Ч., Узакова Я.М., Байболова Л.К., Камербаева А.Ю., Какимова А.К., Амирханова К.Ж. жылқы етінен жасалған ет өнімдерінің технологиясын жетілдіру мүмкіндігін көрсетті.[4]

Біздің ғылыми жұмыс үшін біз жылқы етінің ірі кесекті бөлігінің бірі сүбе етін таңдадық. Сүбе етінің алдыңғы шекара соңғы, он сегізінші, қабырғаның артқы жиегімен қабырға доғасы бойымен өтеді; артқы-жамбас сүйегіне параллель тізе буынына; жоғарғы – омыртқа денелерінен 75 миллиметр қашықтықта омыртқа бағанасына параллель; төменгі – іштің ақ сызығы бойымен. Сүбе еті қайнатылады немесе бұқтырылады, кішкене кесектерге кесіледі. Шикі ысталған шұжық өндірісінде де қолданылады.

Тағамдық құндылығы мен сапасының көрсеткіштерін кешенді зерттеу нәтижелері сүйектегі 9 бөлігі және жылқы етінің 20 сүйексіз бөлігі: морфологиялық және химиялық құрамы, оның ішінде минералдар мен дәрумендердің құрамы, коллагеннің қайнатылуы, РН, ылғал байланыстыру қабілеті, иісті аспаптық анықтау, құрылымдық-механикалық және микроқұрылымдық сипаттамаларына ие.

Жүргізілген морфологиялық зерттеулер негізінде (кесте. 1) еттің орташа шығымдылығы 77,92 құрады, бұл ретте айтарлықтай үлесі – 23,86% – жамбаскесіндісінен алынған целлюлозаға, 13,77% – омыртқадан, 10,04% белдеменден, 7,68% – кеуде-қабырғадан және 7,63% – мойын кесінділерінен. Бұл ретте сүйектенген еттің ең жоғары шығымдылығы және ет индексі (целлюлоза бөлігінің салмағы мен сүйек массасы арасындағы арақатынас) жамбас кесіндісі тиісінше 79,0% және 3,77, омыртқа кесіндісі – 77,7% және 3,48 және мойынкесінділері – 77,4% және 3,44. Осылайша, бұл бөліктер ең етті болып табылады. Кесектердің химиялық құрамын зерттеу кесінділерге байланысты ылғалдың массалық үлесі (27,3-76,6%) мөндерінің айтарлықтай ауытқуы туралы куәландырды. Ылғал құрамы бойынша сүбе де (56,7%), кеуде-қабырға кесіндісінің кеуде бөлігі (63,7%) және жамбас кесіндісінің жоғарғы бөлігі (65,5%) ерекше ерекшеленді, бұл ең алдымен олардағы майдың құрамымен байланысты – 59,9%; 21,10%; 20,70%; 15,5%.

Бұл бөліктегі жалпы ақуыздың құрамы бойынша да айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ақуыздың массалық үлесі кесектерге байланысты 11,35%-дан 21,55%-ға дейін өзгерді. Ақуыздың ең аз мөлшері кесектерде анықталды: Жалда (11,35%) және кеуде бөлігі (14,45%). Ең үлкені-бел бөлігінде (21,55%), жартылай сіңір бұлшықетінде (20,90%), сүбеде (20,70%).

Кесте 1 – Жылқы етінің химиялық құрамы және энергетикалық құндылығы

Атауы	Массалық үлесі, %				Энергетикалық құндылығы, ккал
	Ылғалдылығы	Май	Ақуыз	Ақуыз байланыстырғыш тіндер	
Кеуде-қабырға бөлігі:					
кеудебөлігі	63,70±0,34	20,70±0,27	14,45±0,23	1,64±0,12	244,10
қабырғабөлігі	73,20±0,17	8,50±0,35	17,20±0,46	1,36±0,14	145,30
Мойын кесіндісі	73,45±0,32	7,35±0,28	17,95±0,34	1,46±0,14	137,95
Жал	27,30±0,56	59,90±0,46	11,35±0,26	3,38±0,18	584,50
Сүбе	56,70±0,45	21,10±0,41	20,70±0,35	3,53±0,10	272,70

Қазіргі уақытта ет сапасын жетілдіру көптеген бойынша зерттеулер жалғасуда, қажетті сапалық көрсеткіштер тексерілуде. Келешекте өзіндік құны төмен сапалы және экологиялық қауіпсіз азық-түлік өнімдеріне сұранысты барынша қанағаттандыратын, тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары жаңа сортты ет өнімдерін алуға мүмкіндік беретін технологияларды әзірлеу жоспарлануда. Бұл жұмыстың барысы тағамдық құндылығын арттыру және жылқы етінен жасалған дәмді ет өнімдерінің ассортиментін кеңейту, шикізатты тиімді пайдалану, оның асқазанға әсерінің арқасында тағам ағзаға оңай сіңеді, теріс әсер етпейді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Узаков Я.М., Кузнецова О.Н., Бельгибаев А.А. Совершенствование структуры производства мяса и мясопродуктов / Я.М. Узаков, О.Н. Кузнецова, А.А. Бельгибаев // Экономика сельскохозяйственных и перераба-тывающих предприятий. – 2013. – №7. – С.52-54.
2. Uzakov Y.M., Ospanova D.A. Study of the Morphological Structure and Nutritional Value of Lamb / Y.M. Uzakov, D.A. Ospanova // World Applied Sciences Journal. – 2013. – № 27 – pp. 479-482
3. Насыров Х.А., Дроздова Е.А. Проблема производства качественных мясных продуктов – комплексная задача пищевой индустрии в современных условиях. [<https://scienceforum.ru/2017/article/2017039561> 27.09.2018]
4. Мясо и мясные продукты. Метод определения оксипролина. ГОСТ 23041-2015 – Введ.07.01.2016. – М.: Стандартинформ, 2015, 5 с.

ГТАХР: 64.13.13

**П.А. Жаппаров<sup>1</sup>, Е.Я. Шаяхметов<sup>2</sup>, И.Т. Такенова<sup>1</sup>, О. Мұратбекұлы<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>«Электротехникалық колледж» КМҚК,

Қазақстан Республикасы, Семей қ. Piko1@mail.ru

<sup>2</sup>«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

#### ЕТТІ МЕХАНИКАЛЫҚ ӨНДЕУ ПРОЦЕСІНІҢ ОПЕРАТОРЛЫҚ СХЕМАСЫ

**Аннотация.** Ет шикізатын механикалық өндеудің операторлық схемасы жасалды.

Бұл схемада циклдік технологиялық байланыс шикізатты өндеу аймақтарын бір-бірімен байланыстыратын типтік технологиялық операторлар түріндегі жабық технологиялық ағынның болуымен сипатталады. Жеке технологиялық операторлардың өзара әрекеттесуі олардың арасында белгілі бір технологиялық байланыстардың болуына байланысты жүзеге асырылады. Әрбір технологиялық байланыс белгілі бір материалдық немесе энергия ағынына сәйкес келеді. Операторлық схеманы әзірлеу үшін теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелері қолданылды.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында және шетелде бір-бірінен технологиялық параметрлерімен, аппаратуралық орындалуымен, процестің ұзақтығымен және т. б. ерекшеленетін ет шикізатын қайта өндеу бойынша көптеген технологиялық шешімдер табылған. Шикізатты өндеу процестерін зерделеу кезінде жүйенің әрбір элементі кіріс материалы мен энергетикалық технологиялық ағындардың физикалық параметрлерін сапалық немесе сандық түрде шығыс материал және энергетикалық технологиялық ағындардың физикалық ағындарына түрлендіретін технологиялық оператор ретінде қарастырылады. Шикізатты өндеудің әрбір типтік процесін типтік технологиялық оператор деп санауға болады [1].

**Материалдар мен әдістер.** Процестерді зерттеу мақсатына байланысты әрбір технологиялық оператор не бірнеше стандартты операторлардың қосындысы ретінде, не бір стандартты технологиялық оператор ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде стандартты технологиялық операторлардан тұратын бірнеше ішкі жүйелердің жиынтығы ретінде бейнеленген ет шикізатын механикалық өңдеудің жаңа операторлық схемасы ұсынылды (сурет 1).

Типтік операторлар негізгі және көмекші болып екіге бөлінеді. Олардың негізгілеріне шикізатты механикалық және термиялық өңдеу процестерінің технологиялық операторлары жатады. Негізгі технологиялық операторлар процестердің қажетті бағытта жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Негізгі технологиялық операторлардан басқа процестердің тиімділігін арттыру үшін технологиялық ағындардың энергетикалық және фазалық күйлерін өзгертетін көмекші технологиялық операторлар қолданылады.

Оларға қыздыру немесе салқындату, сығымдау немесе кеңейту операторлары және шикізаттың фазалық күйінің өзгеруі жатады. Тамақ өнеркәсібіндегі заманауи техникалық прогресс жаңа жоғары қарқынды технологиялық процестерді, үлкен бірлік қуаттылықтағы агрегаттарды құрумен және технологиялық процестерді оңтайландыру мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құрумен байланысты.

Бұл мәселелерді шешудің кілті – шұжықша өңдеу процесін жүйелі талдаудың ғылыми негізделген теориясын құру. Жүйелік талдаудың мәні мынада: белгілі ғалымдардың ізденістерінен алынған ақпарат, сондай-ақ эксперименттік және жартылай өнеркәсіптік қондырғылардағы зерттеулер. Зерттеулер нәтижесінде механикалық өңдеу процесін оңтайландыруға мүмкіндік беретін толық математикалық модельді әзірлеу үшін ақпарат дәйекті түрде жинақталып, толықтырылады.

←————	ет (фарш)
←.....	қалдық (сүйек, сіңір және т.б.)
←-----	тұзды ерітінді
←.-.-.-	рецепт бойынша қосылған ингредиенттер
←————	су
←-.-.-	тұз

Сурет 1 – Ет шикізатын механикалық өңдеудің операторлық схемасы

*A – етті алдын ала ұнтақтауға арналған қосалқы жүйе, операторлар:*

*1 – сүйектен тазарту және кесу, 2 – ұнтақтау;*

*B – тартылған етті механикалық өңдеудің қосалқы жүйесі, операторлар:*

*3 – ұсақ ұнтақтау және араластыру, 4 – қалыптау;*

*B – тұзды ерітінділерді дайындаудың ішкі жүйесі, операторлар:*

*5 – араластыру, 6 – салқындату, 7 – мөлшерлеу*

Әзірленген операторлық диаграмма негізінде қайнатылған шұжықтарды өндірудің жаңа технологиялық схемасы құрастырылды. Шұжық өнімдерін өндіру үшін микробиялды бүліну және майдың күйіп кету белгілері жоқ сау малдың шикізаты қолданылады. Ұша кесуге кірер алдында ветеринарлардың тексеруінен өтіп, ластанған жерлері сумен жуылады және тағамдық емес бояжуағылған жерлері кесіліп алынып тасталады. Содан кейін ет едендік таразыларда өлшенеді және одан әрі өңдеуге жіберіледі. Ұшаларды кескеннен кейін сүйектен тазарту және етті бөліп кесу жұмыстары жүргізіледі [2].

Сүйектерден тазарту кезінде етті сүйектен мұқият ажыратады, күрделі профильді сүйектердің бетінде аздап қызаруды ғана қалдыруға болады. Сүйектерден тазартылғаннан кейін кесу процесі жүргізіледі: қан және лимфа тамырларын, шеміршекті, ұсақ сүйектерді, көгерген және ластанған жерді бөлу. Содан кейін ет диаметрі  $3 \cdot 10^{-3}$  м торлы тесіктері бар тәжірибелік еттартқышта ұсақталады [3].

Туралған ет кескіш немесе кескіш араластырғышқа беріледі, онда ол механикалық өңделеді. Содан кейін тартылған ет шприцтерде шұжық қаптамаларына толтырылады. Ары қарай өнім арнайы рамаларға ілініп, қалыпты жағдайға орнығады, онда ол 4 сағатқа дейін



сақталады. Қыздырып қуыру кезінде шұжық 3 сағат бойы ÷ 393°К температурада түтінмен ысталады.

Ары қарай шұжық арнайы қазандықта 348-358°К температурада 3 сағат көлемінде қайнатылып, 4-8 сағат бойы суытылады. Дайын шұжық батондары 281°К температурада 48 сағаттан 72 сағатқа дейін сақталады. Осылайша, шикі етті механикалық өңдеу бойынша әзірленген операторлық схема шикізат пен энергияны аз жұмсай отырып, жоғары сапалы шұжық өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесі бойынша ет шикізатын механикалық өңдеудің операторлық схемасы жасалды. Операторлық схема нәтижесінде сапалы, микробүлінусіз, энерго үнемді шұжық өнімдерін өңдеуге болады.

#### Әдебиет тізімі

1. Кафаров В.В., Перов В.Л., Мешалкин В.П. Принципы математического моделирования химико-технологических систем (Введение в системотехнику химических производств). – М.: Химия, 1974. – 344 с.
2. Алехина Л.Т., Большаков А.С., Боресков В.Г. и др. Технология мяса и мясопродуктов / Под ред. И.А. Рогова. – М.: Агропромиздат, 1988. – 576 с.
3. Патент РК на полезную модель № 2484. Устройство для измельчения мясного и мясокостного сырья. / Акимов М.М., Кабулов Б.Б., Мустафаева А.К., Бакиева А.Б., Утегенов Д.М., Солтанбеков Ж.А. Опубл. 30.11.2017. Бюл. № 22.

МРНТИ: 65.63.29.

**Ф.Х. Смольникова, Е.К. Конганбаев, А.А. Егимбаева, Г.Т. Жуманова**  
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»,  
Республика Казахстан, г. Семей, smolnikovafarida@mail.ru

#### ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОЛОЧНОЙ СЫВОРОТКИ В ПРОИЗВОДСТВЕ МОРОЖЕНОГО

Сыворотка – это побочный продукт, полученный в результате кислотной или сычужной коагуляции молока, который содержит в своем составе белки, жиры, углеводы, минеральные вещества, витамины.

В ряде производств, молочная сыворотка утилизируется, как отходы. Следует отметить, что молочная сыворотка представляет собой ценным сырьевым продуктом для производства многих национальных молочных продуктов («кұрт», «ірімшік» и другие), а также других пищевых продуктов.

В этом аспекте одной из главных проблем для предприятий молочной промышленности является переработка сыворотки.

Решение проблемы полного и рационального использования молочной сыворотки в пищевых целях осуществляется на основе промышленной переработки, которая ведется в двух направлениях – комплексное использование всего сухого остатка и извлечение отдельных компонентов.

В данном теоретическом исследовании рассматривается вопрос использования молочной сыворотки в производстве молочного десертного продукта – мороженого.

Small and medium-sized businesses (SMEs) have been recognized as critical catalysts for economic growth and job creation in Kazakhstan. They constitute a substantial portion of the country's entrepreneurial activity and serve as vital contributors to the nation's economic fabric. By offering employment opportunities, SMEs help alleviate unemployment concerns and provide a lifeline to many households. Additionally, they foster innovation and competition, which ultimately result in improved products and services for consumers.[2]

### **The Significance of Innovation in SMEs**

Innovation is the cornerstone upon which the growth and development of SMEs in Kazakhstan rest. In a world where change is the only constant, the ability to innovate is not a luxury but a necessity for staying competitive and relevant in the market. For SMEs, this means continuously renewing and enhancing their products, services, and operational processes.

Innovative SMEs are better positioned to meet the evolving needs of their customers and to adapt to market dynamics.[3] They have a distinct advantage in being able to seize opportunities that emerge in a rapidly changing global landscape. This adaptability is especially relevant in Kazakhstan, where markets are experiencing shifts due to globalization and emerging economies.

### **Investments as a Driving Force for SMEs**

In tandem with innovation, investments play a pivotal role in the growth and expansion of SMEs. Investments infuse much-needed capital into these enterprises, enabling them to expand their operations, invest in research and development, and explore new markets. The availability of financing is a determining factor in the ability of SMEs to seize business opportunities, navigate challenges, and compete effectively.

For SMEs in Kazakhstan, access to diverse sources of investment is paramount. This includes traditional avenues like bank loans and financing, as well as more modern forms of investment such as venture capital. The government and financial institutions must work in tandem to create a conducive environment where SMEs can readily access the necessary capital to propel their growth.

### **Government Support as a Catalyst for Success**

The role of the government in supporting SMEs cannot be overstated. The state has the capacity to shape the business environment through a combination of policies and initiatives that can make or break the prospects of SMEs. It is through a combination of fiscal incentives, streamlined regulatory processes, and supportive infrastructure that governments can foster an atmosphere conducive to the growth of SMEs.

Investment-friendly policies can also extend to fostering international collaboration and encouraging foreign direct investment. International investors can bring expertise, capital, and access to global markets, which can significantly benefit the growth of SMEs in Kazakhstan.[4]

### **The Path Forward: An Effective Innovation and Investment Strategy**

The successful development of SMEs in Kazakhstan through innovation and investment necessitates the formulation of a well-thought-out strategy. An effective strategy should encompass several critical components:

1. **Market and Competitor Analysis:** To understand market dynamics and customer needs, SMEs must engage in rigorous market analysis. Knowing one's competitors and industry trends is essential for identifying opportunities and mitigating risks.

2. **Innovation in Products and Services:** SMEs should focus on creating innovative products and services that align with market demand. Innovation should be a continuous process that involves research and development to address evolving customer needs.

3. **Risk and Opportunity Assessment:** Investing in innovative projects carries inherent risks, and it is vital for SMEs to assess these risks and opportunities carefully. This assessment informs decision-making and resource allocation.

4. **Gradual Implementation and Monitoring:** The introduction of innovation and investment initiatives should be gradual, allowing SMEs to adapt and learn from the experience. Monitoring and evaluation mechanisms are crucial for tracking progress and making necessary adjustments.

In summary, Kazakhstan is at a pivotal juncture in its economic development, and SMEs play a central role in the nation's prosperity. The development of innovation and investment activities within the SME sector is paramount for achieving sustainable economic growth, job creation, and economic diversification. Governments, financial institutions, and SMEs themselves must work collaboratively to nurture a conducive environment that fosters innovation and attracts investments.

**Conclusion.** In conclusion, the symbiotic relationship between innovation and investment within the realm of small and medium-sized enterprises (SMEs) is undeniably pivotal for the economic landscape of Kazakhstan. The trajectory of growth in this sector not only signifies a boon for individual entrepreneurs but also acts as a catalyst for the overall economic stability and prosperity of the nation.

Government support emerges as a linchpin in this equation. Policies that incentivize research and development, provide tax breaks for innovative endeavors, and create a conducive regulatory framework go a long way in nurturing a thriving ecosystem for SMEs. By recognizing the pivotal role that these enterprises play in the economic fabric, governments can actively contribute to their

growth and sustainability. A collaborative effort between the public and private sectors can lay the foundation for a resilient and dynamic SME landscape.

### References

- 1 Bekzhanova T., Aliyev M., Tussibayeva G. Development of Small and Medium-Sized Enterprises in Kazakhstan: Government Initiatives and Regulatory Framework / T. Bekzhanova, M. Aliyev, G. Tussibayeva et al. // Journal of Business and Economic Studies. – 2021. – № 20(2). – pp. 45-63.
- 2 Smith J.R. Tax and Customs Regulations: Impact on Small Businesses in Kazakhstan / J.R. Smith // International Journal of Business and Finance Research. – 2022. – № 15(3). – pp. 78-94.
- 3 Brown A.M. Business Support Institutions in Kazakhstan: A Comprehensive Review / A.M. Brown // Entrepreneurship and Innovation Management Journal. – 2020. – № 25(1). – pp. 112-130.
- 4 Nursultan A., Temirbek Z. Impact of Government Policies on Innovation in Kazakhstani SMEs / A. Nursultan, Z. Temirbek // Journal of Innovation and Economic Development. – 2022. – № 32. – pp. 120-138.



## 5 СЕКЦИЯ: АӨК САЛАЛАРЫ ҮШІН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### СЕКЦИЯ 5: ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ КАДРОВ ДЛЯ ОТРАСЛЕЙ АПК

ҒТАХР: 68.37.31

**Е.А. Азаматов, А.А. Закиева**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ., coffee0077@mail.ru, araisyly@mail.ru

#### ҚЫЗАНАҚТЫҢ АЛЬТЕРНАРИОЗ АУРУЫ

**Андатпа:** Қазіргі уақытта көкөніс дақылдарының өнімділігін арттыру, олардың арасында қызанақ ерекше орын алады, негізінен өндірісті интенсификациялау арқылы қол жеткізіледі. Жоғары өнімділік, жақсы дәм және қолданудың әртүрлілігі қызанақты көптеген елдерде кең таралған дақылдардың біріне айналдырды.

Қазіргі уақытта қызанақты аурулардан қорғаудың негізгі әдістері төзімді сорттарды өсіру, көшеттерді ашық жерге отырғызудың оңтайлы уақыты, минералды тыңайтқыштарды қолдану және өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын қолдану болып табылады. Алайда, қызанақ жемістері тағамға тек өңделген түрінде ғана емес, сонымен қатар жаңа түрінде де қолданылатындығын ескеру қажет. Мұнда басты назар агротехникалық әдістерге аударылуы керек.

**Кіріспе.** Альтернариоздан зардап шеккен жапырақтарда диаметрі 2-ден 10 мм-ге дейін қара қоңыр немесе қара дөңгелек, дұрыс емес пішінді дақтар пайда болады. Альтернариоздың тән белгісі-уақыт өте келе, әсіресе ылғалды жағдайда, дақтар мицелий мен конидиялардың қара жабындысымен жабылады. Конидиялардың морфологиясына сүйене отырып, дақтардың қоздырғышы ретінде Альтернарианың екі түрі бар, атап айтқанда: *A. alternata* (Fr.) Keissl синонимі *A. tenuis* Nees және *A. brassicae* (Berk) Sacc. А түрі. альтерната, қайталама қоздырғыш ретінде, марганец, бор және басқа микроэлементтердің жетіспеушілігінен әлсіреген өсімдіктерге, сондай-ақ әлсіз сарғаю вирусынан зардап шеккен хлоротикалық өсімдіктерге жиі әсер етеді. *A. brassicae* қант қызылшасының жапырақ дақтарынан негізінен маусым-шілде айларында және *Cercospora beticola*-ға дейін бөлінеді, бұл көбінесе оларды диагностикалауды қиындатады. Альтернариоздың дамуына ылғалды, орташа жылы жағдайлар, күн инсоляциясы ықпал етеді [1]. Жапырақтардан басқа, альтернариоз қызылша екпелері мен тұқымдарына әсер етуі мүмкін. Саңырауқұлақ топырақта зақымдалған жапырақтардың қалдықтарында, әртүрлі тұқымдастардың тұқымдары мен өсімдіктерінде сақталады [2].

Ауыспалы егісті сақтау, ұрықтандыру, қышқыл топырақты әктеу, сапалы тұқым пайдалану, аналық жасушаларды өндірістік дақылдардан кеңістіктік оқшаулау, арамшөптермен күресу.

*Alternaria tenuis* қоздырғышы, оның мицелийінің түсі түссізден қоңырға дейін өзгереді, оның мембраналарының ені шамамен 3-6 мм қалыптасқан конидиялар әдетте тегіс, сирек тікенектермен немесе көпіршіктермен жабылған. Қызылша альтернариозының суреті мен сипаттамасы: саңырауқұлақ конидиялары тұқымға немесе зақымдалған тұқымдарға отырғызуға арналған тамыр дақылдарында қыстайды.

Дақылдардың зақымдануы ауа температурасында болатын конидиялардың пісуінен басталады +22-26°C. Жел оларды далада таратады, ал топырақтың жеткілікті ылғалдылығы олардың тез өнуіне ықпал етеді. Патогенмен күресу ең алдымен таза тұқым таңдау,

ауыспалы егісті сақтау, қышқыл топырақты әктеу және патогенді мұқият бақылау жүзеге асырылатын окшауланған жерлерде аналық тамыр дақылдарын өсіру болып табылады [3].

F1 қызанақ тұқымдары-Голландиядан 70-75 күнде пісетін жоғары өнімді сорт. Дәмі мен өнімділігі жоғары болғандықтан, ол нарықтағы ең жақсы ірі жемісті қызанақтардың бірі болып табылады[4].

Бобкат F1 қызанақтары ыстыққа, ылғалға, түрлі ауруларға төзімді, сонымен қатар олар тәттілігімен және керемет тасымалдануымен танымал. Бобкат қызанақ сортының тартымды презентациясы мен жемістерінің біркелкілігі фермерлер мен сатылатын қызанақ өсіретін кез келген адам үшін үлкен артықшылық болып табылады. Қызанақтың дәмі айқын және жағымды, бұл оларды көптеген өнеркәсіптік будандардан ерекшелендіреді. Қант мөлшері 3,4%-дан 4,2%-ға дейін өзгереді. Bobcat F1 қызанақ туралы толығырақ бренд-өндірушінің сипаттамалары [5].

#### **Материалдар мен әдістер.**

F 1 Бобкат – пайдалы макро және микроэлементтердің мазмұны бойынша қызанақ рекордтарының бірі. Оның құрамында антиоксиданттар, пектиндік заттар, сонымен қатар К және В дәрумендері, минералдар бар кальций, магний, фосфор, темір, йод және кремний.

Бобкатты қызанақтың ең жақсы сорттарының бірі деп атауға болады, өйткені оның тартымды ашық қызыл, жылтыр жемістері, салмағы 250-300 г.

Аурудың таралуы келесі формула бойынша анықталды (формула 1):

$$P = (П * 100) / N \quad (1)$$

мұнда, P -аурудың таралуы, %;

N-сынамадағы өсімдіктердің жалпы саны, дана.;

П-сынамадағы зардап шеккен өсімдіктердің саны, дана [6].

Зақымданудың орташа баллы анықталған формула 2:

$$Сб = E (a * в) / N \quad (2)$$

мұнда, Сб-зақымданудың орташа баллы;

E (a \* в) – өсімдіктер санының оларға сәйкес келетін зақымдану балына көбейтінділерінің сомасы; N-қарастырылған өсімдіктердің жалпы саны [7].

#### **Зерттеу нәтижелері.**

Зерттеу жұмыстары Озерки ауылдық округінде «Хан» шаруа қожалығында жүргізілді. Танаптан 10 сынамада 10 сабақтан 100 сабақ қаралды. 5 сынамадан 2 балға дейін залалдану анықталды. Зерттелгені 4 га, залалданғаны 4 га.

Озерки ауылдық округінде 21 тамыз «Хан» шаруа қожалығында қызанақтың альтернариоз ауруы байқалды.Залалдану көлемі 4 га оның ішінде аурудың таралуы – 7,0%, аурулардың таралуы – 1,8% құрады. Жапырақтарда қоңыр концентрациялық дақтар байқалды, дақтар ақырындап үлкейіп өсімдіктің ерте бозарып кетуіне алып соғады. Жемістерінде қара, домалақ дақтар көрінеді.

Конидиялардың өнуі мен өсімдіктерді жұқтырудың оңтайлы шарттары-22-26°C температура.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде вегетациялық кезеңде көрінетін қызанақ ауруларының қоздырғыштарының түрлік құрамы анықталды, олар төменгі және жетілмеген *macrosporium solani ell* саңырауқұлақтарымен ұсынылған. *Et Mart* (син. *Alternaria solani*), *Septoria lycopersici* Speg., *Phytophthora infestans* de Bary, *Diplodina destructive* (Plowr.) Petr және бактериялар *Xanthomonas vesicatoria* (Doidge) және *Erwinia aroidea* (Town.) Holland Dows. Барлық қоздырғыштарда г-стратегтерінің белгілері бар, аурулар жер-ауа немесе жапырақ-сабақ тобына жатады. Бұл аурулардың көрінісі мен дамуы температура, ауа ылғалдылығы, мәдениеттің сорттық ерекшеліктері сияқты абиотикалық және биотикалық факторлар кешенімен шектелді. Қызанақтың зерттелген сорттарының ішінен боран мен Буй-тур аурулар кешеніне төзімді болды. Жемістердің жалпы зақымдануы 1,7-2,5 есе төмендеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кузнецов П.И. Агроклиматические ресурсы Зауралья и их использование для получения высокого урожая зерновых культур: учебное пособие / П.И. Кузнецов // ОмГАУ. – Омск. – 2014. – 72 с.
- 2 Кузнецов П.И. Научные основы экологизации земледелия Курганской области: учебное пособие / П.И. Кузнецов, В.П. Егоров. Курган: Зауралье, 2011. – 366 с.
- 3 Кузнецова М.А. Фунгициды помогли защитить урожай / М.А. Кузнецова, А.Н. Рогожин // Картофель и овощи. – 2012. – № 4. – С. 28.
- 4 Куннах Г.С. Оценка селекционных сортов томата на устойчивость к болезням / Г.С. Куннах, З.В. Князева // Селекция и семеноводство овощных культур в Центрально-Черноземной зоне. – 2015. – С. 21-29.
- 5 Логинов Н.Г. Основа агротехника / Защита и карантин растений // Н.Г. Логинов. – №7. – 2013. – С. 6-7.
- 6 Лушиц Т.Е. Помидоры / Т.Е. Лушиц. – Мн.: Книжный дом, 2011. – С. 7-13.
- 7 Максимова В.М. Методические указания по составлению и использованию технологических карт в растениеводстве / В.М. Максимова, П.П. Оксак, Н.И. Амосова Н.И. – Курган: КГСХА, 2014. – 39 с.
- 8 Мамедов М.И. Новые источники устойчивости к фитопатогенам и экстремальным факторам среды / М.И. Мамедов, Р.В. Скворцова, А.К. Гуркина // Состояние и перспективы развития плодоводства и овощеводства в современных условиях. – СНГ. Горки. – 2014. – С. 31-34.

ГТАХР: 68.35.31

**О. Ертаев, А.А. Закиева**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ., araisyly@mail.ru

### СОЯ ДАҚЫЛЫН ӨСІРУ

**Андатпа:** Ауыл шаруашылығы алдында өсімдік шаруашылығын әртараптандырып, бәсекеге қабілетті өнімді қамтамасыз ететін аса маңызды ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа технологиясын әзірлеу және енгізу бөлігі бойынша жаңа міндеттер қойылды. Елімізде өсімдік шаруашылығын әртараптандыру үшін перспективті дақыл болып соя табылады.

**Кіріспе.** Елімізде өсімдік шаруашылығын әртараптандыру үшін перспективті дақыл болып соя табылады [1]. Майбұршақ – Соя – *Glucine max (L.) Merrill* – кеңінен қолданылатын маңызды ақуызды – майлы дақылдардың бірі. ЮНЕСКО ұйымы сояны жоғары азықтық құндылығы және протеин құрамы бойынша стратегиялық дақыл ретінде есептеп отыр [2]. Соя тұқымында ақуыздың (40-45%) және майдың (20-25%) мөлшері көп. Ақуыздың құрамы және оның сапасы бойынша негізгі егістік дақылдардың ішінде сояға тең келетіні жоқ. Сонымен қатар, сояның тұқымында көмірсулар, қант, пектинді және минералды заттар, бірқатар витаминдер кездеседі. Соя атмосфералық азотты байланыстырып және оны түйнек бактериялары арқылы топыраққа жібере алады. Осы қасиетінің арқасында ол азотты тыңайтқыштардың аз мөлшерін қажет етіп, өз кезегінде қоршаған ортаны қорғауға септігін тигізеді. Бұл оны көптеген ауылшаруашылық дақылдары үшін бағалы алғы дақыл ете алады. Соя экономикалық тиімді және қалдық қалдырмайтын дақыл, егер одан алынған шикізатты дұрыстап өңдей алсақ, ол өзіне кеткен шығынды толығымен ақтап алады.

Қазіргі күні сояны барлық континентте 60-тан аса елде өсіреді. Соя егістігінің жартысынан көбі және 60% жоғары әлемдік астық өндірісі АҚШ-қа тиесілі. Бұл дақылдың айтарлықтай ауданы Қытайда (14 млн. га жоғары), Бразилияда (7,5 млн. га), сонымен қатар Оңтүстік Америка елдерінде, Канада, Австралия, Батыс Еуропада кездеседі. КСРО-да соя 1

млн. га жуық жерді алып жатқан. Оның егістігі негізінен Қиыр Шығысқа шоғырланған, азғантай ауданы Солтүстік Кавказда, Украинада, Еділдің жағасында, Молдавияда, Қазақстанда, Алтайда, Күнгей Кавказда орналасқан. Соя егістігі Украинада, Солтүстік Кавказда, Молдавияда, Ресейде ұлғайып келеді. Елдің еуропалық бөлігінің суармалы жерлерінде, Орта Азияда және Қазақстанда сояның егістік аудандарын кеңейту жобаланған.

**Материалдар мен әдістер.** Тәжірибелер келесідей әдістемелерге сәйкес жүргізілді: Егістік тәжірибені қою әдістемесі Б.А.Доспеховтың әдістемесі, агротехника Ю.Г. Карягиннің әдістемелік ұсынымы бойынша.

Сояның Бірлік КВ сорты – тез пісетін топқа жатады (пісу тобы 0), ШҚО вегетациялық кезеңі – 100-110 тәулік. Астық өнімділігі 23-25 ц/га, дәніндегі ақуыздың мөлшері – 40,7%, майдың мөлшері – 22,3%. Шығыс-Қазақстан облысында пайдалануға жіберілген.

### **Зерттеу нәтижелері.**

«Опытное поле» егістік стационарында тәжірибе гербицидті парға салынды, ол топырақ қорғайтын ылғал сақтайтын технологияны пайдаланумен жүзеге асырылды. Ылғалды жабу айналмалы тырмамен топырақтың физикалық пісіп – жетілуіне жеткен кезде жүргізілді. Топырақты себу алдында өңдеу КПС-4 себу алдындағы культивациясымен таптаумен орындалды. Себу оңтайлы мерзімде – мамыр айының үшінші декадасында МТЗ тракторына агрегатталған СС-11 сепкішімен жүргізілді. Себу нормасы 1 га-ға 700 мың дана тұқымдар. Егу алдында тұқымдар нитрагинмен өңделді. Нитрагин қолдануға дейін құрғақ және қараңғы жерде сақталды. Себу күні нитрагин 1 га тұқымға 250-300г есеппен таза сумен араластырылды. Алынған сұйықтықпен тұқымдар суландырылды және мұқият араластырылды. Инокуляцияланған тұқымдар сол сәтте егілді. Тұқымдарды өңдеумен және егумен байланысты барлық жұмыстар тікелей күн сәулесі түспейтін жерлерде жүргізілді. «Толық өскіндену – бұтақтанудың басталауы» кезеңінде арамшөптерді жою үшін соя егістігін 1,5 л/га Арамо гербицидімен өңдеу жүргізілді. Бұған қоса, сояның вегетациясы кезеңінде бірнеше рет мөлдек аралықтарды арамшөптерден тазарту және ярус аралық жолдарды механикалық өңдеу жұмыстары жүзеге асырылды. Өнімді жинау 15-16% ылғалдылықта «Сампо-2010» комбайнымен жүргізілді, ары қарай тазарту және 12-13% дейін кептіру жұмыстары жасалды. Тәжірибенің қайталануы 3 реттік, мөлдектердің орналасуы рандомизирленген, мөлдектің есептік ауданы 100 м<sup>2</sup>. Себу тәсілі – қатарлы, механикаландырылған.

Тұқымдарды себу тұқым себу тереңдігіндегі топырақ температурасы 10-12°С болғанда 4-5 см тереңдікте жүргізілді. Себу мерзімі мамырдың соңына таман жүргізілді.

Біздің зерттеуімізде зерттелініп отырған сорт орташа биіктікті көрсетті – орташа есеппен 64,6-77,5 см аралығында болды. Өнімділігі бойынша – 21,1 ц/га көрсеткішті көрсетті.

Төменгі бұршаққаптың орналасу биіктігінің жоғарылығымен ерекшеленді 15,6 см сәйкесінше. Тұқымның түсіп қалуына төзімділігі жоғары 5 балды көрсетті. Жұмыла пісіп – жетілуі бойынша зерттеу жылдарында жақсы көрсеткіш көрсетті – 4 балл. Жалпы алғанда, соя өсімдігінің өнімділігі өнімділік элементтерінің кешеніне және жылдар бойынша оның шамасын өзгертіп отыратын ауа райының жағдайына байланысты болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Казахстан: «МаЖиКо» – это Продкорпорация на рынке сои и кукурузы – Евниев А., интервью, беседовал Д.Сериков // КазахЗерно. Kz. 04.10.2012 // kazakhzerno.ans@gmail.com

2 Дидоренко С.В. Достижения селекционных работ по сое в Казахстане / С.В. Дидоренко // Вестник Сельскохозяйственной науки Казахстана. – 2014. – №1. – С. 22-27.

**А.Б. Искакова, Г.А. Касимова, А. Жумахан, А.А. Сарсенбаева**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
«Шәкәрім Жоғары колледжі», Қазақстан Республикасы, Семей қ.,  
altin-1964@mail.ru

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АӨК САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ**

Агроөнеркәсіптік жүргізуде экономикалық тетіктерінің тиімділігін жетілдіру қажеттілігі бүгінгі кезеңдегі даусыз, өте керекті қозғаушы күштердің бірі болып отыр. Өндірістің негізгі саласының бірі азық-түлік мәселесін шешетін, Агроөнеркәсіптік өнімдерін өндіретін өндірістің өсімі әліде болса төмен жағдайда. Қалыптасқан жағдайды талдай отырып экономиканың ауылшаруашылығындағы шешілмей жатқан мәселелерді қарастырып, Агроөнеркәсіптік өндірісін ынталандыратын іс-шараларды жүзеге асыру қазіргі кезеңдегі маңызды мәселердің бірі. Әлемдік экономикаға ықпалдасу біздің еліміз үшін маңызы зор өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру біз үшін – әлемдік бәсекелеске қатысу, бұл жерде ең бірінші тұтынушылардың мүддесі сақталынады – сатылатын зат неғұрлым сапалы, бағасы тиімді болса, соғұрлым өтімді болады.

Бүгінде бұл міндеттерді орындауда инновациялық даярлығы мен тәжірибесі бар білікті де білімді мал шаруашылығы мамандармен қамтамасыз етілу деңгейі жоғары болуы қажет. Ағымдағы жағдайды талдаудың нәтижесі елімізде мал дәрігерлері мен зоотехниктердің жетіспеушілігі байқалатынын, және соңғы жылдары, елімізде аталған сала бойынша мамандар даярлау саны азайып, сапасы төмендеп отырғанын көрсетеді. Бұл мамандықтар бойынша оқуға түсуге ынта білдірген жастардың саны да жылдан жылға азаюда. Мәселені жан-жақты қарастыру үшін қалыптасқан жағдайды талдайық. Жаңа білім алу, технологияларды әзірлеу және трансферттеу, кадрларды даярлау аясында аграрлық ғылымның қазіргі заманғы жүйесін құру ел экономикасының аграрлық секторын жедел дамытуға және оның бәсекелестік қабілетін арттыруға жәрдем көрсетудің негізі болып табылатыны белгілі.

Агроөнеркәсіптік кешенінің негізгі сфералары тек салалық құрамымен, технологиялық ерекшеліктерімен, өндірілген өнімнің түрі және мәнімен ғана емес, сонымен бірге нарықтық параметрлерімен де айқындалады. Ауылшаруашылық кешені нарықтың әр түрлі үлгілерінің үйлесімі мен өзара іс-қимылын білдіреді, соның нәтижесінде фирмалардың бәсекелестік бейімділігінің әр түрлі үлгілерін танытады. Ауылшаруашылығы өндірісі нарығының бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар.

«Қазіргі кезде АӨК-ні дамытуды мемлекеттік реттеу саясаты мынадай нысандарда іске асырылады:

1) АӨК субъектілері арасында субсидиялар, мемлекеттік сатып алулар және т.б. түрінде әртүрлі мемлекеттік қолдау нысандарын ұсыну;

2) негізгі өндірістік құралдарды – ауыл шаруашылығы техникасының паркін, жабдықтарды, мал басын жаңартуға арналған жағдайларды қолдайтын қаржылық құралдарды қолдану;

3) АӨК субъектілері үшін қаржылық-кредиттік құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) АӨК-ні дамыту жобаларына инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасау;

5) өнім экспортын қолдау;

6) ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету;

7) ҚР АӨК-сін дамыту үшін қажетті көлік, су, сақтау, қайта өңдеу және өзге де инфрақұрылымдарды сақтау және дамыту;

8) салалық ғылымды дамыту және агротехнологиялық білімді тарату;

9) бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау.

Жалпы, Қазақстанда ауылдық жерлерді сапалы мамандармен қамтамасыз ету ауыл шаруашылығы саласының, агроөнеркәсіптің дамуына серпін берері сөзсіз. Аграрлық салада маман болуға талапкерлер арасынан сұраныс төмендеу болғанымен, болашақта бұл жағдай өзгерері анық. Мысалға, ірі аграрлық кәсіпорындар өз мамандарын өз қаражатына дайындау кезеңі әбден туындады. Оның үстіне, үкімет тапсырысымен, яғни грантта оқитын жастарды заңды түрде жұмысқа орналастыру бойынша ауылдық жерлерге жіберетін болса бұл да жастар үшін жақсы мүмкіндік. Ал мамандар оқуға ынталы болып, жұмыссыздар қатарын толтырмас үшін, мамандардың белгілі бір бөлігін жұмыс беруші есебінен мақсатты түрде даярлау қажет. Кез келген саланың орнықты дамуы үшін ресурстардың болуымен қатар, кешеннің кәсіби мамандармен қамтамасыз етілуі айрықша маңызды. Қазақстанның әлеуеті зор әрі келешегі кемел агроөнеркәсіп кешені үшін білікті кадрлар дайындап, тиімді жұмыспен қамти білуел экономикасының дамуына серпін берері анық.

Жаһандану жағдайында әлемдегі қаржы дағдарысының, яғни құлдырау мен рецессияның ұлттық экономикаға ықпалы күрт өсті. Көптеген мемлекеттер интеграциялық үрдіске қосылуына байланысты сыртқы жағдайлар ел экономикасына қатты әсер ете бастады. Қазіргі жағдайда және болашақта болатын құбылыстарға сәйкес келетін іс-шаралар жүйесін құрастыру және дағдарыс салдарынан болатын жағымсыз құбылыстарға қарсы тұра алатын шараларды ұйымдастыру қажет.

Ауыл шаруашылық өндірісін орналастыру мен мамандандырудың келешекте дамуын оңтайландырудың нұсқасын анықтауда көп жылдық статистикалық мәліметтерді пайдаланып, болашаққа анықталған техникалық-экономикалық көрсеткіштер негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін орналастыру және мамандандырудың оңтайлы нұсқасын негіздеу қажет.

1. Қаржылық сауықтыру

2. АӨК субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қолжетімділігін арттыру

3. АӨК субъектілерін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйелерін дамыту

4. АӨК-ні мемлекеттік реттеу жүйелерінің тиімділігін арттыру АӨК-ні дамыту бағдарламасы және басқа да бағдарламалық құжаттар шеңберінде шешуді талап ететін негізгі мәселелер ретінде мыналар бөлініп алынды:

– Қаржылық сауықтыру.

– Жер және салық қатынастары.

– Саланы қаржыландыру.

– Кооперацияны дамыту.

– Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі.

– Инфрақұрылым, қауіпсіздік, техникалық реттеу.

– Маркетинг, консультациялар.

– Ғылым, инновациялар, білім беру, кадрлар даярлау.

– Аралас салалар: а/ш химиясы, а/ш машиналарын жасау.

– Әлеуметтік инфрақұрылым».

«АӨК-тің жаңа ролін жүзеге асыру еліміздің тұрақты дамуын, еңбек өнімділігін арттырады және халықтың көпшілік бөлігінің өмір сүру деңгейін көтеруді қамтамасыз етпек Бұл міндеттерге ауқымды түрде кооперацияларды дамыту арқылы жетуге болады.

Кооперативтерді техникалық жағынан жабдықтау «КазАгро» холдингі арқылы жүзеге асырылады. ЖҚШ бойынша ветеринарлық, агрохимиялық, қаржылық, және өнімді өткізу бойынша кеткен шығындары кооперативтерді субсидиялау бойынша беріледі.

Өнім өндіру табыстылығын арттырудың өзектілігімен ғылыми-тәжірибелік маңызы нарықтық экономиканың шарттары мен талаптарына байланысты туындайды. Нарықтық

экономикада өндірістің рентабельділігі өнімді өткізуден түскен ақшалай түсімдер арқылы өндіріс шығындарын жабу ғана емес, ұдайы өндірісті жүргізу үшін қажетті деңгейде пайда алудағы кәсіпорынның рентабельділігін білдіреді.

Қабылданған аграрлық бағдарламада, ауылдың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті өнім өндіру, импорт алмастыру және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту қажеттілігі аталған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі кезде аграрлық саланың алдында тұрған шешілуге тиісті маңызды міндеттерді қарастыру – осы саланың ерекшелігін, яғни халық шаруашылығының басқа салаларна қарағанда аграрлық салада, нарықтық экономикаға өтудің күрделі де қайшылықты екендігін мойындаудан басталады. Оның ең басты себептеріне аграрлық өндірістің нақты қоғамдастырылуының барынша төмен дәрежесін, ұдайы өндірістің табиғи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға ерекше тәуелділігін, территориялық шоғырлануымен шаруашылық жүргізудің аймақтық факторларының әртүрлілігін айтуға болады.

Сонымен қатар, Қазақстанның аграрлық секторының нарықтық қатынастарға өтуі барлық салалардың түбегейлі түрде қайта құрылуын талап етеді. Халық шаруашылығының барлық сферасында нарықтық бағдарламалардың жүзеге асырылуының мүмкіндіктері өз кезегінде реформалардың нәтижесіне, яғни агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) аралас салаларының және ауыл шаруашылығының ахуалына байланысты. Осылайша, радикалды аграрлық реформа өзінің мақсатты бағыттары және мазмұны, сондай-ақ ұйымдық-құқықтық механизмі және күтілген нәтижесі бойынша біздің еліміздің барлық экономикалық жүйесінің қайта құрылуының органикалық құрамды бөлігі болып табылады.

Кез келген саланың орнықты дамуы үшін ресурстардың болуымен қатар, кешеннің кәсіби мамандармен қамтамасыз етілуі айрықша маңызды. Қазақстанның әлеуеті зор әрі келешегі кемел агроөнеркәсіп кешені үшін білікті кадрлар дайындап, тиімді жұмыспен қамти білуел экономикасының дамуына серпін берері анық. Жаһандану жағдайында әлемдегі қаржы дағдарысының, яғни құлдырау мен рецессияның ұлттық экономикаға ықпалы күрт өсті. Көптеген мемлекеттер интеграциялық үрдіске қосылуына байланысты сыртқы жағдайлар ел экономикасына қатты әсер ете бастады. Қазіргі жағдайда және болашақта болатын құбылыстарға сәйкес келетін іс-шаралар жүйесін құрастыру және дағдарыс салдарынан болатын жағымсыз құбылыстарға қарсы тұра алатын шараларды ұйымдастыру қажет. Сыртқы тәуекелділікті және қазіргі жағдайдағы қауіпті мәселелерге көңіл аудармауға, елемеуге болмайды. Ал, кері ықпал ететін шарттар мен факторлар ретінде отандық ауыл шаруашылығы ғылымындағы ұйымдық құрылымның күрделілігін; ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет түрлерінің әркелкілігін; ғылыми зерттеулердегі өңірлік, салалық және салааралық сипаттағы мәселелердің үлес салмағының басымдығын; ұдайы өндіріске қатысты кейбір мәселелерді зерттеу мерзімінің тым ұзақтығын қарастыруға болады. Аталмыш факторлар ауыл шаруашылығы ғылымы мен аграрлық ғылыми зерттеулерді басқаруда елеулі қиыншылықтар туғызады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Нұржан Әлтаев: Қазақстандағы агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасына түзету енгізу қажет. Астана. – 2016. 6 қыркүйек [http://bnews.kz/kz/news/ekonomika/biznes/nurzhan\\_altaev\\_kazakstandagi\\_agroonerkasip\\_keshenin\\_damitu\\_bagdarlamасыna\\_tuzetu\\_engizu\\_kazhet-2016\\_09\\_06-1289088](http://bnews.kz/kz/news/ekonomika/biznes/nurzhan_altaev_kazakstandagi_agroonerkasip_keshenin_damitu_bagdarlamасыna_tuzetu_engizu_kazhet-2016_09_06-1289088)
- 2 «ҚазАгро» Ұлттық холдинг Басқармасының шешімі. Астана қ. – 2011. – 30 маусым [http://www.inform.kz/kz/kazagrokazhy-ak-auyl-sharuashylygyndagy-14-investiciyalyk-bagyttyn-operatorу\\_a2390604](http://www.inform.kz/kz/kazagrokazhy-ak-auyl-sharuashylygyndagy-14-investiciyalyk-bagyttyn-operatorу_a2390604)
- 3 <http://group-global.org/kk/publication/5538-kazakstan-respublikasynyn-aok-salasyndagy-mamandar-dayarlau-mselesi>
- 4 Егемен Қазақстан. – 2016. – №122. – 28 маусым Мәтібаева Ә. / Ауыл шаруашылық өндірісін орналастыру мен мамандандыру-7 бет

- 5 ШҚО-да АӨК дамыту. Өскемен. 2015. 1 сәуір [http://www.kazinform.kz/kz/shko-da-aok-damytu-boyunsha-154-zhoba-zhuzege-asyryldy\\_a2761705](http://www.kazinform.kz/kz/shko-da-aok-damytu-boyunsha-154-zhoba-zhuzege-asyryldy_a2761705)
- 6 ҚР Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбековтың АӨК-ні дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған жаңа салалық бағдарламасының тұсаукесерінде жасаған баяндамасы. Астана 2013ж 12 ақпан.
- 7 <http://pravitelstvo.kz/kz/novosti/18-vystupleniya/5043-r-auyl-sharuashyly-y-ministri-amamytbekovty-a-k-ni-damytydy-2013-2020-zhyldar-a-arnal-an-zha-a-salaly-ba-darlamasy-ty-saukeserinde-zhasa-an-bayandamasy.html?month=9&year=2015>
- 8 А. Мырзахметов АӨК-ті дамытуға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасының жобасын Оңтүстік өңір тауар өндірушілеріне таныстыруы. Тараз қ. – 2 желтоқсан
- 9 <http://www.government.kz/kz/novosti/1006044-a-myrzakhmetov-a-k-ti-damyty-a-arnal-an-zha-a-memleketik-ba-darlamasy-zhobasyn-o-t-stik-ir-tauar-ndirushilerine-tanystyrdy.html>
- 10 С.Т.Купешова. Инновациялық менеджмент/оқулық.-Алматы:ЖСШ РПБК «дәуір». – 202 б.
- 11 С.Құлпыбаев «Қаржы теориясы». Оқулық. – Алматы: Экономика баспасы, 2013. – 172 б.
- 12 Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік – Астана: Фолиант, 2010. – 175 б.
- 13 Қазақстан Республикасының АӨК саласындағы мамандар даярлау мәселесі. – Астана қ.- 2013. – 19 мамыр <http://group-global.org/kk/publication/5538-kazakstan-respublikasynyn-aok-salasyndagy-mamandar-dayarlau-mselesi>
- 14 Құбаев Қ.Е., Ихданов Ж.О., Кәрібай А.Ш. Аграрлық сектор экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелері. Оқу құралы – А.: «Экономика», 2010. – 88 б.

ҒТАХР: 50.43.15

**Д.О. Кожаметова, Е.А.Қайыролла**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ., d315146@mail.ru

### **ARDUINO UNO МИКРОКОНТРОЛЛЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӨСІМДІКТЕРДІ СУАРУ ЖҮЙЕСІ**

**Аннотация:** Бұл мақалада Arduino Uno тақтасына және ылғалдылық сенсорына негізделген автоматты суару жүйесін құруды қарастырамыз, ол сіздің өсімдіктеріңізді автоматты түрде суарады және сіз болмаған кезде топырақтағы ылғалдың оңтайлы деңгейін сақтайды.

«Arduino UNO микроконтроллеріне негізделген өсімдіктерді суарудың интеллектуалды жүйесі» тақырыбындағы мақаланың мақсаты-мұндай жүйенің жұмыс принциптері мен функционалдығын сипаттау, сонымен қатар оның артықшылықтары мен қолданылуын қарастыру.

Бұл жүйенің негізгі мақсаты өсімдіктерді суару процесін автоматтандыру, оларды оңтайлы ылғал режимімен қамтамасыз ету. Ол үшін орталық басқару құрылғысы ретінде әрекет ететін Arduino Uno микроконтроллері қолданылады.

Бұл мақалада осы жүйе үшін әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету қарастырылады және оны жасау үшін қажетті барлық компоненттер, соның ішінде топырақ ылғалдылығы сенсорлары, су сорғылары, клапандар және басқа элементтер сипатталады.

**Кіріспе.** Заманауи технологиялар бізге өсімдіктерге күтім жасауды жеңілдететін және олардың өсіп-өркендеуіне көмектесетін көптеген инновациялық өсімдіктерді суару шешімдерін ұсынады. Осындай шешімдердің бірі-Arduino UNO микроконтроллеріне негізделген интеллектуалды өсімдіктерді суару жүйесі.



Arduino Uno-әртүрлі электрондық жобаларды жасауға мүмкіндік беретін ашық платформа. Бұл микроконтроллердің көмегімен өсімдіктерді суарудың автоматты жүйесін жасауға болады, ол олардың су қажеттіліктерін ескереді, суару уақытын оңтайландырады және тіпті мобильді қосымшаның көмегімен басқарылады [1].


Бұл жүйенің жұмыс принципі топырақтың ылғалдылығын, температурасын және жарықтығын бақылайтын датчиктерден ақпаратты оқуға негізделген. Бұл ақпарат Arduino Uno-ға жіберіледі, ол оны талдайды және суару қажеттілігі туралы шешім қабылдайды[2]. Қажет болса, Arduino Uno аквариум сорғысына немесе суару жүйесіне су беру үшін басқа құрылғыға сигнал береді.

Мұндай интеллектуалды өсімдіктерді суару жүйесінің басты артықшылықтарының бірі – оның икемділігі мен баптау мүмкіндігі болып табылады. Arduino Uno-ны белгілі бір өсімдіктің қажеттіліктеріне немесе маусымдық өзгерістерге сәйкес әр түрлі суару сценарийлеріне бағдарламалауға болады. Осының арқасында суару жүйесі өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін оңтайлы жағдайларды дәл сақтайды [3].

Қажетті құрал-жабдықтар (1 сурет):

1. Arduino Uno Тақтасы
2. Топырақ ылғалдылығы сенсорының модулі
3. 5V реле модулі
4. Жарық диоды
5. Резистор
6. Қосқыш сымдар

Жобаны құрастыруға қажетті компоненттердің сыртқы түрі келесі суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Қажетті құрал-жабдықтар

Жүйенің негізгі функциялары мен құрал-жабдықтар:

Arduino Uno – электронды жобаларды әзірлеуге арналған микроконтроллер платформасы. Ол суару жүйесін бағдарламалау және басқару үшін пайдаланылады.

Топырақ ылғалдылығы сенсорлары – өсімдіктер орналасқан белгілі бір жерлерде топырақтың ылғалдылығын өлшеу үшін қолданылады. Бұл суару қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді [4].

Температура және ылғалдылық сенсорлары – бұл сенсорлар өсімдікке суару қажет пе екенін анықтау үшін қоршаған орта жағдайларын бақылауға мүмкіндік береді.

Релелік модульдер – сорғыны немесе суару жүйесін басқару үшін қолданылады. Arduino сенсорлардың өлшенген деректеріне байланысты сорғыны қосады және өшіреді [5, 6].

Arduino Uno микроконтроллеріне негізделген өсімдіктерді суарудың интеллектуалды жүйесі белгілі бір параметрлер мен сенсорлар негізінде өсімдіктерді суаруды басқаратын автоматтандырылған жүйе болып табылады (2 сурет).



Сурет 2 – Датчиктің жұмысын құрғақ және ылғалды жағдайда тексеру

Жүйенің жұмыс принципі:

Топырақ пен ауа ылғалдылығының сенсорлары деректерді үнемі оқып отырады және оны Arduino Uno микроконтроллеріне жібереді (2-сурет).

Arduino Uno алынған деректерді талдайды және алдын ала анықталған шекті мәндер негізінде суару қажеттілігі туралы шешім қабылдайды. Егер деректер ылғалдың жетіспеушілігін көрсетсе, Arduino сорғыны немесе суару жүйесін қосады. Суару кезінде сорғы белгілі бір уақыт ішінде немесе белгіленген топырақ ылғалдылығына жеткенше жұмыс істейді. Топырақ ылғалдылығы, температура және ауа ылғалдылығы, сондай-ақ суару күйі туралы барлық ақпарат СКД дисплейде көрсетіледі. Пайдаланушы шекті мәндерді және жүйе параметрлерін СКД дисплейдегі басқару түймелері арқылы конфигурациялай алады. Жүйені қашықтан басқару мен бақылауды қамтамасыз ету үшін Интернетке немесе мобильді қосымшаға қосуға болады.

Arduino Uno микроконтроллеріне негізделген өсімдіктерді суарудың интеллектуалды жүйесі уақыт пен ресурстарды үнемдейтін және өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін өсімдіктерді суару процесін автоматтандыру және оңтайландыру үшін тиімді шешім болып табылады.

Қорытындылай келе, Arduino UNO микроконтроллеріне негізделген интеллектуалды өсімдіктерді суару жүйесі заманауи технологияның өмірімізді жеңілдетуге және ыңғайлы етуге қалай көмектесетінінің тамаша мысалы болып табылады. Бұл өсімдіктердің өсуі үшін оңтайлы жағдайларды сақтауға, суды үнемдеуге және оларға күтім жасауды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Егер сіз көгалдандыруға қызығушылық танытсаңыз немесе кеңсеңізді

жасыл желекпен жандандырғыңыз келсе, Arduino Uno негізіндегі ақылды суару жүйесі тамаша шешім болуы мүмкін.

Өсімдіктерді интеллектуалды суару жүйесінің негізгі функциялары мақалада егжей-тегжейлі талқыланады. Оларға топырақтың ылғалдылығын автоматты түрде бақылау, суару параметрлерін реттеу және т.б. Сондай-ақ, Arduino Uno микроконтроллері негізіндегі өсімдіктерді суару жүйелерін су мен энергияны үнемдеу, өсімдіктердің өнімділігі мен сапасын арттыру сияқты артықшылықтарын көрсету үшін дәстүрлі суару әдістерімен салыстыру жүргізіледі.

Мақаланың нәтижесінде Arduino Uno микроконтроллері негізіндегі өсімдіктерді суарудың интеллектуалды жүйесін пайдалану суару шығындарын азайтуға, өсімдіктердің өсуіне оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етуге және олардың өнімділігін арттыруға көмектесетін тиімді және ыңғайлы шешім екендігі дәлелденетін болады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ким И.И. Разработка системы автоматизации полива растений на основе микроконтроллера Arduino Uno // Информационные технологии и системы управления. – 2020. – № 51(4). – С. 553-561.
- 2 Маркевич А.В. Применение микроконтроллера Arduino Uno для управления системой полива растений // Электроника и электрооборудование. – 2018. – № 3. – С. 107-112.
- 3 Интеллектуальная система полива растений с использованием Arduino Uno // Доступно по ссылке: [[https://www.eltech.ru/ru/university\\_taken/participation/science/intellectual-system-for-moistening-plants](https://www.eltech.ru/ru/university_taken/participation/science/intellectual-system-for-moistening-plants)]
- 4 Ахметов Л.М. Разработка системы анализа влажности и температуры в помещении на базе микроконтроллера // Инновационные технологии, экономика и менеджмент в промышленности: сборник научных статей IV международной научной конференции. 22-23 апреля 2021 г. Часть 1: материалы конференции. – Волгоград: ООО «Конверт», 2021. – 248 с.
- 5 Денисов С.Ю. Устройство для автоматического полива растений на платформе Arduino / С.Ю. Денисов, Е.Е. Симаков // Юный ученый. – 2017. – № 3(12). – С. 40-45. — URL: <https://moluch.ru/young/archive/12/912/> (дата обращения: 09.09.2023).

ҒТАХР: 681.518.3

Д.О. Кожаметова<sup>1</sup>, Е. Р. Советбаев<sup>2</sup>, Д.О. Кожаметова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,

Қазақстан Республикасы, Семей қ., [sovetbayev.sr@mail.ru](mailto:sovetbayev.sr@mail.ru)

<sup>3</sup> Семей қаласы №6 гимназия, Қазақстан Республикасы, Семей қ.

### БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

**Аннотация:** Ұсынып отырылған мақаланың мақсаты жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) бойынша білім алушыларға бағытталған оқу бағдарламасының моделін зерделеу болып табылады.

**Кілт сөздер:** Баламалы энергия көздері технологиясы, жаңартылатын энергия көздері, кәсіптік білім, күн коллекторлары, күн энергиясы.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта көптеген әлемдік державалардың саясаты экономиканың энергетикалық тиімділігін арттыруға бағытталған. Энергетиканың даму дәрежесі қоғамның өндірістік күштерінің даму деңгейін, ғылыми-техникалық прогрестің мүмкіндіктерін және халықтың өмір сүру деңгейін көрсетеді [1,2].

Жаңартылатын энергетикада жоғары білікті инженер-мамандар жұмыс істеуі тиіс. Гидроэнергетика және жел энергетикасы мамандары үшін гидро – және аэродинамика негіздерін, күн энергетикасы мамандары үшін термодинамиканы, қатты дене физикасын,

жартылай өткізгіш электроникасын терең зерттеу қажет. Барлық энергетикалық мамандықтар үшін электротехниканың, радиотехниканың, микропроцессорлық техниканың, автоматты басқару жүйелерінің, математикалық модельдеудің теориялық негіздерінің толық курсың зерделеу қажет [3-5].

ЖЭК саласындағы білім сан қырлы және әртүрлі білім салаларын біріктіруді талап етеді. Жаңартылатын энергетика объектісі бірегей табиғи-техникалық кешен болғандықтан, ЖЭК саласындағы инженер физика-математикалық даярлықты, техникалық және технологиялық пәндерді, электр энергетикасы мен құрылыс, автоматтандыру және басқару, микропроцессорларды, электрониканы, сондай-ақ экология мен экономика саласындағы білімді біріктіруге мүмкіндік беретін кең политехникалық білімге ие болуы тиіс [6-8]

**Әдеби шолу.** Жаңартылатын энергия көздерінің оқу үрдісіндегі мәселелерін зерттеуге арналған бірқатар заманауи ғылыми жұмыстарға шолу шасалынды. Айта кетсек, автор [3] ұсынысында басты назарды оқу үрдісіне халықаралық байланыстарды дамыта отырып энергия заңнамасын дамыту және жаңа энергияны тиімді технологияларды енгізуге негізделген. Жаңартылатын энергетика саласында математикалық, техникалық фундаменталды дайын біліктілігі жоғары инженер мамандар жұмыс істеулері тиіс. Ол үшін, ЖОО білім алушылар микропроцессорлық техника мен автоматты басқару жүйесін жетік меңгерулері тиіс деп толықтырған.


Авторлардың [4-6] жұмысында жоғары оқу орнында жаңартылатын энергия көздерін ары қарай қолдану мақсатында ауқымды ғылыми - оқу стендтері мен қондырғыларын орнату арқылы оқу процесінің материалдық базасын жетілдірген. Онда білім алушылар алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыда бекітіп, жергілікті жағдайларға бейімделген қондырғылардың жаңа түрлерін әзірлейді. Технологиялардың дамуы мен ақпараттың өсіп келе жатқан көлемі жаңартылатын электр энергиясы технологиясын адам қызметінің барлық салаларына белсенді енгізуге мәжбүр ететінін атап көрсетеді. Жаңартылатын қондырғылардың жылдам әрекет ететін цифрлық мониторинг жүйесінің көмегімен зерттеулерді орындаудың кең мүмкіндіктері көрсетілген. ЖЭК технологияларын енгізудің алдыңғы кезеңдерінің тәжірибесіне жүргізілген талдау осы процестің үздіксіздігі мен дамуын көруге мүмкіндік береді.

Осы мақсатта білім алушылардың «Шеврон Мұнайгаз Инк» компаниясының қолдауымен АОО «Назарбаев университеті» ұйымдастыруымен «Sustainability Living Lab: Outreach» бағдарламасы аясында жетілдірілген «Гаджеттерді зарядтауға арналған күн беседкасы» қарастырылды.

Экобеседканы университет алдында орнату үшін білім алушылар ең алдымен күн сәулесі жақсы түсетіндей аумақты таңдап алу үшін есептеулер жүргізді. Есептеулер қарапайым формулаларға және автономды электрмен жабдықтау жүйесінде пайда болатын шығындарға төзімділікке негізделген. Аккумуляторлардағы энергияның ең аз қоры тәуліктің қараңғы уақытында жүктемені қамтамасыз етуі тиіс. Егер күн батқаннан таң атқанға дейін жалпы энергия тұтыну 3 кВт/сағ болса, онда батарея банкінде осындай қор болуы керек. Оңтайлы энергия қоры объектінің күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек. Егер жүктеме 10 кВт/сағ болса, онда мұндай сыйымдылығы бар банк 1 бұлтты күнді еш қиындықсыз «отыруға» мүмкіндік береді, ал күн шуақты ауа-райында ол 20-25%-дан аспайды, бұл аккумуляторлар үшін оңтайлы және олардың тозуына әкелмейді. Мұнда біз күн панельдерінің қуатын қарастырмаймыз және олардың батареяларға осындай заряд бере алатындығы үшін таңдаймыз.

Күн панелі бірнеше біріктірілген фотоэлектрлік түрлендіргіштерден (фотоэлементтер) тұратын, күн энергиясын тікелей электр тогына айналдыратын жартылай өткізгіш құрылғылар. 250 Вт күн панелі батарея аймағындағы күн модулдерінің максималды тығыздығына ие. Қуаты 250 ватт болатын 2 күн панелін резервтік қоректендіру көзінің микро-желісін құра отырып, өзара біріктіру керек. Бұл екі (бұлтты) күн ішінде 75-100 телефонды батарея қуатының 75 пайызына дейін зарядтау үшін жеткілікті. Көктемде немесе күзде жақсы ауа-райында күн панельдерінің мүмкіндіктері екі есе артады. Жазда, күн ыстық

болған кезде, күн батареяларының батареяларын зарядтау деңгейі тәулік бойы дерлік жоғары болып қалады (сурет 1).



Сурет 1 – Күн батареяларын қосу схемасы

Инвертор-тұрақты токты айнымалы токқа түрлендіруге арналған құрылғы. Бұл әдетте синусоидаға жақын немесе дискретті сигнал түрінде периодты кернеу генераторы. Кернеу инверторлары жеке құрылғы түрінде қолданылуы мүмкін немесе айнымалы токтың электр энергиясымен аппаратураны үздіксіз қоректендіру көздері мен жүйелерінің құрамына кіруі мүмкін, шамадан тыс жүктеме қорғанысы, қысқа тұйықталудан қорғау, қызып кетуден қорғау, үлкен кернеуден қорғау, 2 суретте жобаға қажетті жабдықтар таңдалынып алынды [9,10].



Сурет 3 – Күн беседкасына қажетті негізгі жабдықтар

Білім алушылардың еңбектерінің нәтижесінде ноутбуктер мен гаджеттерді зарядтауға арналған күн коллекторларымен жабдықталған USB порты бар экобедка жетілдірілді. Демалатын орын жұмыс үстелмен беседка түрінде, гаджеттерді зарядтауға арналған USB порты бар күн батареяларымен жабдықталған. Беседкада батареяны зарядтауға арналған екі күн панелі орналастырылған.

**Қорытынды.** Білім алушылардың ізденістерімен, мәліметтер негізінде күн энергиясын қолдана отырып, электр энергиясын өндірудің оңтайландырылған схемаларының нұсқалары арқылы гаджеттерді зарядтауға арналған демалыс орны жетілдірілді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Антонов О.Б. Зеленая энергетика Казахстана в 21 веке: мифы, реальность и перспективы. Самиздат. 2014 г.
- 2 Исмаил Ж.Т. Мектеп ғимараттарында энергия үнемдеу / Ж.Т. Исмаил // Молодой ученый. – 2022. – №49(444). – С. 552-555.

- 3 Шогенов А.Х., Стребков Д.С. Образование в области солнечной энергетики в условиях глобализации экономики. Образование и подготовка специалистов в области возобновляемых источников энергии: проблемы и перспективы XXI века. Материалы Международной школы-семинара ЮНЕСКО. – М., 2003. – С. 110-115.
- 4 Елистратов В.В. Проблемы подготовки кадров для возобновляемой энергетики России в условиях реформы системы образования / В.В. Елистратов // Energy Buletен. – 2013. – № 16. – С. 32-34.
- 5 Щеклеин С.Е., Немихин Ю.Е. Цифровые технологии при изучении студентами источников возобновляемой энергетики / С.Е. Щеклеин, Ю.Е. Немихин // Международный научный журнал «Альтернативная энергетика и экология». – 2012. – № 3(107).
- 6 Гареева М.Б., Гареев Р.И., Чуйкин Д.Ю. Игровые технологии в учебном процессе с применением компьютерного симулятора «Возобновляемые источники энергии». Современные проблемы науки и образования. – 2022. – № 5. – С. 19.
- 7 Kacan E. Renewable energy awareness in vocational and technical education / E. Kacan // Renewable Energy. – 2015. № 76. – pp.126-134.
- 8 CarNet (n.d). Энергетика и возобновляемые источники энергии в Казахстане. Региональный экологически центр Центральной Азии.
- 9 Xingwei W., Liang G. How to Promote University Students to Innovative Use Renewable Energy? An Inquiry-Based Learning Course Model / W. Xingwei, G. Liang // Sustainability. – 2021, № 13. – pp. 1418-1437.
